Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан отбасы мен мектеп тәрбиесінің мақсаты және өзара әрекеттестігінің дәстүрлерін, әдістері мен құралдарын жинақтап, оны бүгінгі оқушы тұлғасын тәрбиелеуде оқу-тәрбие үрдісінде ұтымды қолдану – уақыт талабы болып табылады. Өткен дәуірдің мұрасы (Орхон-Енисей жазулары) тағылымдарында, және әрбір дәуірдегі тұлғалар еңбектерінде жан-жақты мағлұматтар берілген. Яғни:

«...Еліміз қайта ел болды,

Халқымыз қайта халық болды», - деген жолдардан тәрбиелік маңызы зор [51, б. 58].

Бумын қағанның баласы Мегенің жат жұртқа бір уыс топырақты беруге болмайтыны туралы түркілерге өсиет ретінде қалдырған: «Топырақ – халықтың негізі, оны беруге болмайды!» - деген даналық сөзі басқаларға жерді

тапталпау, туған елден айырылмау, отбасын қорғау, бауырмалдық қасиет түркілердің аса киелі дәстүрі болғанының куәсі деп білеміз [52, б. 87].

Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») кітабында түркі халықтарының отбасындағы тұрмыс-тіршілігі және тәрбиелік істері жайында баяндалады. Мұнда бауырмалдық, отбасындағы әкенің тәрбиесі жайында: «балам, әкеңнің ақылын тыңдасаң, елге сыйлы боларсың. Өсиетті ұғып өссең, елге танымал азамат боларсың», - деп айтылады [53, б. 9].

Жүсіп Баласағұнидің отбасы тәрбиесіне арналған тағылымдық еңбектері өте бай және көркем жазылған. Оның «Құтадғу білік» («Құтты білік») атты дастанының тәрбиелік маңызы зор. Мұнда ізгілік, кісілік, сөз өнері секілді жақсы қасиеттерге тәрбиелеу туралы баяндалады. Мысалы:

«Ай маңдайлы ұл-қыз туса алдыңда,

Үйіңде өсір, бөтен жерде қалдырма.

Тәрбиеші ал ізгілікті, әдепті,

Ұл-қыз жақсы, таза болып өседі», - деп, өнегелі отбасы туралы тұжырымды ой-пікірлер айтады [54, б. 421-422].

Сондай-ақ түркі тілдес халықтардың ойшыл қайраткері отбасының ізгілік қатынасы туралы Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») атты адамгершілік, Алла Тағалаға құлшылық ету, дінге берік болу, елін қорғау туралы отансүйгіштік тәлім-тәрбие бағытындағы ой-пікірлерге негізделген. Әдетте жеке тұлғаның бойынан табылуы тиіс ізгілік, отбасындағы тәрбиеде «негізі сабырлылық, төзімділік, шыдамдылық қасиеттерден тұрады» деп түсінік беріледі [55, б. 58].

Отбасы тәрбиесі мен Атамекенді құрмет тұту мәселесі XV-XVIII ғасырлардағы жыршы-жыраулардың да толғауларында көрініс тапқан. Асан Қайғы (шын аты Хасан Сәбитұлы) 1361-1370 жылдары Еділ бойында өмір сүрген. Деректерде оның туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Оның отбасы тәрбиесі туралы толғауларында адамға деген мейірімділік, қайырымдылық, сүйспеншілік қай жағынан болса да бірін-бірі толықтырып жатады, туған-туыстарымен тіл тигізбейтін татулық сезімді насихаттайды. Жырау бірде: «Ғылымым жұрттан асты деп кеңессіз сөз бастама», - дейді [56, б. 31].

Қазақтың ағартушы педагогы Ы. Алтынсарин қазақ балаларына оқу-тәрбие бере отырып, елдік, ізгілік қасиеттерді дарытып, тек қана заман ағымына сай азаматтарды тәрбиелеудің маңызына көп көңіл бөледі. Ұстаздың балалармен қарым-қатынасы туралы: «балалармен қысқа, байсалды, ашуланбай сөйлесу, әрбір пәнді бар пейілмен және қарапайым тілмен, екі ұшты мағыналы сөздерсіз, әрі қатесіз терминдерді араластырмай түсіндіріп, жақсы қарым-қатынас орнату керек», - дейді [57, б. 113].

Ыбырай Алтынсарин отбасы тәрбиесіне арналған «Жомарт» шығармасында балаларды еңбекке баулудың мәні туралы айтқан болатын: «Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киімдерді киіп, отын кесіп, шөп тасып, жұмыс қылады екен. Сонда біреу сұрапты: өзінде байлық бәрі бар, неге жаман киініп жұмыс жасап, жүрсің? - деген. Оған Жомарт былай дейді:

Оның біріншісі, байлық адамдарды аздырып, бейшара адамдардың жағдайын ұмыттырады, соны есте сақтау үшін. Екіншісі, бар бола тұрып, мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер ғибрат алсын деймін. Үшіншісі, күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған нанның тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі, Құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі боламын деп қорқамын», - дейді. Шын мәнінде осы әңгіме мазмұнында қаншама тәрбиелік өнегелерді сыйғызып, қарапайым тілмен жеткізе білген [58, б. 116-117].

Белгілі педагог Ыбырай Алтынсариннің «Өмірдің негізгі мәні – еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін мәртебелендіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады. Мәнсіз еңбек, мағынасыз бейнетқорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын көре білу – кісіліктің басты белгісі» деген кемел ойының өзіндік орны ерекше болып табылады. Ойымызды нақтылай келе, Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында ұлттық мектептің қыптасуына терең із қалдырған ұстаз, кеменгер және ұлт болашағын ойлаған ғұлама деп білеміз.

Абай Құнанбайұлы «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» сынды жеке тұлғалық жақсы сапаларды қалыптастыру мақсатын қойып, «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» деген зиянды әдеттерді жоюға шақырады. Сондықтан ақын шығармаларының негізгі бағыты ұлт болмысын айқындауға құрылған. Бұл тұрғыда зерттеуші ғалым М.Мырзахметов: «Абайдың халық арасындағы орасан зор ықпалы бар әдеби мұрасын халықтың ой-санасын, азаматтық сезімін ұштап жетілдіру бағытында, қазақ елін топқа, тапқа жіктемей ағартушылар ұстанған таным тұрғысынан бағалауға ұмтылады. Ол отбасында бала тәрбиесінің, ұлт болашағының негізін қалаушы», - деп келтіреді [59, б. 71].

Отызыншы жылдары қызыл империяның құрбаны болған Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы тәрбие, білім беру, ұлттық тәрбие тақырыптағы шығармаларын құрайды. Оның «Маса», «Қырық мысал», «Ер Сайын», т.б. жырлары қазақ елінің балаға отбасында ұлттық тәрбие беруге бағытталған болатын. Аталған шығармаларда баланың тәрбиесіздігі, надан, ақылсыз болуын сынап, елге қайырымды, ұлтын сүйетін тұлға болуын насихаттайды. Мысалы:

«Қазағым, елім,
Қайқиып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қанауда жаның,

Аш көзіңді оянып», - деп патша өкіметінің озбырлығын сынап, халықты оның әккі саясатынан босанып, тәуелсіздік алуға шақырды [60, б. 79].

Алаш қайраткері, өзінің қоғамдық қызметімен қатар үлкен тәрбиелік мұра қалдырған Әлихан Бөкейханұлының отбасы тәрбиесі, мектеп, тұлғаның

калыптасуы туралы еңбектері орасан зор. Тұлғаны қалыптастыруда тәрбиенің ролі туралы Әлихан Бөкейханұлы өз еңбектерінде жан-жақты түсінік береді. Ол қазақ отбасындағы бесік тәрбиесі, ұл бала мен қыз балаға салт-дәстүр бойынша тәрбие беру мәселесін өз еңбектеріне арқау етті. Оның: «әрбір қазақ баласы өз еліне, халқына адал қызмет ету, бауырларына қамқор болуы керек, сонда ғана біз армандаған қазақ елінің азаматын тәрбиелейміз», - дейді. Аталған тағылымдық сөздерден біз ұлт жанашырының ойын білеміз. Сонымен қатар, тәрбиесіз жинақталған білімнің қоғамға ешбір пайдасы жоқ. Ол былай жазады: «баланы баулыған ұстаз тәрбиелі, шебер болса, өзі де, балаларды әліпбидей оқып, аты бәйгеден келіп, бүркіті түлкі алып қызыққа батады да, қуанады. Оқыған білімі ойына жылдам қонады», - деп келтіреді [61, б. 92].

Ағартушы педагог Жүсіпбек Аймауытұлының жас ұрпақты ұлттық тәрбие мен ізгілікке баулу, отбасындағы психологиялық үйлесімділік, мектеппен ата-аналардың қарым-қатынасына арналған педагогика, психология, мектептегі тәрбие мәселелері бойынша еңбектері бар. Олардың ішінде «Тәрбиеге жетекші» (1924 ж.), «Психология» (1926 ж.), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926 ж.), т.б. ғылыми мұраларын айтуға болады. Тәрбие отбасынан бастау алып, мектептің ұстаздарымен бірге жүзеге асатын күрделі процесс болып табылады. Оның пікірінше: «Дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық, дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның жанын, рухын, жүрегін сауықтырады», - дейді [62, б. 41].

Елдегі тәрбие, білім, дін мәселелерін айтқан қоғам қайраткері, ағартушы Міржақып Дулатұлы болатын. Ол өзінің «Оян, Қазақ!» ұраны арқылы бүкіл Алаш жұртына кеңінен танымал болды. Онда халықтың рухын, елдің еңсесін көтеретін айбынды жыр болатын. Сол кездегі қазақ отбасының бала тәрбиесінде рухы жоғары, патриоттық маңызы зор. Ол өз жырларында:

«Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,
Қазағым, енді жату жарамайды», - деп қазақ халқына тәуелсіздіктің, бостандықтың маңызын түсіндіреді [63, б. 13].

Сонымен қатар, «Бақытсыз Жамал» шығармасында қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесінің ауыр халін суреттеп, қыз балалардың бақытты болуын армандайды.

Мектептегі ұлттық тәрбие мен білім беру мәселесін көтерген ағартушы-патриот Мағжан Жұмабайұлының отбасы тәрбиесінде баланы халық педагогикасы өнегелерімен тәрбиелеуді негізге алады. Оның «Тіршілік көркі ерік», «Қазағым», «Туған жер», «Педагогика», т.б. мұраларында отбасындағы тәрбие мен салт-дәстүрлердің тағылымдық мәні зор екенін баяндайды. Оның:

«Жаратылдым топырағыңнан сенің бүгін.
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан – Айым, сен – Күнім», - деп, туған жердің қадір-қасиетін ұлтжандылық тұрғыдан сипаттайды [64, б. 55].

Ол өзінің «Педагогика» атты еңбегінде балаларды ұлттық тәрбиеге баулып, оның отбасындағы роліне және мақсатына тоқталады: «Тәрбиеден мақсұт – адамды һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты», - деп әлемдік деңгейдегі тәрбиенің құдіретті күшіне баға береді [65, б. 99].

Мағжан Жұмабаев: «Көркем денелі, түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден жақсылық пен ізгілік алып, жаны толқынарлық болса, баланың дұрыс тәрбие алып шын адам болғандығы», - дейді. Оның тағылымдық мұраларының жұрт жанына жақын, жүрегіне жылы тиюінің сыры, ол халқымыздың салт-дәстүріндегі тәрбие құралдары арқылы дәрбес шешім қабылдай алатын азаматтарды тәрбиелеуді негізге алады.

Педагогика тарихы ғылымында бұрынғы КСРО және Қазақстан зерттеушілері отбасы мен мектеп тәрбиесінің мақсаты және өзара әрекеттестігінің проблемасын өз ғылыми зерттеулеріне арқау еткен. Солардың бірі белгілі педагог А.С. Макаренко қиын балаларды тәрбиелеудегі өз тәжірибесіне сүйене отырып: «Жақсы айтылған ертегі – мәдени, отбасы тәрбиесінің тағылымдық бастауы, егер әрбір отбасының кітап сөресінде ертегілер жинағы тұрса, қандай жақсы болар еді», - деп, халық ертегілерінің балаларға отбасында тәрбие берудегі ролін қуаттайды [66, б. 418-419]. Сонымен қатар, А.С.Макаренко тәрбиенің мемлекеттік міндеті негізінде педагогикалық міндет қойып, педагогтардың жұмысын бақылауға алуға болатындығын атап көрсетті. Ол «Тәрбиенің негізгі мақсаты баланы жан-жақты дамыту» деген болатын.

Сонымен қатар, В.А. Сухомлинский өзінің «Азаматтың дүниеге келуі», «Павлыш орта мектебі», т.б. педагогикалық ғылыми еңбектерінде отбасы мен мектеп тәрбиесінің мақсаты мен міндеттерінде тұлға тәрбиесінің маңызына тоқталса [67, б. 428]., Н.И. Болдырев бастауыш сынып оқушыларына отбасында тәрбие берудің алғышарттарына негізделген құнды практикалық еңбектерінде: «отбасы мен бала тәрбиесінде бастауыш мектептің ролі жоғары болу керек», - деп, мектеп оқушыларының моральдық-психологиялық жағынан отбасымен байланысының маңызына тоқталады [68, б. 21].

Ғылыми зерттеулер мен педагогикалық мұралардағы отбасы мен мектеп тәрбиесінің мақсаты және өзара әрекеттестігінің қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына тығыз байланысты болуымен сипатталады. Мұнда осы заманғы тәрбие теориясы мен әдістемесіне, тәрбие мұралары мен рухани құндылықтарға жаңаша бағыт береді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» (2007 жылы) Заңына сәйкес бұл құжаттар еліміздің білім мен тәрбие саласындағы мемлекеттік саясатының негізі болып табылады, онда: «оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі» туралы айтылады да, бірақ нақты тәрбие туралы ұғымдар қатарында анықтамаларда берілмеген [2, б. 9]. Дегенмен, ресми құжаттарда тәрбие туралы кеңінен айтылмаса да, педагогика ғылымының әдіснамасында жан-жақты сипаттамалар бар. Атап айтар болсақ:

1. *Тәрбиенің оқыту мен білім берудің сапасына байланыстылығы.* Оқыту – тұлғаны қалыптастыру құралы. Тәрбиенің мазмұны, түрі және әдісі тәрбиеленушілердің даму дәрежесіне байланысты іріктеледі.

2. *Тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу бірлігі.* Жеке адамның дамуы мен қалыптасуында белсенділіктің рөлі зор. Өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі, тәрбиеші өзін-өзі тәрбиелеуге баланың ынтасын оята алғанда тәрбие жұмысы нәтижелі жүреді.

3. *Педагогикалық процестегі ұжым мен жеке адамның өзара байланысы.* Ұжымның басты борышы – әрбір адамның шығармашылық өсуіне қамқоршы болуымен сипатталады. Ал тәрбиенің принципі дегеніміз – адамның іс-әрекетінде басшылыққа алатын алғышарты, негізгі ережесі. Бүгінгі күннің талабына сай ұрпақ тәрбиесінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін және ұйымдастыру жүйесінің іргетасын қалайтын негізгі қағидаларына негізделеді:

1) *Тәрбиенің идеялығы мен мақсаттылығы.* Себебі, тұлға тәрбиенің қоғамдық мәні мен ұлттық бірлігі арқылы тәрбиелеуі керек. Сонда ғана мақсатты жүзеге асырылады.

2) *Тәрбие барысында жеке тұлғаға қойылатын талап пен көрсетілетін құрметтің бірлігі.*

Жаңашыл ұстаз Құмаш Нұрғалиев: «Мұғалім мен оқушы арасындағы үзілмейтін алтын желі болуы тиіс. Ол баланың ұстазына деген сенімі, мұғалімнің баланы сүйюі», - деген болатын [69, б. 16].

Тәрбиеленушіні құрметтеу және оған талаптар қою – баланың мықты және әлсіз жақтарын біліп, оның өсуіне қажетті жағдайлар жасау. Талап қоюдан оқушыға құрмет, күші мен қабілетіне сенім көрінеді.

Бірлескен іс-әрекетте, орынды ұйымдастырылған ұжымдық жұмыстарда өзара тәуелді, жауапкершілікті қатынастар туындайды, баланың тәжірибе және ұжымдық өмір дағдыларын жиану процесі жүреді.

Жалпы отбасы мен мектептің тәрбие мақсаттары мен өзара әрекеттестігіндегі оқушы тәрбиесі туралы проблемалары шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде де көрініс тапқан болатын.

Атап айтар болсақ, Ресей ғалымы Л.К. Есенева «Разработка проблем семейного воспитания в контексте педагогической психологии (середина XIX – начало XX вв.)» атты ғылыми диссертациялық зерттеу еңбегінде: «Болашақ ұрпақты тәрбиелеу мәселесі әр қоғам үшін өзекті болып табылады. Қазіргі кезде қоғам құндылықтары өзгеріп, жаңа мазмұнға ие болуда. Осыған сәйкес өткен тәрбие теорияларын жаңа қоғам үшін маңызы зор мәнге ие», - деп айырықша көңіл бөле отырып, отбасы тәрбиесінің өзектілігіне назар аударады. Автор тәрбиені қоғам идеологиясы тұрғысынан қарастыра отырып, тәрбие құралдарына, олардың қызметіне тоқталады [70, б. 3].

Ал тәжікстандық ғалым А.К. Гулов «Взаимодействие семьи и школы в нравственном воспитании школьников начальных классов» атты диссертациясында: «Кез келген тұлға қалыптасу барысын отбасы тәрбиесінен бастау алады. Ол ата-ананың берген тағылымы негізінде көрініс береді», - дейді [71, б. 17]. Яғни отбасы тәрбиесі арқылы балаға ұлттық тәрбие берудің мәні зор

деген пікірді ұстанады. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінде ұлттық тәрбиенің маңызына тоқталады.

Сонымен қатар татарстандық ғалым Е.А. Нестерова өзінің «Формирование эффективного родительства через развитие личностной зрелости родителей младших школьников» атты диссертациялық жұмысында: «Отбасында ата-ананың бала тәрбиесіндегі ролі жеткілікті зерттелмеген. Ол заман талабына сай өзгеріп отырады. Сондықтан ата-ананың тәрбие беруіндегі педагогикалық мүмкіндіктері маңызды болып табылады», - деп келтіреді [72, б. 5]. Автор қазіргі кездегі отбасындағы ата-аналардың бала тәрбиелеудегі функцияларын атап өтеді.

Якутиялық ғалым А.П. Колпакова өзінің «Духовно-нравственное воспитание младших школьников в условиях сельского образовательного пространства» атты ғылыми зерттеу диссертациясында: «Ғасырлар бойы қалыптасқан якут отбасының ауылдық жердегі баларына рухани-адамгершілік тәрбиесі отбасында беріледі. Оны мемлекеттік жаңа талаптармен өзгертуге келмейді, керісінше сол құндылықтарды сақтау қажет», - дейді [73, б. 8].

Жоғарыда келтірілген Якутия еліндегі ауылдық жердегі отбасы тәрбиесіндегі адамгершілік құндылықтарға түсініктеме берер болсақ, автор якут этнопедагогикадағы отбасы тәрбиесі маңызды деп санайды.

Қарашай-Шеркес ғалымы Е.А. Иванова болса, өзінің «Семейное воспитание как средство предупреждения правонарушений несовершеннолетних подростков» атты еңбегінде: «Бүкіл әлемде кәмелетке толмағандар арасында қылмыс көбейіп барады. Оның басты себебі – әлеуметтік жағдайлар. Одан шығудың жолы отбасында құқықтық тәрбиені жетілдіру болып табылады. Отбасы мен мектептің өзара әрекетінде бала тәрбиесінде құқықтық тәрбиенің мәні зор», - дейді. Яғни жеке тұлғаның қоғамға, өз отбасында прогрессивті бағытта пайдасын тигізуін қарастырады [74, б. 3].

Сондай-ақ Татарстан ғалымы Т.В. Лушпарь «Психолого-педагогическая поддержка сельской семьи в воспитании детей дошкольного возраста в домашних условиях» атты ғылыми диссертациясы Татарстан елінің тәжірибесіндегі ауылдық жердегі отбасының тәрбие беру проблемасына арналады. Автор отбасы дәстүрі арқылы тәрбие берудің маңызына түсінік бере отырып: «мектеп жасына дейінгі балалардың отбасындағы тәрбиесі өзекті болып табылады. Соның ішінде Татарстан тәжірибесінде балалардың денін отбасында тәрбиелеудің маңызы ерекше, себебі балабақша бәріне жете бермейді. Сондықтан отбасы тәрбиесінің маңызы зор», - деп келтіреді [75, б. 3].

Ресей ғалымы А.Г. Корнилованың «Социальное воспитание школьников в наследно-улушной общине (на материалах республики Саха (Якутия))» деген ғылыми еңбегінде отбасында тәрбие берудің әлеуметтік мәніне түсінік береді: «қоғамда әлеуметтік тәрбиенің маңызды проблемалары дер кезінде шешімін таппады. Отбасы мен мемлекеттің саясаты өз кезінде дұрыс жолға қойылмауынан кедергілер көп болды. Соның салдарынан якут отбасы тәрбиесіне көңіл бөлудің маңызы артып отыр», - деп келтіреді. Демек,

отбасында тұлғаның әлеуметтік тәрбиесі қалыптасатынына үлкен мән беру керек, баланың қоғамдық ортадағы белсенділігі мен білімінің артуы отбасы тәрбиесі мен білім берудің кешенді жүргізілуі арқылы қалыптасады деп тұжырымдайды [76, б. 4].

Чуваш ғалымы И.Н. Федотованың «Теория и опыт использования примера матери в нравственном воспитании младших школьников» деп аталатын ғылыми еңбегінде отбасындағы ананың тәрбиелік роліне түсінік беріледі: «отбасындағы бала тәрбиесінде чуваш халқында ананың роліне баға береді. Мұнда бала тәрбиесімен қатар мектеппен байланысты да жетілдіріп, аналар мектебін құрудың маңызы зор», - деп келтіреді [77, б. 6]. Ғалымның пікіріне түсінік берер болсақ, отбасында ананың тәрбие берудегі маңызына назар аударады.

Орта мектептің оқу-тәрбие үрдісіндегі отбасы тәрбиесінің мәселесіне қатысты Ресей ғалымы Т.В. Коваленко өзінің «Моделирование взаимодействия семьи и школы в условиях современного начального образования» деген ғылыми диссертациясында: «бала тұлғасының қалыптасуында отбасының мектеппен қатынасының маңызы артып отыр. Себебі, бала тәрбиесіне отбасында ата-аналардың және қоғамның факторлары да маңызы зор», - дейді [78, б. 8].

Соңғы кездегі зерттеулердің бірі, тәжік ғалымы М.М. Мамадносированың «Педагогические особенности использования элементов этнопедагогики в нравственном воспитании девочек – подростков в семье» деген еңбегінде: «Тәжік елінде халық педагогикасы негізінде отбасында қыз балаларға ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие берудің маңызы зор. Себебі, мектепте білім мен қатар сабақта тәжік этнопедагогикасы туралы тәрбие сағаттарында қолданудың қажеттілігі артып отыр», - деп түсінік береді [79, б. 3].

Жоғарыдағы ғылыми зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбегін талдау барысында өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтық педагогикасының идеялары мен тәжірибесін, ондағы балалардың еңбек, эстетикалық, адамгершілік, дене, ақыл-ой тәрбиесінің бай тәсілдері мен әдістерін, мектепте халықтық педагогика идеяларын пайдалану қажеттілігін көрсетеді. Тәрбие бүгінгі күні адамның әлеуметтену үрдісі контекстінде жиі қарастырылады. Әлеуметтену деп адамның әлеуметтік қатынастар жүйесіне, әртүрлі әлеуметтік қауымдастықтарға (топ, институт, ұйым) кірігуін түсінеді. Әлеуметтендіру мәдениет элементтерін, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды меңгеру ретінде қарастырылады. Баланың әлеуметтенуі оған әсер етудің көптеген түрлеріне байланысты. Олардың арасында педагогикалық ықпалдарға ерекше орын беріледі. Олар мақсатты бағытымен ерекшеленеді және әлеуметтендірудің табыстылығын қамтамасыз ететін жағдайлар кешенін құруды көздейді. Тұлғаның қалыптасу үрдісі болатын үш саланы бөледі: іс-әрекет, қарым-қатынас, өзін-өзі тану болып табылады.

Адам өсіп-жетілуіне қарай барлық жаңа қызмет түрлерін меңгерумен айналысады, ал бұл әрбір қызмет түрі мен оның арасында болатын байланыс жүйесінде бағдарлай білуді талап етеді. Бұл ретте, әңгіме жеке маңызды ойда,

яғни бастысын анықтау, оған назар аудару туралы болып отыр. Іс-әрекетте жаңа әлеуметтік рөлдерді игеру және олардың маңыздылығын ұғыну жүреді. Тәрбие педагогтың басшылығымен әлеуметтік іс-әрекетке қосу және іс-әрекет мақсаттарын түсіну мен тұлғалық мақсаттарды салыстыру; іс-әрекет тәжірибесін алу; іс-әрекеттің эмоциялық тартымдылығының (үрдістің, аралық нәтижелердің, осы іс-әрекет барысында туындайтын тұлғааралық қатынастар жүйесінің); тұлғаның әлеуметтік іс-әрекетке қосылуының жай-күйінің жетістіктері негізінде жүзеге асырылады деп болжайды. Қарым-қатынас адамның әлеуметтену саласы ретінде іс-әрекетпен тығыз байланысты. Бұл ретте қарым-қатынасты кеңейтуді адамның басқа адамдармен байланысын көбейтуі деп түсінуге болады. Байланыстар әрбір жас шегіне тән. Жеке тұлғаны әлеуметтендірудің үшінші саласы – тұлғаның өзін-өзі тануы – адамның «мен» үлгісінің қалыптасуын көздейді, ол бірден пайда болмайды, өмір бойы көптеген әлеуметтік факторлардың әсерінен қалыптасады. Өзінің «менін» өзін-өзі танудың ең кең таралған сызбасы үш компонентті қамтиды: танымдық (өзін-өзі білу); эмоциялық (өзін-өзі бағалау); мінез-құлық (өзіне деген қарым-қатынасы).

Тәрбие үрдісі барлық үш салаға мақсатты ықпал етуді көздейді. Тәрбиеші тәрбиеленушінің қарым-қатынасын ұйымдастырады және оның өзін-өзі тануын ынталандырады. Тәрбиешінің осы күш-жігері адамның әлеуметтік қатынастар жүйесіне барабар кірігуіне, олардың әлеуметтік рөлдер кешенін меңгеруіне ықпал етеді. Педагогтың міндеті – бала ағзасының (дене дамуы), психиканың (психиканың дамуы) және тұлғаның (әлеуметтік дамуы) дамуына ықпал ету. Бұл даму өмірінің ең басынан басталады. Оған тәрбиешінің (ата-ананың, мұғалімнің), содан кейін, егер жеткілікті табандылық танытса, оған қол жекізуге болады деген баланың да сенімділігі ықпал етеді. Мұғалімдер баланы дамытуда оңтайлы нәтижеге қол жеткізуге бағытталған құралдар кешенін іске асырады. Олар әртүрлі әсерлерді сұрыптайды. Бұл үрдісті басқару деп атауға болады. Онда басқарудың жедел қызметтерінің барлық спектрі іске асырылады: мақсатты болжау, жоспарлау, ұйымдастыру, талдау және т.б.

Осылайша, осы тәсіл аясында тәрбиені жеке тұлғаның даму үрдісін басқару ретінде қарастыруға болады. Дененің даму үрдісін басқару (дене тәрбиесі) денені жетілдіру үшін қажетті тәсілдер мен білімдерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді ұйымдастыруды көздейді. Дене дамуын басқару үрдісінде, табиғи күштерді пайдалану, гигиена ережелерін сақтау (жеке, еңбек, тұрмыстық және т.б.), жаттығу кешенін қолдану негізінде адам денсаулығын нығайту жүргізіледі. Дене дамуы психикалық дамумен тығыз байланысты. Ол адамның, оның даралығы көрінетін барлық маңызды салаларын қалыптастыруға ықпал етеді. Оларға келесі салалар жатады: интеллектуалды, мотивациялық, эмоциялық, ерік-жігер, пәндік-тәжірибелік, экзистенциалды және өзін-өзі реттеу саласы. Бұл салалар дамыған түрде даралықтың тұтастығын, үйлесімділігін, адамның бостандығы мен жан-жақтылығын сипаттайды. Педагогиканың іргелі мәселелерінің бірі тәрбиелеу мақсатын анықтау болып табылады.

Сонымен ойымызды нақтылай келе, біздің ойымызша тәрбие мақсаты – педагогтардың мақсатты ықпалының әсерінен болатын адамда күтілетін өзгерістер, педагогикалық қызмет нәтижесі. Мақсаттар рухани байлықты, моральдық тазалықты және дене мінсіздікті үйлестіретін, үйлесімді дамыған адам идеалы ұстанымымен қарастырылды.

Қазіргі түсініктегі адамның үйлесімді дамуы дегеніміз не? Бұл ең алдымен адамның өзі ұмтылуы тиіс идеал. Сонымен қатар, ол өз қызметінің мазмұнын анықтайтын педагогтың бағдары. Үйлесімді адам адамдарға, өзіне деген ізгілікті қарым-қатынасымен, жоғары адамгершілік пен руханилығымен ерекшеленеді. Бұл ретте үйлесімді дамыған адам тек идеал, сонымен бірге осы идеалға қайшы келмейтін нақты мақсаттарды анықтау үшін бағдар екенін анық елестету керек.

Тәрбие мақсаты оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттерінде педагогтардың қатысуымен жүзеге асырылады. Бұл ретте тәрбие үрдісі тұтас педагогикалық білім беру мекемесі оқу және оқудан тыс уақытта ұйымдастырылады.

Оқыту және тәрбиелеу үрдісін тұтастық тұрғысынан қарастыру В.С. Ильиннің тұжырымдамасына сүйенуді көздейді: «педагогикалық процестің тұтастығы оған жетілуі, даму және қызмет етудің жоғары деңгейі болып табылады» дейді [80, б. 103].

Философтар біртұтастыққа белгілі бір идеалға сәйкес келетін өзінің дамуында кемелдікке, аяғына жеткен жүйелерді жатқызады. Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық үрдіс өзінің барлық функцияларын (дамыту, оқыту, тәрбиелеу) үйлесімді іске асыруды қамтамасыз еткен кезде тұтас болып табылады. Педагогикалық үрдісін тұтастығының мәні – оның барлық бөліктері мен қызметінің негізгі міндетке бағыныштылығында: біртұтас адамды қалыптастыру – даралықтың, жеке тұлғаның, ағзаның үйлесімді дамуы (дене денсаулығы).

Жалпы философтар, педагогтар, психологтардың отбасы мен мектеп тәрбиесінің мақсаты және өзара әрекеттестігі туралы зерттеулерінде жан-жақты, әртүрлі қырынан талданған болатын. Сонымен қатар, белгілі педагог П.П. Блонский «Тәрбие мақсаты – балаға отбасында жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениетті меңгеруге көмектесу, жеке тұлғаның жалпыадамзаттық идеалдарын қалыптастыру», - деген болатын. Негізінен отбасынан бастау алатын жалпыадамзаттық идеалдардың маңызы зор болып табылады [81, б. 89].

Қазіргі кезде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың тұтас тәсілі неде? Біріншіден, педагогикалық ұжым деңгейінде әрбір педагогтың жалпы мақсатқа жұмыс істеуі – көмектесуі емес, атап айтқанда жалпы мақсатқа жетуді қамтамасыз етуі. Екіншіден, әрбір сабақта оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін кешенді шешуде, сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар жүйесінде әрбір бөлім (сабақ, іс-шара) тұтастыққа (үрдіс) жұмыс істеуі. Үшіншіден, тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу, білім беру мен өзін-өзі жетілдіру бірлігінде. Төртіншіден, тек қана бірлескен қызмет емес, педагог пен оқушылардың белсенді өзара іс-әрекеті (педагогикалық өзара әрекеттесу) болуы тиіс.

Демек, өзара әрекеттесу – педагогикалық жүйе элементтері арасында байланыс орнату: ақпараттық (ақпарат алмасу), ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік (бірлескен іс-әрекет әдістері), коммуникативті байланыс (қарым-қатынас), басқару және өзін-өзі басқару байланысы.

Осылайша, оқу-тәрбие үрдісінің тұтастығы оның ішкі бірлігімен, байланыстылығымен, сапалы анықтығымен, оқушыларды оқытудағы, тәрбиелеудегі, дамытудағы жоғары нәтижелерімен сипатталады. Педагогикалық үрдістің тұтастығы оған үнемі тән сипат емес – ол салыстырмалы және оның барлық функцияларын сәтті жүзеге асырған кезде нәтижеге қол жеткіземіз. Үрдістің тұтастығы оның функцияларының бірлігінде (оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттандыру, кәсіптендіру, әлеуметтендіру) көрсетіледі.

Тұлғаның қалыптасуында не маңызды: отбасы немесе қоғамдық тәрбие (балабақша, мектеп, қосымша білім беру мекемелері және басқа білім беру ұйымдары) туралы пікірталас бұрыннан келе жатыр. Кейбір ұлы педагогтар отбасы десе, басқалары қоғамдық мекемелерге артықшылық береді.

Мәселен, Я.А. Коменский «Ана мектебі» деп бала ананың аялы алақанынан және мейірімді сөзінен алатын тәрбиенің жүйелілігі мен жиынтығын айтады. Ана сабақтары – кестедегі қоңыраусыз және демалыссыз жүзеге асады делінген. Я.А. Коменскийге педагог-гуманист И.Г. Песталоцци қосылады: «отбасы – шынайы тәрбие негізі, ол іспен үйретеді, ал сөз тек толықтырады, мүлдем өзгеше әсер шығарады. Отбасылық тәрбиенің басты ерекшелігі ерекше эмоционалдық микроорта деп танылады, оның арқасында баланың өзіне деген көзқарасы қалыптасады, бұл оның өзін-өзі бағалау сезімін анықтатады. Отбасында бала еліктеуге мысалдар табады, мұнда оның әлеуметтік тұрғыдан дүниеге келуі», - дейді [82, б. 298].

Бүгінгі күні отбасы – бұл адам өзінің құндылықты бағдарлары мен өмірлік ұстанымдарын алып шығатын, онымен өмір бойы ажырамас байланыста болатын, мүмкін, жалғыз, бірегей қауымдастық. Отбасындағы тұлғааралық қарым-қатынас және отбасы құндылықтары тұлғаның жеке дамуын анықтайды. Отбасынан, алдымен ата-ананың, содан кейін өзінің, көбінесе адамның жеке бақыты, оның кәсіби және шығармашылық қызметі байланысты.

Отбасы мәселелері, оның барлық уақытта даму заңдылықтары әлеуметтануды, философияны, құқықтануды, педагогиканы, психологияны, медицинаны және басқа да көптеген ғылымдарды терең зерделеу пәні болып қала береді. Бұл түсінікті, өйткені отбасы көп жағдайда адам мәдениеті мен тұрмысының одан әрі дамуын анықтайды.

Олай болса, отбасы – бала туғаннан бастап, қалыптасатын қоғамның бірінші құрылымы. Туғаннан алты жасқа дейінгі кезең ата-аналарға қатты тәуелділігімен сипатталады. Бала өзіне жақын үлкендерге еліктеп, белгілі бір жеке қасиеттерін, өзінің және өзгенің бағалау критерийлерін қалыптастырады. Бала үшін маңызды ересектер, ең алдымен, ата-аналары. Қарым-қатынас барысында қарым-қатынас стилі, отбасы тәрбиесінің дәстүрлері белгіленеді,

соның нәтижесінде бала отбасында, ал одан әрі қоғамда өзінің маңыздылығын түсінуі тиіс. Ақылға қонымды және әрекеті ата-ана мейірімі, сезімдерсіз, балаға қамқорлығынсыз, жас тұлғаның эмоциялық, адамгершілік және интеллектуалдық іргетасы берік болмайды, ал оның беріктігінен адамның және жалпы қоғамның рухани саулығына байланысты. Жақын адамдар баланы жақсы көргенде, оған жақсы қарайды, оның құқықтарын мойындайды, ол эмоциялық әл-ауқаты, яғни сенімділік пен қорғаныс сезімін түсінеді. Бұл жағдайда дене және психикалық тұрғыда көңілді, белсенді бала дамиды. Эмоциялық әл-ауқат ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала тұлғасының дамуына, оның жағымды рухани-адамгершілік қасиеттерінің, басқа адамдарға мейірімді қарым-қатынасының туындауына ықпал етеді. Отбасында өзара махаббат жағдайында бала өзі сүйіспеншілікке үйренеді. Эмоционалдық жағдай, көңіл-күй баланың қоршаған әлемді, әлеуметтік жағдайды қалай қабылдайтынына елеулі әсер етеді.

Балаға жақын әлеуметтік-мәдени ортасындағы ересектердің қарым-қатынас стилі балалардың қалыптасуына әсер етеді. Осылайша, баланың ересек адамның өзіне деген оң қарым-қатынасының сенімсіздігі немесе керісінше, оның жеке тұлға ретінде теріс бағалауына сенімділігі оның мазасыздығы мен агрессивтілігін тудырады.

Ересектер (оның ішінде мұғалім) мен бала арасындағы позитивті эмоционалдық қарым-қатынастың ұзақ тапшылығы баланың оған жалпы адамдардың оң қатынасының сенімсіздігін тудырады, бұл эмоциялық сәтсіздік сезімін және басымдылық сезімін тудырады. Ал бұл өз кезегінде сыртқы әлемге (күрдастарына, педагогтарға) қатынасына агрессияны тудыруы мүмкін. Балада маңызды ересектермен қарым-қатынас тәжірибесінің ықпалымен тек өзін және басқаларды бағалау критерийлері қалыптасып қана қоймай, сонымен бірге маңызды қабілет – басқа адамдарға қайырымды болу, басқалардың қайғысы мен қуанышына ортақтасу сезімі, яғни эмпатия сезімі қалыптасады. Дәл осы баланың жақын әлеуметтік-мәдени адамдарымен өзара қарым-қатынас жолға қойылған жүйесінен баланың басқаларға бағдарлауы басталады, сонда й-ақ, ол да қоршаған адамдардың өзін тануын қажет етеді. Балалық шақта іс жүзінде баланың жеке тұлғасы, өзіндік сана-сезімі мен дүниетанымы қалыптасады және баланың эмоционалдық-тұлғалық аясына отбасы мен жақын қарым-қатынас шеңберіндегі адамдардың әсері өте жоғары болып табылады.

Бүгінде біздің қоғамымыз терең экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани дағдарысты бастан кешуде. Тұрақсыз экономика, қоғамның «бай» және «кедейге» күрт бөлінуі, оның үстіне соңғысы басым көпшілікті құрайды, қылмыстың өсуі (соның ішінде балалардың), қоғамды криминализациялау, бұқаралық ақпарат құралдарын коммерцияландыру және осының салдарынан төмен мерзімді бұқаралық мәдениеттің пайда болуы біздің ділімізге жат құндылықтардың көшуі, негізінен тәрбиеге жат келетін зорлық-зомбылықты насихаттау, білімділік пен руханилық деңгейінің күрт төмендеуі, адамгершілік құндылықтардың жоғалуы, отбасының ыдырауы және адамдардың психологиялық қорғалмауы – міне, біздің қоғамды қамтыған күйзелістердің

толық емес тізімі. Тек отбасы кез келген адам үшін өзінің қорғанысын сезінгенде, түсіністікті, қолдауды, махаббатты тапқанда осындай қайталанбас қолайлы жағдай жасауға қабілетті болып келеді.

Қазіргі заманғы мағынада тәрбие үрдісі – бұл берілген мақсатқа жетуге бағытталған тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің тиімді өзара әрекеттестігі болып табылады. Бұл арнайы ұйымдастырылған үрдіспен үнемі жалғасатын бақылаусыз тәрбиенің айырмашылығы. Мақсатты тәрбиеде әрқашан толық болмаса да, тәрбие мақсатқа жететініне және адамға өзіне және қоғамға қажет нәрсені жасауға кепілдік бар. Бақылаусыз тәрбие адамды кез келген жерге апаруы мүмкін. Бұл қазіргі білім беру үрдісін сипаттайтын мақсаттардың бірлігі, оларға жетудегі ынтымақтастық.

Мектеп пен отбасының әрекеттестігіндегі тәрбие үрдісін төмендегідей көрсетеміз:

- Тұлғаның жан-жақты, үйлесімді дамуының мақсатын ескере отыра жеке тұлғаның дамуының интеллектуалды, эмоционалды және ерікті салаларының үйлесімділігі негізінде адамның ізгілік қасиеттерін қалыптастыруына;

- Мектеп оқушыларын ғылым, мәдениет, өнер саласындағы әлеуметтік құндылықтармен таныстыруға;

- Қоғамның демократиялық өзгерістеріне, жеке адамның құқықтары мен міндеттеріне сәйкес келетін өмірлік ұстанымды қалыптастыруға;

- Жеке тұлғаның мүмкіндіктері мен тілектерін, сондай-ақ әлеуметтік талаптарды ескере отырып, бейімділігін, қабілеті мен қызығушылығын дамытуға;

- Жеке және қоғамдық сананы дамыта отырып, мектеп оқушыларының танымдық қызметін дамытуға;

- Білім беру мақсатымен анықталатын жеке қасиеттердің қалыптасуын ынталандыратын жеке және әлеуметтік құнды әртүрлі әрекеттерді ұйымдастыруға;

- Жеке тұлғаның маңызды әлеуметтік функциясын дамыту – өзгермелі еңбек жағдайындағы қарым-қатынас және әлеуметтік шиеленісті күшейтуге бағытталған.

Тәрбие үрдісінің құрылымында педагогикалық мақсатқа сай, жақсы ұйымдастырылған әрекет қаншалықты көп орын алса, тәрбиенің тиімділігі соғұрлым жоғары болады. Бұл тәрбиенің жалпы заңдылықтарының бірі.

Қазіргі уақытта барлық тәрбие институттары тарапынан отбасына аса көңіл бөлінуде. Қазіргі жағдайда қоғам мен мемлекет өмірінің саяси және әлеуметтік-экономикалық қырлары қарқынды қайта құру кезеңін өткеріп жатқан кезде, отбасылық тәрбие жүйесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Отбасына деген терең қызығушылық соңғы онжылдықта отбасының педагогикалық жүйе ретінде дағдарысының белгілері байқалуымен түсіндіріледі. Отбасы қоғам құрылымындағы негізгі қалаушы институт ретінде мемлекеттік ауқымдағы реформаторлық өзгерістерге ерекше сезімтал, өйткені олардың нәтижелері оның өмір сүру, тұрақтылық және тәрбие қызметінің

деңгейінде тікелей көрініс табады. Отбасының әлеуетті мүмкіндіктері, оның өмір сүру әрекеті, құндылық бағдарлары мен әлеуметтік ұстанымдары, балалардың білім алуы мен тәрбиесіне деген қатынасы күрделі өзгерістерге ұшырайды, бұл көбінесе оның бейімделу мүмкіндіктерімен және жаңа жағдайларға үйренуімен байланысты.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 22 сәуірде жарық көрген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» құжатында «жеке тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуы» туралы проблема негізге алынған [83, б. 7]. Қазақстан Республикасында балаларға тәрбие берудің негізгі мақсаты – Қазақстанның егемендігін қамтамасыз ететін, оны дүние жүзіне мойындататын, онымен тең қарым-қатынас жасап, қазақстандық патриотизмді, саяси бостандықты қамтамасыз ететін, нарықтың іргетасын қалап, экономикалық бостандыққа қол жеткізетін, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Ақыл-ой тәрбиесінің басты міндеттері: оқушыларды табиғат және қоғам жайындағы ғылыми білімдермен қаруландыру; ойлау қабілетін жетілдіру арқылы (абстрактілі, ой операцияларын талдау, синтездеу, салыстыру, жинақтау, саралау т.б.) таным іс-әрекетін (іскерлік, дағды, бақылау, жазып алу, өзін-өзі бақылау, т.б.) дамытып, ғылыми көзқарасын қалыптастыру. Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері: ізгілік, адалдық, батылдық, төзімділікті қалыптастыру; адамға сүйіспеншілік, құрмет, қайырымдылық сезімін дамыту; өз Отанын сүйуге, мемлекеттің рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу. Дене тәрбиесінің міндеттері: оқушылардың ағзасын дамыту; жастарды еңбекке, Отанды қорғауға даярлау; төзімділікке, батылдыққа, ептілікке, іскерлікке тәрбиелеу болып табылады.

Сонымен қатар, отбасы тәрбиесінің, ата-ананың әлеуметтік-жауапкершілік қызметі мен іс-әрекеті ретінде басты құқықтық негізі бар. 1989 жылғы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «Бала құқығы туралы Конвенция» – негізгі маңызды құжат. Онда «Балаға, дене жағынан және ақыл-ойының жетілмегендігінен, арнайы қорғау мен қамқорлық, соның ішінде, туылғанға дейінгі және туылғаннан кейінгі тиісті құқықтық қорғау керек» деп келтірілген [84]. Олай болса, баланың өмір сүру, оқу, ойын және салауатты даму құқығын жариялай отырып, аталған Конвенцияда баланың жеке тұлғалық дамуында өзінің дербестігін, даралығын сақтау құқығына ерекше көңіл бөледі. Сондай-ақ баланың ата-анаға деген құқығы да ескеріледі. Ата-ана «баланың мақсат-мүддесі үшін қажетін» орындамаған жағдайда ғана өз құқықтарынан айырылады. Осы Конвенцияға қол қойған мемлекеттер мына міндеттерді орындауы тиіс: ақысыз және бәріне міндетті бастауыш білім беруді енгізу, орта және кәсіби білім алуға жағдай жасау, жоғары білім алуға жол ашу. Сондай-ақ, Конвенцияның 28-тарауында «Мектептегі тәрбие баланың жеке басына құрмет көрсететін әдістер арқылы жүргізілуі тиіс» деп келтіріледі.

Ал біздің еліміздің Ата заңымызда: «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың негізгі құқығы әрі міндеті. Кәмелетке толған

еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті», - деп көрсетілген [85].

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген отбасы тәрбиесінің құқықтық принциптері «Неке және отбасы туралы» (2007) Кодексінде нақтыланған. Онда қазіргі заманғы отбасы құқығының бір некелік, некеге тұрудың бостандығы мен еркіндігі, ерлі-зайыптылардың отбасы қатынасындағы тең құқығы сияқты негізгі принциптері жазылған. Бұл құқықтар отбасы өміріндегі, отбасы ұжымындағы өзара байланысты терең демократияға жол ашады. Аталған Кодексте «Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы» туралы 60-бабында: «Баланың өз ата-анасы тарапынан тәрбиеленуіне, оның тілек-талаптарын орындалуына, жан-жақты дамуына, адамгершілік қадір-қасиетін сыйлауға құқығы бар», - деп нақты келтірілген [86].

Бала ата-ана билігіне тәуелді объект ретінде емес, өзіндік құқық субъектісі ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында елдегі білім беру-тәрбиелік процесті мемлекеттік-құқықтық реттеудің мәселелеріне айрықша көңіл бөлінген. Бұл құжаттың нақты жасалған құқықтық негізі бар, ол ата-аналарға және балаларға, олардың қазіргі заман талабына сай зиялы білім алуына құқықтық кепіл береді. Ата-ана және басқа құқық өкілдері балаларға өмір сүру мен білім алу үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасау керек, баланың жеке тұлғасының интеллектуалды және адамгершілік қасиеттерінің дамуын қамтамасыз етуі қажет. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасында елдегі білім беру мен тәрбие процесін жүзеге асыратын, қызмет етіп тұрған құқықтық негіз бар, отбасының дамуына кепіл беретін терең демократиялық бағытын қамтамасыз ететін құқықтық нормалардың жүйесі жетілген.

Демек, адамның туғаннан бастап толық кемелдікке дейін қалыптасуы аталған тәрбиенің барлығына да қатысты және даму әлеуметтік ортаның ықпалына байланысты екенін әділ көрсетеді. Бұл бағдарламаны жүзеге асыруда отбасы ортасы маңызды рөл ақарады, себебі ол ағзаның тұқымқуалаушылық факторларын түсінуге жақын. Сондықтан қазіргі уақытта рухани және мәдени мұраны жаңғырту кезеңінде халықтың адамгершілік байлығының шоғырлануы ретінде отбасына сүйену қоғамның объективті қажеттілігі болып табылады.

Қазақстандық ғалымдардың отбасы мен мектептің тәрбие мақсаттары мен өзара әркеттестігіндегі мәселесі бойынша ғылыми зерттеулерді жан-жақты, бірнеше тақырыптар аясында кеңінен зерттеді. Солардың қатарында С.С. Қоңырбаева өзінің «Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге этномәдени құндылықтар негізінде даярлаудың педагогикалық шарттары» атты ғылыми диссертациясында отбасы тәрбиесінің ғылыми мәселелеріне сипаттама бере отырып, түйінді проблемаларға тоқталған: «қазақ отбасы, қазақтың отбасы тәрбиесі, бүгінгі қазақ ұлтының ұрпағын отбасында тәрбиелеу зерделеніп, ғылыми тұжырымды ойлармен толықтырылған» [87, б. 140]. Автор жоғарыда көрсетілген отбасы тәрбиесінің қызметтерінің оқу үрдісінде ғана емес, жалпы оқу-тәрбие үрдісіндегі маңызына түсінік береді.

Зерттеуші Д.С. Ешмұратова өзінің «Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие берудің педагогикалық шарттары» атты ғылыми диссертациясында: «Қазіргі кезде мектептің тұтас педагогикалық процесінде халық педагогикасын отбасы тәрбиесінде қолданудың маңызы зор. Негізгі мақсат – жас ұрпаққа қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын меңгерте отырып, ұлттық тәрбиені қалыптастыру», - дейді. Дегенмен, диссертация мазмұнында біз қарастырып отырған мәселелерге қарағанда орта мектептің ұлттық тәрбие берудің басымдық тұстары байқалады [88, б. 11].

Қ. Оразбекұлы өзінің «Қазақ этнопедагогикасындағы отбасы тәрбиесінің педагогикалық шарттары» тақырыбында орындалған кандидаттық диссертациясында қазақ халқының этнопедагогикасындағы отбасында тәрбие берудің мүмкіндіктерін талдап, кейінгі ұрпаққа сабақ, заң ретінде мұра етіп қалдыру жас ұрпақтың ізгілікке тәрбиеленуінің қажеттілігін қамтамасыз ететіндігін айтады және олардың өнеге-өсиеттерінен тәлім алып, оны өмір қажеттілігіне сай пайдаланудағы педагогикалық мүмкіндіктерінің зор екендігін ескертеді.

Сондай-ақ, Қуандық Оразбекұлы «Отбасы институты мен отбасы тәрбиесін жетілдірудің негізінде этнопедагогикалық дәріс сабақтарын ұйымдастырудың маңызына тоқталған», қазақ этнопедагогикасының отбасы тәрбиесіне арналған ғылыми еңбектердің педагогикалық, танымдық мүмкіндіктеріне баға береді [89, б. 24]. Біздің пікірімізше, зерттеуші еңбегіндегі отбасы тәрбиесінің халықтық дәстүр негізіндегі маңызы туралы айтқан ой-пікірлері бүгінде өз мәнінде қолданыс тауып, оқу-тәрбие үрдісінде енгізілуінің қажеттілігі ғылыми-педагогикалық тұрғыдан дәлелденіп отыр.

Ал, З.Б. Қуанышбаеваның отбасы тәрбиесі мен мектептен тыс жұмыстар мәселесін қарастырған «Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында жазылған кандидаттық диссертациясы оқушыларды мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеуде отбасындағы және мектептен тыс жұмыстардың мазмұнын зерттеу нысанасы ретінде алып, қазіргі ұлт мектептеріндегі жас ұрпақтың бойында ұлттық тәрбиені қалыптастыру, салт-дәстүрлерді құрмет тұту, ұлттық мұраларға тағзым ету мәселесін шешуге бағытталады. Бұл туралы автор пікірі: «Бастауыш сынып оқушыларының бойында мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды мектептен тыс жағдайында жүзеге асырудың маңызы зор. Оның негізі отбасы мен мектептің өзара байланысы негізінде қарастыру қажет», - деп тұжырымдайды [90, б. 3].

Сондай-ақ, ұлт мектебінде адамгершілік-ізгілік тәрбиесі негізінде отбасы тәрбиесінің маңызы туралы ғалым І.Ә. Байсерке өзінің ғылыми монографиясында: «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму барысында жеке тұлға өз бойындағы ізгілікті-құқықтық және елін сүйген қасиеттермен ерекшеленуі қажет. Мұның бәрі де әлемдік өркениеттің құндылықтарымен байланысуы тиіс», - деген ой-пікірлерін келтіреді. Профессор І.Ә. Байсерке еліміздің балаларына отбасынан Ата Заңын құрметтеу,

Республика рәміздерін сүю арқылы отбасында тәрбие берудің маңызына тоқталады [91, б. 5].

Отбасы тәрбиесінің қалыптасуы мен дамуына қатысты тұжырымдар мен ой-пікірлер өте ертеден бастау алған. Осы орайда біз түркі халықтарының психологиялық-педагогикалық ой-пікіріне сай қалыптасқан отбасылық тәрбие дәстүрін оның өткен өмірімен, салт-санасымен, тұрмыс-тіршілігімен етене бірлікте, тығыз байланыста қарастырғанын зерделедік.

Ал, зерттеуші Қ.Т. Атемова «Түркі ғұламалары мұраларындағы отбасы тәрбиесі идеяларының қалыптасуы мен дамуы (XI-XII ғғ.)» атты ғылыми диссертациясында: «отбасы тәрбиесінің қалыптасуы мен дамуына қатысты тұжырымдар мен ой-пікірлер өте ертеден бастау алған. Осы орайда біз түркі халықтарының психологиялық-педагогикалық ой-пікіріне сай қалыптасқан отбасылық тәрбие дәстүрін зерделеп, оның өміршеңдігінің мәні зор», - деп тұжырымдайды. Яғни отбасын сүйе білуге, бауырмалдық, ізгілік қатынастарға тәрбиелеу арқылы жеке тұлғаның ой-санасын дамыту мәселесі қарастырылады [92, б. 12].

Қоғам қайраткері, философ А.Ә. Айталы отбасы мен мектептің бала тәрбиесіндегі ролін бүгінгі оқушы тұлғасын тәрбиелеудегі зор мүмкіндігін «Ұлттану» атты монографиясында жан-жақты сөз етеді. Ғалым мемлекет, мәдениет, ұлттық менталитет, дін, тәрбие проблемаларын бүгінгі қоғамдық жағдаймен өзара байланыста қарастыра отырып, қазақстандық патриотизмді жастар бойында қалыптастырудағы этномәдени дәстүрлер ролін жан-жақты талдап көрсетуге тырысады. Автор өз пікірін: «Ұлттың рухани мұралар мен отбасы дәстүрлерін, Ата салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттар арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады», - деп келтіреді [93, б. 81].

Отбасындағы ара-қатынас демократиялық тұрғыда негізделген. Мұндай отбасыларда өзара түсіністік және қамқорлық рухы басым; балалардың әкесі мен анасының қызметі жайлы хабары бар, олардың қиыншылықтары мен жетістіктерін біледі; баланың мектептегі жағдайы да отбасында еркін талқыланады; ата-ана баланы жүйелі оқу іс-әрекетіне үйретеді, күн тәртібін дұрыс құруға көмектеседі, оқуда қиыншылықтар туған кезде көмек көрсетеді; әкесі мен анасы баланың сабақтан тыс уақытына көңіл бөледі; баланың бос уақытын ұйымдастыруына қатысып, оған мақсаттылық пен тиімділік элементтерін енгізеді. Отбасында бірігіп істелінген еңбек, табиғатқа саяхат, спорттық шаралар, кітап оқу – күнделікті және жиі болып тұратын құбылыстар. Ата-ана баланы дұрыс педагогикалық мәдениетке бағыттап оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне әлеуметтік жауапкершілігін түсінеді.

Орташа деңгейде отбасының педагогикалық процесі, жалпы алғанда, қанағаттанарлық күйде, алайда кейбір элементтері, белгілі бір мөлшерде түзетуді қажет етеді. Ата-ана бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қараса да, олардың педагогикалық мәдениеті жеткіліксіз: олар көбінесе тәрбиеде аз әдістерін қолданады (насихат әңгімелер, өнегелік сөздер, т.б.), үй тапсырмасын тексеру анда-санда ғана жүргізіледі. Балалар белсенді, бірақ жеткілікті ұйымдаспаған және мақсаттары анық емес. Отбасындағы өзара қатынас демократиялық принциптерге негізделген, алайда авторитарлық бедел қалады. Отбасы сипатындағы ортақ нәрсе – педагогикалық процесі ұйымдастыруда әртүрлі қиыншылықтардың болуы.

Ата-аналар баланың оқу іс-әрекетіне көңіл бөлгенімен, олардың тиісті педагогикалық мәдениеті жоқ. Оқудың маңыздылығын мойындай отырып, олар баланы күштеу және қатал бақылау арқылы оқуға мәжбүрлеуге тырысады. Баланың оқуға деген қызығушылығын дамыту, балаға көмек көрсету ата-ана үшін қиындық туғызады. Олар, сондай-ақ баланың сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастыруға қиналады. Бос уақытты бірге өткізу кездейсоқ болады. Онда жүйелілік пен педагогикалық бағыттылық жоқ. Авторитарлық, оқушыға ықпал етудің педагогикалық негізі жоқ тәсілдерін қолдану, әкесі мен анасы арасында бөлісу отбасында орын алады.

Төмен деңгей отбасының іс-әрекетінде алауыздықпен, ата-ананың нашар педагогикалық мәдениеті, бала тәрбиесіне деген жауапкершіліктің жоқтығы, педагогикалық сауатсыздығымен сипатталады. Балалардың үлгерімі төмен, олар үшін отбасылық өмірдің қызығы жоқ, балалардың әуестіктері кездейсоқтық сипатқа ие, баланың араласатын ортасының оларға кері әсері өте үлкен. Ата-аналар өз міндеттерін тек қана оқушыны қаржы жағынан қамтамасыз ету және бақылаудың жалпы қызметтерін атқару деп түсінеді. Олар мектеппен жүйелі түрде байланыс жасамайды, педагогтар кеңесін ескермейді. Оқушының оқудағы, тәртібіндегі кемшіліктерді мұғалімдердің төмен жұмыс істеуімен түсіндіреді. Отбасының тәрбие жұмысын зерттеуді ұйымдастыру өте маңызды. Ол мектеп құжаттарын (оқушылар сипаттамасы, сынып журналы, медициналық карталар) зерттеу мен талдаудан басталады. Бұл әдісті қолданғанда алдын ала жоспарланған мәселелер бойынша материалдар жинау

кажет. Отбасы туралы алғашқы мәліметтерді «Менің отбасым», «Біздің отбасымыздағы демалыс күні», «Менің үйдегі міндеттерім», «Оқушының отбасындағы бір күні» атты шығармаларды жаздыру арқылы алуға болады. Оқушыларға сұрақтар беру олардың ойымен шынайы ақпарат алу, шығармалар арқылы ата-аналардың азаматтық көзқарасы, отбасының рухани өмірі, оның мүшелерінің өзара қатынасы, балаларға деген қатынасы туралы білуге болады. Шығармадағы отбасы туралы мәліметтерді ата-анадан (ата-аналар жиналысында өткізілгенде) сұрақ-жауап арқылы алынған материалдармен салыстырып, қайта тексеру керек. Бұл екі әдісті (шығарма мен сұрақ-жауапты) оқушылар мен ата-анадан объективті ақпарат алу үшін бір уақытта өткізу керек. Жетістіктер пен кемшіліктердің себептері айқындалып, мектеп пен отбасының бірлескен қызмет-әрекетінің болжамы анықталады.

Демек, отбасы – іштей тұрақты, тұйық ұжым. Сондықтан оны зерттеуде белгілі бір қиыншылықтар ұшырасады. Отбасының сипаттамасы туралы мәліметтер алу мақсатында бақылаулар мен әңгіме жүргізу әдістері қолданылады. Әңгіме кезінде мақсатты түрде белгілі бір жоспарды ұстану керек. Ата-анамен әңгімелер өнері мұғалімнен өте жақсы дайындықты талап етеді. Әңгімелесіп отырған адамның бет-әлпетінен, қойылған сұрақтарға қатынасынан оның психологиялық жай-күйін білуге болады. Отбасы мүшелерінің арақатынасы мәселелерін анықтаудың аталған әдістерден басқа тағы бір жолы «Менің отбасымның суреті» әдісін бастауыш сыныптың 10-11 жаста өткізу тиімді. Оқушыларға «Өз отбасыңның суретін сал», «Біздің үйіміз» деген тапсырмалар беріледі. Бұл әдістің артықшылығы сонда – балалар өз суреттерінде отбасы мүшелерінің арақатынасы туралы ақпаратты өз бетінше, өз қалауымен бейнелей алады. Алайда оның объективтілігі күмән келтіруі мүмкін, оған бірнеше себеп бар: көзбен көру-моторлық сипаттың жетіспеуі (бала адамдардың суретін сала алмайды, сондықтан өз отбасын салудан бас тартады), кейде бала өзінің қалауын, тілектерін шындық, ақиқат ретінде теруге тырысады (отбасында жоқ мүшенің суретін салады – оның ата-анасы ажырасқан болса). Сондықтан «Отбасы суреті» арқылы алынған ақпаратты басқа да әдістермен толықтыру қажет.

Осы ұсынылып отырған отбасының диагностикасының әдістері мұғалімге объективті ақпарат алуға және бөлек алынған немесе тұтас сынып отбасыларының ұжымы ретіндегі отбасының тәрбиелік сипатын қарастыруға, оқушылардың отбасылармен жұмысында әдетте кездесетін мәселелерді табуға, ата-аналарға бала тәрбиесін жетілдірудің белгілі бір тұстарын түзетуге, көмектесуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар отбасы қоғамдық қарым-қатынасқа, оның барлық өмірінің үрдісіне ықпалын тигізе алады. Отбасы адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймай, бір қатар әлеуметтік функцияларды орындайтын қоғамның әлеуметтік құрылымы, бір элементі болып табылады. Отбасы мүшелері бір-бірімен тығыз байланыста, ерекше жанашырлық, сүйіспеншілік сезімде болады. Олар бір-бірінің өміріне, тағдырына елеулі атсалыса алады. Бұл жерде бір немесе бірнеше ұрпақ отбасы болып іріктелінеді. Екі ұрпақты

отбасыда: әке мен шешенің, балалардың, ағалардың және қарындас, сіңілілердің рөлі негізделеді. Қазақ отбасындағы мұндай қарым-қатынастар салт-дәстүрлер арқылы жүзеге асырылып, отбасы құндылықтары негізіне шешілген болатын. Сондықтан ұрпақ тәрбиесі арқылы ұлттың тәрбиесіне мән берілген. Сол арқылы ата, әке тәрбиесі арқылы өмір тәрбиесі айқындалды. Қалай болса да әкенің рөлі ананың рөлінен кем болмауы керек. Ол тек әр адамның жауапкершілік сезіміне байланысты болады.

Демек, отбасы қай кезеңде, қай қоғамда болмасын өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасында жас ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі – ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуымен сипатталады. Балалардың отбасындағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады, ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандай да түрі алмастыра алмайды.

Олай болса, отбасы – болашақ азаматтың әлеуметтену жолындағы алғашқы бағыт-бағдар беретін ортасы. Ол балаға моральдық қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі.

Бүгінгі таңда отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Алайда қазіргі қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер отбасына белгілі бір қиыншылықтар туғызады. Яғни, қоғамдағы шынайы қатынастарының дамуы нәтижесінде отбасында айтарлықтай адамгершілік тұрғыдан ересектердің де, балалардың да жаңа құндылық бағыттарын қалыптастырып, отбасы өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Ата-ана мен мұғалімдердің міндеті – қоғамдық қатынастардың жаңа жүйесі ұсынып отырған әлеуметтік мүмкіншілікті дұрыс пайдалану. Мектеп пен отбасы балаларды ұлттық тәрбие мен қоғамдық мәдениетіне үйрету жұмыстарын ойластыру қажет, сондай-ақ отбасында өзінің орнын, бағытын түсіндіру. Ата-ананың маңызды міндеті балаларымен табиғат аясында, бау-бақшада бірлескен іс-әрекетке қатысып, оны бақылау, оларды баланың адалдығын, адамгершілігін, ұқыптылығын дамытатын қызмет көрсетудің әр түрін орындауға үйрету. Жалпы отбасы мүшелерінің бірлесіп еңбек етуі, олардың өміріне жаңа әлеуметтік бағдарлар енгізеді. Жалпы қоғамдық және мектептегі тәрбие отбасы өмірінің тәрбиесіне үлкен әсер етеді.

Қазіргі заманғы мағынада тәрбие үрдісі – бұл берілген мақсатқа жетуге бағытталған тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің тиімді өзара әрекеттестігі болып табылады. Бұл арнайы ұйымдастырылған үрдіспен үнемі жалғасатын бақылаусыз тәрбиенің айырмашылығы. Мақсатты тәрбиеде әрқашан толық болмаса да, тәрбие мақсатқа жететініне және адамға өзіне және қоғамға қажет

нәрсені жасауға кепілдік бар. Бақылаусыз тәрбие адамды кез келген жерге апаруы мүмкін. Бұл қазіргі білім беру үрдісін сипаттайтын мақсаттардың бірлігі, оларға жетудегі ынтымақтастықты қажет етеді.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты – балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген күдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер отбасындағы тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Жалпы отбасында бала үйрету, түсіндіру, біргелікте жасап көру, бірге онымен көбірек сөйлесіп, пікір алмасу қазіргі кезде өте қажетті тәрбие құралы болып табылады. Соның негізінде біз баланың болашағына жол ашып, жетістікке жетуіне мүмкіндік береміз. Балаларды үнемі қолдап, әрбір қуанышын бірге бағалап отырсақ отбасында үйлесімділік пен берекенің бастауы болмақ. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді.

Бала тәрбиесінде отбасының орны ерекше. Оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оған мәдени-әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңесін, тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірибесі, өмірдегі беделі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келген күннен бастап ата-ананың ықпалында болып, өмірге бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады.

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,
Өнерімен қуантады түбінде.
Бала нені білсе жастан, ұядан –
Өле-өлгенше соны таныр қиядан.
Өнер – білім берем десең басынан,
Бер оқуға балаларды жасынан,
Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған,

Жақсы-жаман болса, бала – соларда», - деп, ХІ ғасырда Жүсіп Баласағұн айтқандай, ата-аналар балаларының жеке ерекшеліктерін жас күннен танып, соған қарай бағыт-бағдар, тәрбие берудің маңызы ерекше [116, 32 б.]. Ата-ана балаларына жақсы тәрбие беруде қоғам алдында жауапты. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың балаларының өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сіңімді және негізді.

Ата-ана бала тәрбиесіне ерекше мән беруі қажет. Бала ата-ана тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Хакім Абай Құнанбайұлы жетінші қара сөзінде

былай дейді: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Яғни биологиялық қажеттілікті, ал екіншісі рухани қажеттілікті мұрат тұтады. Кез келген нәрсені сұрап, оған танданып, ізденіп, кез келген құбылыстарды бақылап, әртүрлі сұрақтар қойып білуге құмар болуы мүмкін. Мұның бәрі өмірге жаңа келген нәрестенің жан құрамы, «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен», - деген [117, б. 32].

Ата-ана балаға тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәні зор. Сөз қадірін білетін заманда бір ауыз сөздің ішкі мағынасын жете түсініп, содан өзіне тәлім алған бабаларымыздың қасиетіне не жетсін. Әке мен ана – баланың алғашқы ұстазы. Әсіресе, әкенің рөлі ер баланы тәрбиелеуде басым.

Әр отбасы ұлы мен қызына салт-дәстүрді, жеті атасын білуді үйреткен. Ата-ананың қанша баласы болса, әр баланың тәрбиесі ата-анаға үлкен маңызға ие болып табылады.

Ата-аналары балаларын өнегелі сөзімен, жеке басының өнегесімен тәрбиелейді. Бала әр нәрсеге сенгіш, тез қабылдағыш, еліктегіш келеді. Әрбір бала сипағанды, жылы сөйлегенді, аялағанды, еркелеткенді, ертегі әңгіме тыңдағанды, ойын ойнағанды ұнатады. Отбасында баланың психологиялық үйлесімді болуы үшін Ата-әжесінің тәрбиесімен қатар үлкендердің өнегелі сөздері және бауырларының ізгілік қарым-қатынасы да маңызға ие болып табылады. Себебі бала тәрбиесіне тек қана ата-анасы ғана жауапты емес, барлық отбасы мүшелерінің де рөлі жоғары болып табылады. Сонда ғана бала үйлесімді, адами қасиеттерді бойына сіңіреді. Қазақ халқында балаға ұлттық салт-дәстүрлерді терең меңгертіп отырған, яғни ұл балаға тән салт-жоралғыларды әкесі, ағасы айтатын болса, қыз балаларға анасы мен әпкелері үйреткен. Дегенмен бала тәрбиесінде кейбір келеңсіз жағдайларды тыйып отырған. Оны қазақ отбасында тыйымдар мен ырымдар арқылы жүзеге асырған болатын. Мұның тұлға тәрбиесіндегі мәні жоғары, себебі халықтың жазылмаған тәрбие заңы арқылы қолданылып келеді. Соның арқасында бала өмірге бейімделіп, қоғамдық өмірге белсене араласып, кез-келген кәсіпті игеруіне жол ашады.

Жерге себілген дақылдың өсуі жердің құнарлығына, ылғалдылық пен күн шуағына байланысты. Осы тұрғыдан алып қарағанда, адамның белгілі бір мамандықты игеру қабілеті де сыртқы орта жағдайына және тәлім-тәрбиесіне қатысты.

Жалпы «Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбие қылу үшін өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек. Бала ауру, зағип болса, баладан емес, тәрбиешіден; бала тар ойлы ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі; бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген иран елінің мәтелі шын, дұрыс мәтел», - деп М. Жұмабаев бала тәрбиесіне ерекше тоқталған [118, б. 61].

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік бағыт беретін, өнеге үйрететін ұясы. Сондықтан болар, бала тәрбиесінің ізгі бастаулары мен тұлғаның дамуында басты роль атқарады. Кез келген ұлттың өкілі отбасында балаға жақсы тәрбие беруге тырысады. Дегенмен елдің заңы, саясаты, идеологиясы, әдет-ғұрпы т.б. әсер етеді. Біздің ойымызша, қазақ отбасында баланың дұрыс тәрбие алуына жаһандық факторлар (интернет, ұялы телефон, телеарна т.б.) қатты әсер етуде. Сондықтан ұлттық мазмұнға ие медианы тұтыну керек, әйтпесе тұлға тәрбиесіне жаһандық ақпараттар әсерінен ұлттық құндылықтардан айырылып қалымыз мүмкін. Ол тек қана отбасы тәрбиесі ғана емес, тұтас елдің, ұлттың, халықтың ұлттық колоритінен айырылуына қауіп төнуі мүмкін. Соның салдарынан отбасының ұлттық құндылықтарынан айырылып қаламыз. Мұның арты жақсы емес. Біз баланың қандай әлеуметтік желілерде отырғанын, қандай интернет желісін қолданғанын бақылауда ұстауымыз керек. Себебі біз жаһандық үдерістерден баланы мүлдем тыйып тастай алмаймыз. Бірақ, ұлттық сипаттағы медиа ресурстарды көп қолданып, тұтынуына жағдай жасауымыз қажет. Шетелдік қажет емес медиа өнімдеріне мемлекет тарапынан шектеу қою керек!

Біздің бұлай айтып жатқанымыз, балалардың ата-баба дәстүріне берік болып, адал ұрпақ тәрбиелеуге және елінің патриоттарын қалыптастыруға негіз табылады.

Қазақ отбасы тәрбиесінің өзекті мәселелері педагог-ғалымдар С. Қалиев, С. Ұзақбаева, К. Қожахметова, Р.М. Қоянбаев еңбектерінде жан-жақты сөз болған.

Профессор Р.М. Қоянбаев «Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі» атты еңбегінде отбасының өзіне тән ерекше қызметтері деп халықтың өсуін, адамзат ұрпағын әрі қарай жалғастыруын, қажеттік-шаруашылық функциясын, отбасының тәрбиелік функциясын, отбасы мүшелерінің өзара және туған-туысқандарымен қарым-қатынас жасау функциясын есептейді [119, б. 87]. Ғалымның еңбегінде тек қана КСРО кезіндегі идеология үстемдік етсе де, қазақ отбасына тән тәрбиенің роліне кеңірек мән берілген. Себебі, жастардың отбасын құрудағы ұлттық құрамы, дүниетанымы, ондағы бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі туралы айтылған. Отбасындағы еңбек бөлініс, балалар мен жеткіншектердің тұлға боп қалыптасуында спорт, мәдениет, мерекелік атаулар т.б. роліне сипаттама берген.

Зерттеулерге сәйкес, әр түрлі елдерде отбасының түрлі типтері болады. Кейде терең ертелікке тән қатынас формаларын сақтаушы экзотикалық түрлері де кездеседі. Бір айта кететін жайт, отбасылық-некелік дәстүрлер мен салттар архаикалық белгілерін қатаң сақтайды. Ал екінші жағынан қазіргі өндіріс пен өмір сүрудің урбанизациялық стилінің кең тарауы көптеген елдерде үлгісі жағынан ұқсас келетін отбасылардың кездесетінін дәлелдейді. Мұндай тұжырым біздің елімізге де тән.

Отбасының өмір сүру айналымы мен оның мүшелеріне қатысты мәселелерін қарастыру педагог көмегінің ерекше әрі нақты болуын қажет етеді. Әлеуметтік жұмыс принципінің мәнін мынадай мақалмен жеткізуге болады:

«Адамды балықпен тойдырғанша, балықты ұстау әрекетін үйрету дұрыс». Яғни, отбасы мүшелеріне өз мүмкіндіктері мен күшін пайдалану арқылы еңбек ету барысында өмір де бір деңгеге қол жеткізуге болатынын түсіндіру керек. Бұл ең бірінші еңбекке құрмет, берекелі тұрмыс т.б. адамдарға қатысты болады.

Осыған сәйкес, әлеуметтік жұмыс әр отбасы типіндегі оның мүшелерінің денсаулығына, табыс көлеміне, білім деңгейіне, мекен ету орнына сәйкес көмек түрінде жүргізілуі қажет және де бұл көмектің мазмұны өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге бағытталуы шарт.

Қазіргі кезде отбасы – адамның даму ортасы болғандықтан маңызды әлеуметтену институты болып табылады. Отбасының әлеуметтену стилі ұлттық мәдениетпен, салт-дәстүрлермен байланысты болады, ал оның ішінде ата-аналардың білім деңгейімен әлеуметтік орнына да байланысты болады. Бұл жағдайлар бала тәрбиесінің сипатына ықпал етеді.

Отбасын тәрбиелеудегі типтерді сипаттаудағы басты бағыт бұл тәрбиелік, ата-аналық нұсқаулар мен бағыт-бағдарды қарастыру болып табылады. Жалпы түрде, мұны ата-ананың тиімсіз және тиімді бағыттары ретінде қалыптастыруға болады. Олай болса: «Позиция – (латын тілінен *positio*) бір нәрсеге қатынасы, көз қарасы, пікірі және сәйкес мінез-құлқы», - деп сипатталады [120, б. 209].

Бүгінгі таңда ата-ананың бағытының сәйкестігі өз баласын жекелік түрде түсіне білуінде, оның рухани дүниесіндегі өзгерістерді көре білуінде байқалады. Ата-ана бағытының болжамдылығы бойынша қарым-қатынас балалардың жаңа тұлғалық қасиеттерінен бұрын орындалу қажеттілігімен сәйкестендіріледі. Болжамдық бағыт арқылы тиімді тәртіп ерекшеліктерін жасауға болады.

Ата-аналардың икемділік бағыты отбасы өмірінің шарттары жолдарымен тәрбиелік ықпалдың өзгеру қабілеті ретінде қарастырылады. Кейбір бала тәрбиесі мәселесімен айналысатын зерттеушілер, тәрбие типтерін сипаттау барысында ата-аналардың өз баласына деген эмоциялық қатынастың бөліну дәрежесіне де көңіл аударуға тырысты. Сүйіспеншілік пен қабылдау типі бойынша тәрбиелеу. Ата-ана тәрбиесінің жалпыланған формасы «бала – менің қызығушылықтарымның орталығы» ұғымының қанағаттандырылуымен беріледі. Ата-аналар әрдайым баламен айналысады, мейірімді қатынас көрсетеді, оның өмірі жайлы қобалжиды.

Келесі тип – баланы қабылдамау және шеттету. Ата-аналық қатынастың жалпы формуласы: «Бұл баланы жек көремін, ол жайлы қобалжымаймын, толғанбаймын». Ата-аналар балаға назар аудармайды, қарым-қатынаста қаталдық, онымен қарым-қатынасқа аз түсе білуге ықыласы көрінеді. Басқа зерттеушілерде, балаға назар еркіндік дәрежесі ретінде, яғни ата-ана оның мінез-құлқын реттеп отырады. Бұл бағытта екі типі ажыратылады – тым қобалжу мен тым қатаң талап қою. Тым қобалжу типі бойынша ата-аналардың тәрбиелік формуласы: «Барлығын балам үшін істеймін». Ата-аналар мінез-құлқында толық еркіндік тым қобалжумен үйлеседі. Тым қатаң талап қою типі бойынша ата-аналардың тәрбиелік формуласы «Мұндай баланы қажет етпеймін

деген тұжырымдармен білдіріледі». Ата-аналар әрдайым баланың мінез-құлқына сыни көзқарас білдіріп, мадақтау мен мақтау болмайды.

Ғалымдардың үшінші тобы, тәрбие типтерін талдай келе, тәрбиенің дәл бағасы бір ғана емес, бірнеше аспектілерге негізделеді деген қорытынды айтты. Бір жағынан – балаларға қатынастың эмоциялық аспектісі, басқа жағынан мінез-құлықтың бейнеленуі. Осы аспектілердің үйлесімі тәрбиенің төрт типін ұсынады:

1. Баланың өз бетінше әрекет етуі мен бастамашылығын дамыту мақсатында балаға мейірімді қатынас беру;

2. Қатал тәрбие, оның барысында балаға қаталдық білінеді, ата-аналық сезімдердің жеткіліксіздігі оның еркіндігімен үйлеседі;

3. Мейірімділік тәрбие, мұның барысында балаға эмоциялық түрде реңкі кірген қарым-қатынас пен оның мінез-құлқын аса бақылап отырумен үйлеседі;

4. Талап қоятын тәрбие, ол балаға деген әрдайым сыни көзқарас білдірумен, мазақтаумен кейде тіпті баланың өз бетімен орындалып жатқан мінез-құлқына аса назар аударумен орындалады.

Соңғы кезде тәрбиенің үш түрлі үлгісінен құралған тағы да бір бағыт анықталды. Ата-ананың балаға қатынасын білдіретін үш аспект жіктелді: ұнату-ұнатпау, сыйластық-сыйламау, жақындық-алшақтық. Бұл аспектілердің үйлесімділігі ата-ана тәрбиесінің сегіз типін бөліп қарастыруға мүмкіндік берді. Ұнату, сыйластық және жақындыққа негізделген іс-әрекеттік тәрбие. Ата-ананың балаға қатынасының формуласы мынадай: «Менің балам бақытты болса екен деймін, бұл мәселеде өзім көмектесемін». Отбасында қарым-қатынастың жылы эмоциялық қарқыны білінеді, баланың еліктеулеріне, қабілеттеріне, құқықтарына назар аударылып қызығушылықтар мен белсенді тәрбие көрінеді, талаптарға дұрыс қатынас орнатылған. Отбасы ішіндегі барлық күрделіліктерден қашып құтылуға болмайды. Бірақ сезімталдықты, өзіне сенімділікті тәрбиелеу отбасы мәселелерін жеңіл шешуге көмектеседі.

Бір айта кететін жайт, отбасының әлеуметтік және психологиялық тұрғыда кездесетін қиындықтар бір-бірімен тығыз байланыса отырып және өзара әсерлесе отырып, тәрбие процесіне ықпал етеді. Бұл қиындықтарға отбасындағы қатынас, материалды қиындықтар, өмір тәжірибесінің болмауы, педагогикалық іскерліктер мен дағдылардың мәселелері жатады. Педагогикалық сәтсіздіктер отбасының тұрақтылығына әсер етеді, шыдамдылық пен уайымдылықты жояды.

Қазіргі отбасы ажырасу санының едәуір артуымен сипатталады. Ажырасудың 90 пайызы тұрмыс қолайсыздығы мен әлеуметтік, қаржылық салдарынан туындап отыр. Дегенмен барлық ажырасуларға жағымсыз баға беруге болмайды, өйткені кей жағдайда ажырасу баланың психикасына теріс әсер ететін ұрыс-жанжал, отбасылық кикілжіңнің алдын алады.

Бір балалы отбасы көпшілікпен араласу, ұжымдық қызмет тәжірибесін игеру жағынан баланы қиын жағдайға қалдырады. Бұндай отбасыларда аға, әпке сияқты тәлімгер іні, қарындас сияқты қамқорлығына алатын бауырдың болмауы ұжымдық туыстық қатынастар аясын мүлдем тарылта түседі. Осындай

жағдайда баланың қызығушылығы мен қажеттілігін қамтамасыз етуде ата-ананың педагогикалық нормаларды сақтамауынан бастауыш сыныптағы кезінен оның бойында ұжымды жатырқаушылық қасиеттердің қалыптасқандығын аңғарамыз.

Кейінгі кезде немере, шөбере туыстарды айтпағанның өзінде бірге туған бауырлардың да туыстық қатынастары салқындай бастағандығы аңғарылады. Көп балалы отбасының балалары ауылда, мектепте, ұжымда, қатар құрбылары арасында тез сіңісіп кетеді, өйткені олар отбасында бір-біріне қамқорлық, құрмет жасауды көріп өседі. Ал бір баламен шектелген отбасылардың бұқаралық сипат алуы балалар арасында жатырқау, тасбауырлық сезімдерінің нығая түсуіне әсер етеді.

Әр халықтың өзіндік ерекшелігіне қарай отбасы тәрбиесінде де өзгешеліктер болады. Белгілі ғалым Я.И. Ханбиков: «Халықтық эмпирикалық білімдер саласы, оларда тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері, еңбекшілердің кең бұқарасы қолданылатын тәрбие мен оқытудың халықтық құралдары, іскерліктері мен дағдылары көрініс табады», - деп бекер айтпаса керек [121, б. 64]. Ал, Г.Н. Филоновтың: «Белгілі бір халық белгілі бір жерде қолданылатын тәрбие тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы болады. Олар бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріліп отырады және олар ең алдымен адамдардың өмір сүру процесіне ие болған белгілі бір дағды мен білім ретінде меңгеріледі. Адамзат баласының пайда болған кезінен өмір сүре отырып, ол өз бойына бала тәрбиесіне деген ғасырлық ғұрыптары мен талаптарын сіңірген», - деген пікірі де әр халықтың бала тәрбиесінде өзіндік ерекшеліктері болуының заңды құбылыс екенін дәлелдей түседі [122, б. 44].

Біздің пікірімізше, отбасындағы тұлғаның қалыптасуындағы салт-дәстүрмен қатар ұлттық құндылықтардың да рөліне мән беру қажет.

Қазақтың таным-түсінігінде,

«Ата мен ана – бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі.

Ата – асқар тау,

Ана – бауырындағы бұлақ,

Бала – жағасындағы құрақ», - деп, ата-ана, баланы табиғаттың тамаша құбылыстарына теңеген халық мақалына үлкен өнеге мен тағылым бар.

Осыған сәйкес А.С. Макаренко: «Тәрбие баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді, - деген болатын. Тәрбие тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуде. Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат-міндеттерімен байланысты болуы керек» [123, б. 93].

Қазіргі заманғы отбасының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі – ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғарылауы. Балалардың отбасындағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады, ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, өзара үйелмендік, тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесі адам өміріне қажетті негізгі қызметтері:

- Репродуктивті – баланың дүниеге келуі;
- Тәрбиелілік – отбасының әрбір мүшесінің жеке тұлға болып қалыптасуына, тәрбиелік жағдай жасауы;
- Тұрмыстық-экономикалық – жалпы тұрмысты, бюджетті басқару;
- Коммуникативті – отбасылық қатынасты, басқа адамдармен қатынасты ұйымдастыру;
- Бәсекелестік – мәдениет, білім, тәрбие, өнер, спорт, техниканы меңгеруден бәсекеге қабілеттілігі.

Бүгінгі отбасы – баланың дүние есігін ашуымен бірге салт-дәстүрлерден өнеге алатын алтын ұясы деп білеміз. Негізінен отбасы, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мен мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан, отбасы тәрбиесі мен мәдениеті артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандай да түрі алмастыра алмайды.

Педагогика ғылымында – мәдениет халық тәжірибесі ретінде де, рухани мұра ретінде де аса қызығушылық тудырады, өйткені халықтың және халық арасынан шыққан ғұламалардың дүниетанымдық көзқарастары мен құнды идеяларын дәстүрлі педагогикалық мәдениетті зерттеу арқылы ғана танып білуге болады. Бұл тұрғыда тұлға тәрбиесінің күрделі міндеттерін шешудегі ата-ананың рөлін, оның педагогикалық мәдениетін көтеруге ықпал ететін қоғамның педагогикалық мәдениетінің құндылықтарының маңыздылығы артады.

Қазіргі заманның сөздіктерінде мәдениетке төмендегідей анықтамалар берілген:

- 1) белгілі бір халықтың қол жеткізген табыстары мен шығармашылығының жиынтығы;
- 2) адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеолит мәдениеті, т.б.);
- 3) адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті, т.б.);
- 4) агромәдениет (дәнді өсімдіктер мәдениеті, цитрустық мәдениет, т.б.).

Ғылыми зерттеулерге (философия, тарих, этнография, педагогика және т.б.) жасаған талдау қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің зерттеу тақырыптарының объектісіне қарай кезеңдерге бөліп қарастырылғанын көрсетеді (қазақ тарихының кезеңдері (М. Қозыбайтегі), қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері (Х. Маданов), қазақ тарихының дамып, қалыптасу кезеңдері (А.Қ. Ақышев, М.К. Асылбеков, К. Байпақов, Ж.Қ. Қасымбеков және т.б.), қазақ халық педагогикасының даму кезеңдері (С.Қ. Қалиев).

Біз олардың ұсынған кезеңдерін негізге ала отырып, әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері мен даму жолына қысқаша сипаттама береміз және ғылыми тұрғыда қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің аса маңызды даму кезеңдерін ашып көрсетеміз:

- *Бірінші кезеңде (VI-IX ғғ.)* қазақ жеріндегі халықтардың, тайпалық бірлестіктердің дәстүрлі педагогикалық мәдениеті түрлі көне мәдениеттердің тоғысуында пайда болып, қалыптасты.

- *Екінші кезеңде (X-XV ғғ.)* қазақ жеріндегі халықтардың дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің қалыптасуы екі түрлі ағымда: *біріншіден*, көне түркілер мәдениетінің; *екіншіден*, үстемдік еткен ислам діні негізіндегі ұлттық дүниетаным аясында жүзеге асты. Осы кезеңдегі халықтардың ұлттық дүниетанымының, мәдениеті мен салт-дәстүрінің негізін қалап, қоғамдық адамгершілік асыл қасиеттерін орнықтырған, X-XII ғғ. өмір сүрген шығыс пен батысқа, бүкіл әлемге есімдері танымал болған ғұлама ғалымдар мен ойшылдардың еңбектері халықтың педагогикалық мәдениетінің қайнар көзіне айналды.

- *Үшінші кезеңде (XV ғ. екінші жартысы – XIX ғ.)* халықтың дәстүрлі тәрбие жүйесінде көрініс алған араб-мұсылман мәдениетінде орныққан адамдық, имандылық қағидалары еңбек арқылы жас ұрпақты батырлыққа баулып, елдікке тәрбиеледі. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті бірте-бірте орыс және Батыс Еуропа мәдениетіндегі озық ой-пікірлердің ықпалымен әрі қарай дамыды. XV ғ. екінші жартысы – XIX ғ. қазақ халқының қоғамдық ойлары исламдық діни көзқарастар мен ағартушылық негізге бағдарланды.

- *Төртінші кезең (XIX ғ. екінші жартысы – XXI ғ. басы).* Еркіндікке ұмтылған бейбіт елдің ұлттық философиялық ойларымен, мектеп ісі, педагогика (этнопеддагогика) ғылымымен және Егеменді Қазақстанның қалыптасып, дамуымен байланысты бұл кезең қазақ халқының озық ағартушылық, демократиялық ой-пікірлері мен идеологияда көрініс тапты.

Нақты түсінік беретін болсақ, педагогика бойынша орысша-қазақша түсіндірме сөздікте: «Педагогикалық мәдениет – мұғалімнің ғылыми-педагогикалық дайындығы мен тәжірибелік іс-әрекеті арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу дәрежесін бейнелейтін, оның педагогикалық іс-әрекет пен тәрбие қатынастарының субъектісі ретіндегі тұтас тұлғасының мәнді сипаттамасы», - деп түсінік берілген [124, б. 94].

Педагогикалық мәдениет – жалпыадамзаттық мәдениеттің бір бөлігі, онда білім беру мен тәрбиелеудің рухани және материалдық құндылықтары кең тұрғыда көрініс табады, ол тұлғаны әлеуметтендіру, ұрпақтар ауысуы тарихи процесіне қызмет көрсету үшін қажетті шығармашылық педагогикалық іс-әрекет тәсілдері болып табылады. (Е.В. Бондаревская, С.В. Кульневич).

Мұғалімнің жалпы базалық мәдениетінің мазмұнына жатады:

- Ақыл-ой және дене еңбегі мәдениеті;
- Өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік білім алу мәдениеті;
- Өзін-өзі ұйымдастыру мәдениеті;
- Тұрмыс мәдениеті;
- Қарым-қатынас және интеллектуалдық мәдениеті және т.б.

Педагогикалық мәдениет педагогикалық теорияларды және практиканы, қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды, педагогикалық іс-әрекеттегі тұлғаның шығармашылық өзін-өзі реттеу тәсілдерін меңгеру тәсілдері ретінде қарастырылады.

Осыған дейін қарастырылған анықтамалардан бір түйінді ой айтуға болады, яғни мәдениет – адам әлемі. Мәдениет көріністерінде адамдық парасат, ақыл-ой, ізгілік пен әдемілік заттандырылып, игіліктер дүниесі құралған. Сонымен бірге мәдениет – адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал болып табылады.

Біздің ойымызша, ата-аналардың педагогикалық мәдениеті – әлеуметтік сұранысқа сай заңды құбылыс, өйткені балалардың жоғары деңгейде сапалы тәрбие алуға мүмкіндіктері болу керек, ата-аналар мен мұғалімдердің ынтымақтастығы – баланың жоғары қабілеттілігінің көрсеткіші, түлектердің білім сапасы, тәрбиесі, олардың бойынан құзыреттіліктердің көрініс табуы деп білеміз.

Осыған сәйкес, тәрбие мен мәдениеттің түп қазығы – отбасы, ата-ана, бала болып табылады. Бұл мәселенің маңызын сөзбен айтып жеткізу қиын. Ең алдымен, әрбір балаға әке-шешеден, ал оларға ата-бабадан қанмен өткен ақыл-парасат, сана-сезім, түйсік деңгейі болады. Біреуде бұл өзекті қабілеттер жоғары, айқын болса, ал басқа біреуде төмен, бұлыңғыр. Баланың қандай болып тууы және қалыптасуы тікелей әке мен шешенің, яғни алдыңғы буынның биіктігіне тікелей байланысты. Әке-шеше отбасында қандай орта, қандай тәлім қалыптастырса, бала сол ортаның шеңберінде, сол тәлімді алып өседі.

Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үніліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Яғни, балалармен көбірек уақытын бірге өткізіп, балалармен сөйлесіп, ақылдасып отыру отбасының берік болуына, бауырмалдық қасиеттің қалыптасуына әсер етеді. Себебі қалалық жерлерде тұратын отбасының иелері жұмыс басты болып бала тәрбиесіне көңіл бөлмей, соның салдарынан балалардың бұзық жолға түсіп кетуіне алып келеді.

Отбасындағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шеше мен үй ішіндегі үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартатындар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді, мұның бәрі әсер етуі мүмкін.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала – әрбір отбасының бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік. Шәкәрім атамыздың: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан үстем болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» дегеніндей, құнды қасиеттерге не рухани адамды қалыптастыру – шынында да оның туған кезінен басталса керек [125, б. 146].

Кеңес Одағы кезіндегі Қазақстанның даму ерекшелігіне байланысты демографиялық, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұрғыдан алғанда қала мен ауыл арасында жер мен көктей айырмашылық орнағаны белгілі. Нәтижесінде елімізде бір-бірімен менталды деңгейде жанаса бермейтін екі әлеуметтік орта қалыптасты. Мәселе тек ауыл жастарының білім деңгейі мен мәдениетінің таяздығымен, не болмаса олардың орыс тілді білмеуімен ғана шектелмейді. «Ауыл балалары неге артта қалады» деген сұрақтың астары әлдеқайда кең. Бұл дүниетанымдық, мәдени және рухани деңгейдегі қарама-қайшылықтар бар. Осыған сәйкес, отбасындағы тәрбие тағылымдық, өнегелік қағидаларға негізделіп, ата-ананың балаға деген қатынасын анықтайды. Отбасының бірлігі оның мүшелерінің бір-біріне адамгершілік, ізгілік, құқықтық т.б. өзара жауапкершіліктеріне, түсініктеріне, сонымен қатар эмоционалдық жақындықтарына негізделеді. Бір жағынан отбасы – адамдардың өзінің ішкі өмірін, құпияларын, сырларын қарсы тұрған сыртқы әсерлерден қорғайтын бірлестік болып табылады.

Біз қоғамдық пікірді зерттеу кезінде міндетті түрде қалалық және ауылдық елді мекендерде тұратын респонденттерді бөліп қарастырамыз. Көпжылдық тәжірибе көрсеткендей, барлық мәселеге қатысты осы екі ортаның адамдары екі түрлі пікір білдіреді. Отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Алайда, қазіргі қоғамдық өмір де болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер отбасына, әсіресе қалалық әлеумет жағдайында, белгілі бір қиыншылықтар туғызады.

Кейін ала, ізгілік пен бауырмалдық қатынастарының дамуы нәтижесінде отбасында айтарлықтай адамгершілік тұрғыдан ересектердің де, балалардың да жаңа құндылық бағыттарын қалыптастырып, отбасы өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Ата-ана мен мұғалімдердің бірлескен әрекеті балалардың тәрбиесін жетілдіруге әсер етеді. Демек, мектеп пен отбасы балаларды ізгілік пен адамгершілік қатынастарының мәдениетіне үйретуге бағытталады. Ата-ананың маңызды міндеті балаларымен біріккен ізгілік қарым-қатынасқа қатыстырып, оны бақылау, оларды баланың адалдығын, адамгершілігін, ұқыптылығын дамытады. Олай болса, отбасы мүшелерінің балаға қоғамдық және әлеуметтік мәдениетті қалыптастыруда алатын орны ерекше, олардың өміріне жаңа әлеуметтік бағдарлар енгізеді. Мұның басты маңызы, елдің идеологиялық сипаты роль атқарады. Президенттің өз жолдауында «адал ұрпақ» туралы айтуы да тегін емес. Балалардың елдің заңдарына, қоғамдық дәстүрін берік сақтайтын тұлға болуына бағыт береді. Демек, тәрбиелі, адал, иманды балалар отбасының ғана жетістігі емес, тұстас мемлекеттік жетістігі деп білеміз. Мұның өзі ғылыми тұрғыда бірнеше факторлармен түсіндіріледі.

Мектептің отбасымен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстар жүйесінде мектеп кеңестері мен педагогикалық қызмет-әрекеті ерекше орын алады, олардың қызметтері сан түрлі болып келеді. Олар ата-аналардың мектеппен байланысын нығайтуға, олардың педагогикалық сауаттылығын ұйымдастыруға ықпал етіп, кейбір отбасыларға тәрбиеден көмек көрсетеді.

Сондықтан да, баланы жан-жақты тәрбиелеу міндеті бірінші орынға шығады. Оны шешудің басты құралы – тәрбие қызметінің барлық субъектілерінің (педагогтардың, ата-аналардың, балалардың) өзара бірлескен іс-әрекеті болып табылады.

Мұғалім мен ата-аналардың өзара әрекеттестігі мектеп өмірінің барлық кезеңдерінде маңызды, әсіресе бала отбасымен жүргізілген тәрбиелік шаралардың негізгі көрінісін түсіндіреді. Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі арқылы бала достарының, сыныптастарының және мұғалімнің тұлғалық қасиетінен өзінің бойын қажетті өнегелерді алады.

Ата-ана, отбасы тәрбиесінің маңыздылығы баланың құндылық бағыттарын, оның моральдық қасиеттерін қалыптастырулары қажет.

Соңғы жиырма жылда ауылдан қалаға қарай тұрақты миграциялық толқын орын алған. Қазіргі кезде, 90-шы жылдары көшіп кеткен халықтың орнын ауыл халқы белсенді түрде толтыруда. Анықтамалық сөздікте: «Урбанизация (лат. урбс – қала, урбанус – қалалық) – еңбек бөлінісінің қоғамдық және аумақтық тұрғыдан тарихи қалыптасуынан пайда болып, әлемнің әртүрлі елдері мен өңірлерінің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес дамитын әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, географиялық секілді көп жақты қырлары бар күрделі құбылыс», - деп сипатталады [126, б. 89]. Көне латын тіліндегі мағынасы «қалалық» деген ұғымды білдіреді. Яғни, қысқаша айтар болсақ, урбанизация, бұл қала тіршілігі мен тұрмысы және мәдениетінің үстемдікке ие болуы.

Зерттеулерде: «қаланың әлеуметтік өзара байланысып, әрекеттесуші және бірегей әлеуметтік тұтастықты құраушы құбылыстар мен процестердің ауқымды жиынтығы», - деп келтірілген [127, б. 86].

Қазіргі қала өмірі тұрғындарының тұрмыстық, материалдық жағдайы, қажетті мүмкіндіктерді табуы, орындау жағынан ауылдық жерден көп алда деп айтамыз. Қалаға келіп жатқандардың басым бөлігі жастар екені айтпаса да түсінікті. Олардың қалалық елді мекендегі үлесі артқан сайын, қала мен ауыл арасындағы айырмашылықтар да азая бермек. Қала жастарының алда болуы, ең алдымен қалыптасқан әлеуметтік, экономикалық, т.б. теңсіздіктің болуы заңды болып табылады. Атап айтқанда өнерге, спортқа, мәдениетке, ақпараттық білімге, ғылымға деген қол жетімділік жоғары болып саналады. Кейбір жағдайда, қаланың оқушылары алғыр, талантты, дарынды, шебер, т.б. болып келеді. Бірақ шын мәнінде, қала мен ауыл бала тәрбиесіне қалай әсер етеді? Бала болмысы қалай болу керек? Біз ауыл мен қала баласына жеткілікті тәрбие беріп жатырмыз ба? деген сұрақтар бәрімізді мазалайды. Яғни балалардың алғырлығы деп жүргеніміз – өмір сүрудің қиындығынан туған мәжбүрлік болып табылады, ал шеберлігі дегеніміз – өзінің мүмкіндігінен тыс, үлкендердің талабын орындауға талпынысы. Тапқырлығы – өзінің жасынан ерте есейіп кеткендігі, көрегенді деп жүргеніміз – телеарна, интернет, әлеуметтік желілерден алған дүниелерін іске асыруы болып табылады. Демек, аталған талдаулар әлеуметтік педагогикалық тұрғыдан балаларға берілген қоғамдағы шынайы сипаттамасы. Қаланың әлеуметтік жағдайы бала тәрбиесіне

көптеген әсері бар. Ғалымдардың айтуынша: «қазір балаларды қызықтыратын заттар бұрынғыдан көбейген. Баламен ата-ананың пікір алысуы, жеке өмірі туралы сұхбаттасуына уақыттары жоқ. Соның салдарынан отбасында баланың жеке өмірінің қалыптасуына қоғамдық орта мен әлеуметтік желінің орасан зор факторы әсер етуде», - деп дабыл қағуда [128, б. 63].

Сонымен қатар қала баласын еңбекке баулу өте қиын. Оның үстіне қала отбасының ата-аналары бала тәрбиесінде өз тәжірибелерімен бөлісе алмайды. Керісінше, ауылда баланы бүкіл ауыл болып тәрбиелейді. Ал қалада баланың еңбек тәрбиесімен айналысуына, жалпы еңбектің мәнін түсіндіруге келгенде кедергілер көп. Сондықтан балаға отбасында еңбек тәрбиесінің мәнін барынша насихаттап, еңбек адамының қалыптасуы туралы өнегелік сөздерді айту, отбасындағы еңбекпен келген нанның қадірін бағалауға үйрету қажет. Демек, отбасында «еңбек тәрбиесіне баланы баулып, біргелікте жасауға, отбасының еңбек адамының өнегелерін» насихаттау қажет [129, б. 81].

Қала баласының отбасынан кейінгі тәрбие факторы – қоғамдық ортасы болып табылады. Жалпы аталған қоғамдық орта балаға жақсы немесе жаман жағынан кері әсер етуі де ықтимал. Егер аулада дұрыс, мәдениетті, жақсы балалармен араласатын болса, баланың дамуына оң ықпал етеді. Мұндай әсер туралы «баланың өмірі тікелей орта мен достарының әсері жоғары» деп сипаттайды [130, б. 134].

Жалпы балаға көшенің ықпалы өте зор болып табылады. Зерттеуші Л.В. Бенин: «көше – өмір алаңы. Оның басты ерекшелігі – қоғамның жақсы немесе жаман құбылыстарының шынайы көрінісі, ақиқат бейнесі» деп сипаттайды [131, б.74]. Сондықтан көшедегі болып жатқан жағдайларды балаларға отбасында талдап, олардан жақсы мен жаманын айыруды үнемі ата-аналар айтып отыруы керек. Сондықтан да «ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің» деп отбасындағы құндылықтардың орнын жоғары бағалауымыз қажет.

Қазіргі кезде бастауыш мектеп жасындағы балалардың тәртіпсіздігі мен мәдениетсіздігі әлемдік деңгейдегі проблемаға айналып отыр. Баланың негізгі қалыптасуына отбасы, ата-анасы, бауырлары, ортасы, тектілігі барынша әсер етеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына үлкендердің ықпалы басым болып келеді. Зерттеуші Н. Ақбаев: «Баланы жастан... деген сөздің мазмұны өте терең. Себебі, есейіп кеткен соң баласының теріс мінезін, қалыптасқан көзқарасын өзгерту өте қиын. Баланың тәрбие мен білім алуында мектеп пен отбасының өзара тығыз байланысты болуы шарт» [132, б. 59]. - дейді. Демек, отбасының мектеппен қарым-қатынасы жоғары болса, сонымен қатар баланың да жақсы қалыптасуына үлкен әсер етеді. Жалпы қоғамда үлкен пікір қалыптастыратын негізгі мәселе, баланың тәрбиесі мен мәдениеттілігі болып табылады. Мұның бәрі де отбасында басталып, мектептің, қоғамдық ортаның ықпалымен жүзеге асатын күрделі үрдіс болып табылады. Ең маңыздысы отбасындағы ата-аналардың педагогикалық мәдениеті жоғары болуы маңызды.

Жалпы айтқанда, қай заманда да, қай елде болса да отбасының адамзат ұрпағына тигізетін ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Адамның өміріндегі ең қуанышты, қызық дәурені осы

отбасында өтеді. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап, ата-ана өздерінің негізгі борыштарын – тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі. Алайда, қазіргі кездегі елдегі экономикалық әлеуметтік жағдайлардың қиындығы, жұмыссыздық, материалдық-рухани қажеттіліктердің тапшылығы осының бәрі отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты күрделендіріп отыр. Бала тәрбиесінің негізі оның отбасы болып табылады. Осы шағын әлеуметтік топ бала үшін өмір мектебі. Отбасындағы ата-ана баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Баланың болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты болып келеді. Сондықтан, әрбір ата-ана өзінің баласын білімді, мәдениетті, жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін педагогикалық мәдениет, тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдаланып келеді. Қазақ халқының бала тәрбиесіне деген көзқарасының өзіндік ерекшеліктері бар. Келешек ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән беріп, балаларды ата-баба дәстүрінде тәрбиелеуді мақсат тұтқан қазақ отбасылары баласын мәдениеттілікке, зерделілікке баулып, халқының мәдениеті мен әдет-ғұрпын тәрбиенің бұлжытмас құралы ретінде ұстанған.

1.3 Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің мазмұндық-құрылымдық моделі

Еліміздің әлемдік деңгейдегі орны мен оның қарқынды дамуында елдің білім потенциалы мен ұрпақтың тәрбиесі басым роль атқарады. Сондықтан Президентіміз өз Жолдауларында ұрпақ тәрбиесіне, «Адал Азамат» тәрбиесіне басты назар аударуды негізге алады. Себебі қоғамдық деградацияға айналған балалар арасындағы зорлық-зомбылық, вандализм, тәрбиесіздік, үлкенді құрметтемеу, мәдениетсіздік туралы айтқан болатын. Сондықтан отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі негізінде тұлғаға ұлттық және адамгершілік, ізгілік тәрбие берудің маңызы зор болып табылады. Осы бағытта зерттеуші ғалымдарымыздың еңбектерінде жан-жақты сипатталған. Яғни: «ұлттық тәрбие мемлекеттің негізгі нышаны. Онсыз мемлекет, қоғам болмайды. Мұның бәрі отбасын, Отанын сүю арқылы жүзеге асады. Отансүйгіштік қасиет биологиялық емес, ол тарихи, саяси әлеуметтік, идеологиялық дәстүрлі, күрделі құрылым» [133, б. 188].

Біздің ойымызша, жеке адамның дамуы – оның рухани өсуінің, жетілуінің процесі жеке адам үшін елеулі болып табылатын барлық салаларды іс-әрекетте, өзін қоршаған құбылыстарға, адамдарға деген қарым-қатынасқа, танымдық процестерінде болатын сапалық өзгеріс болып табылады. Жеке адамның, әсіресе балалық және жасөспірім шақтарында дамып, жетілуі ең алдымен тәрбиенің ықпалы арқылы жүреді. Дегенмен тәрбие әсерінің дәрежесі мен сипаты көп жағдайда тәрбиенің даму заңдылықтарының қаншалықты ескергеніне байланысты болады. Сөйтіп тәрбие мен дамудың арасында екі жақты байланыс болады. Сондықтан жеке адамның даму заңдылықтарын тереңірек қарастырған жөн. Демек, тұлға – жеке адамның мақсатының орындалуы, ерік-жігерінің іске асуы, өзі жөніндегі ойын, еркін жүзеге асыруға

дайындығы және оның нәтижесімен сипатталады. Яғни, тәрбиелік өнегелер мен үйрету, түсіндіру т.б. тәрбие әдіс-тәсілдері отбасынан бастау алып, мектеппен жалғасу жүзеге асады. Осыған сәйкес тәрбиенің ролі басымдық танытады. Мұнда біз жеке тұлғаның құрылымына сипаттама береміз (сурет 1).



Сурет 1 – Жеке тұлғаның құрылымы

Аталған суретте, негізінен зерттеу нысанамызға сәйкес, жеке тұлғаның отбасында, мектепте немесе жеке қасиетіне байланысты мінезі, «Мен» басқару жүйесімен ерекшеленетін сипаттама берілген болатын.

Бүгінгі таңда отбасы мен мектептің, жеке тұлға мен қоғамдық ортаның қарым-қатынасы мен өзара әрекеттестігі туралы педагогика, психология, әлеуметтану, т.б. қоғамдық ғылымдардың көптен айналысып жүрген көкейкесті мәселелерін құрайды. Бұл туралы соңғы кезде зерттеу жүргізіп жүрген шетелдік ғалымдар З.М. Баджаеваның, С.С. Керкистің, В.Н. Почечихинаның, М.Я. Хоссейннежадтың, Ю.А. Генвареваның және отандық ғалымдар Қ. Бөлеевтің, Ж. Сәкеновтің, И. Корнилконың, т.б. еңбектерін біз мазмұндық-құрылымдық модельді жасау үшін негізге алған болатынбыз.

Ал педагогикалық тұрғыдан отбасы мен мектептің әрекеттестігі туралы зерттеулерге келетін болсақ, Дағыстан ғалымы З.М. Баджаева «Педагогическое взаимодействие семьи и образовательного учреждения в нравственном воспитании подростков» атты ғылыми диссертациясында: «балалардың қалыптасуы барысында ұстаздары, отбасы, достарының ролі жоғары болып табылады. Яғни біз зерттеу жұмысының салыстыру кезінде ауыл мен қала мектебінің балаларының тәрбие өлшемдері мен көрсеткіштері негізге алынды», - деп келтіреді. Демек отбасы мен мектеп тәрбиесінің маңызына, мәніне тоқталады [134, б. 13].

Сондай-ақ С.С. Керкистің «Взаимодействие школы и семьи в формировании социальной активности подростков» атты ғылыми диссертациясында зерттеуші отбасы мен мектептің тұлға тәрбиелеудегі әлеуметтік ерекшелігін айта келіп, отбасы мен мектептің бала тәрбиесіндегі рөліне түсінік береді: «оқушының әлеуметтік белсенді тұлғасын қалыптастыру үшін ата-ананың педагогикалық мәдениетіне және жағымды психологиялық ахуалына байланысты» деп келтіреді [135, б. 11]. Зерттеуші С.С. Керкистің ғылыми еңбегінде тұлғаның әлеуметтік мәні, белсенділігі, қарым-қатынасы, т.б. қырынан зерттеліп айқындалған.

Мектеп пен отбасының әрекеттесу проблемасын зерттеуші әлеуметтанушы-ғалым В.Н. Почечихина өзінің «Особенности взаимодействия основных субъектов образовательного процесса в школе: социологический анализ» атты ғылыми еңбегінде отбасы мен мектептің байланысын әлеуметтану тұрғысынан талдай отырып, оның әсер ету факторларын бөліп көрсетеді: «зерттеуге отбасының тәрбие мәселелерінде тұлғаның әлеуметтендірудің маңызына тоқталады. Ата-аналар мен педагогтардың өзара әрекеттестік мәдениеті жоғары болса, соғұрлым бала тәрбиесіне жауапты болмақ», - дейді [136, б. 9].

Иран Ислам Республикасындағы мектеп пен отбасының байланысы туралы зерттеген ғалым М.Я. Хоссейннежад өзінің «Педагогическое содействие семьи в социализации учащихся общеобразовательных школ (на материалах Исламской Республики Иран)» атты ғылыми еңбегінде: «Иран Ислам Республикасының өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнда көп балалы отбасылар басым, тәрбиенің негізі ислам діні мен салт-дәстүрлер жетекші орынға ие. Сондықтан тұлғаның әлеуметтенуіне отбасы, мектеп, ата-ананың және діннің ықпалы зор», - деп отбасындағы бала тәрбиесінің мәніне тоқталады [137, б. 3].

Мектеп пен отбасының тұлғаны тәрбиелеудегі проблемасын зерттеген Ю.А. Генварева «Взаимодействие семьи и школы как фактор самореализации подростка» деп аталатын диссертациясында: «заманауи мектеп отбасымен тығыз байланыста жұмыс істеу керек. Мектеп жұмысының әрбір ісіне ата-аналармен ақылдасып жасау және балалардың талап-тілектерін ұстаздар үнемі бақылауда ұстау қажет», - дейді [138, б. 3]. Яғни мектеп пен ата-аналардың проблемаларын зерделеп, олардағы бір-бірін байланыстырудың маңызына түсінік беруге тырысады.

Көзқарасымызша, бастауыш мектепте тұлғаны тәрбиелеуде отбасымен әрекеттестігі баға жетпес педагогикалық құрал – ол тиімді тәрбие сағаттары мен жаңаша мазмұнда құрылған ата-аналарға арналған тәрбиелік тренингтер болып табылады.

Бүгінгі таңда профессор Қ. Бөлеевтің ғылыми зерттеу нысанасына алынған отбасында ұлттық тәрбие беру туралы «құрсақ тәрбиесі, бесік тәрбиесі, қыз бала тәрбиесі, ұл бала тәрбиесі, келін тәрбиесі, сегіз қырлы бір сырлы азамат тәрбиесі» аясында қарастырады [139, б. 210].

Ал зерттеуші Ж. Сәкенов өз еңбегінде «дәстүр» ұғымы туралы және оқушыларды отбасылық өмірге дайындаған эмпирикалық зерттеулері мен «Этика и психология семейной жизни» типтік бағдарламасы туралы: «тұлғаны отбасы мектептің бірлескен әрекеті негізінде жан-жақты жетілген тұлғаны тәрбиелеу» туралы айтылады [140, б. 78].

Мектеп пен отбасының өзара бірлескен әрекеті туралы зерттеген И. Корнилко болатын. «Бастауыш сынып оқушыларында қазақ отбасы дәстүрлерінің құралдары арқылы адамгершілік мінез-құлық нормаларын қалыптастыру бойынша мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы» тақырыбы бойынша зерттеуші мектеп пен отбасының бірлескен теориялық әдіснамалық негізі мен эксперимент жұмысы арқылы жүргізумен құнды болып табылады. Зерттеуші И. Корнилко: «Адам қоғамдық өмірге енуі отбасынан басталады. Мектеп оқушыларының басты тәрбиешісі, ал отбасы оның көмекшісі деген ұғым қалыптасқан болатын. Дегенмен, отбасы тұлғаны тәрбиелеудің негізі», - деген тұжырым жасайды [141, б. 56].

Адам өмір сүріп отырған қоғамның, ұжымның мүшесі ретінде өзінің ақыл-ойымен, ерік-жігер, мінез-құлқымен ерекшеленеді.

Сондықтан педагогика мен психологияда балалардың жас ерекшеліктеріндегі ұтқырлық, өзгергіштік анықталады, оқушының қоршаған ортамен қарым-қатынас жүйесіне тәуелділігі баса айтылады.

Әр жастағы кезеңге тән балалардың психологиялық ерекшеліктері болады. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты сана-сезімдері қалыптасады, күш-қуаттары дамиды, өсіп, жетіледі.

Анықтамалық сөздікте: «қалыптасу дегеніміз – адамның жеке басының дамуы мен тәрбиесінің нәтижесінде жетілуі, өмір сүруге дайын болуы», - деп сипаттама берілген [142, б. 254].

Тәрбие ісінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп отыру қажеттігін педагогика ғылымы ерте кезде-ақ көрсеткен еді. Ал белгілі педагогтер Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо тәрбие беру кезінде бала табиғатын, оның қабылдау, ойлау ерекшеліктерін еске алып отыруды қажет деп келтіреді. Зерттеулер мен озат педагогикалық тәжірибелердің негізінде ғылыми деректер бойынша оқушылардың тәрбиесі, тәртібі, мәдениеті, қоғамдық орындардағы өзін-өзі ұстауы т.б. қадағалауды қажет етеді. Зерттеулер мен озат педагогикалық тәжірибелердің негізінде ғылыми деректер бойынша оқушылардың тәрбиесі, тәртібі, мәдениеті, қоғамдық орындардағы өзін-өзі ұстауы, т.б. қадағалауды қажет етеді. Әртүрлі мектептерде тәрбие жүйелері ұжымдық шығармашылық жұмыстар, қоғамдық-пайдалы және өндірістік еңбек, тәрбие шараларын ұйымдастырудың әртүрлі формаларын енгізудің (тарихи орындарға саяхат, музейге бару, театрлар, көрмелер) тиімділігі жоғары болып саналады. Осылайша, тәрбие жүйесі мақсаттар жиынтығын, тәрбие жұмысының негізі ретінде ұжым, ұжымдық қатынастар мен қоршаған ортаға деген жүйенің бірлігінен тұрады. Кез келген тәрбие жүйесі негізінде бүтіндей ұжымның тәрбие мақсаттарын белгілеуі, танымдық іс-әрекет, өзара қатынастар,

оқушылардың өзін-өзі басқаруы, ұлттық салт-дәстүрлерге сүйену, әр жастағы ұжымдарды құру мен ұжымдық шығармашылық арқылы көрініс табады.

Қазіргі заманғы ізденістер бойынша тәрбиенің мақсатын анықтау мәдениеттану бағытында жүргізілуде. Бұл мәселе біршама нәтижелі, өйткені ол ұлттық және дүниежүзілік мәдениеттегі тарихи қалыптасқан рухани құндылықтарға сүйенеді. Тәрбиенің мақсатын тек өз халқының ұлттық мәдениетінің негізінде ғана емес, жалпыадамзаттық және адамгершілік, ұлттық құндылықтарды игеру арқылы сипатталады.

Мұғалімдер ұжымында ортақ мақсат болған жағдайда ғана, әрқайсысы оған жету үшін іс-әрекетке белсенді кіріскен кезде ғана үлкен нәтижеге жету мүмкіндігі бар. Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру:

1. Мектептерге қазақтың дәстүрлі мәдениетін тәрбие жүйесінде кеңінен насихаттау;

2. Тұлғаның қазақ тілін терең меңгеруіне қажеттіліктерді күшейту;

3. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін тәрбие шараларында практикалық қолдану аясын кеңейту.

Мектеп өз тұлғаларының мәдени негізінің қалыптасуына ықпал етеді, ол дегеніміз – бастауыш мектептің білім мазмұнын, жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту факторы. Қойылған мақсат тәрбиелік міндеттер арқылы жүзеге асады. Оларды анықтаудың әдістемесі бар тәрбиелік міндеттерді ұсынады:

- а) тәрбиелеу және дамыту іс-әрекеттерін ұйымдастыру;

- ә) ұжымды ұйымдастыру мен дамыту;

- б) оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесу, оның ішкі мүмкіншілігі, бейімділігі, мақсат-мүдделері мен қабілеттерін дамыту.

Сынып жетекшілерінің іс-әрекетіне жасалған әлеуметтік талдау нәтижесінде оның міндеттерін төрт топқа бөледі.

Бірінші топ – әлеуметтік міндеттер (балаға көмек, оны әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізу, жеке тұлғаның дамуы мен оның даралығының қалыптасуына тиімді жағдай жасау, отбасымен және тәрбие институттарымен байланысты жетілдіру).

Екінші топ – диагностикалық міндеттер (сыныппен жұмысты дұрыс ұйымдастыру үшін оқушының жеке тұлғасы мен ұжымның даму диагностикасы).

Үшінші топ – адамгершілік міндеттер (баланың бойында қайырымдылық, мейірімділік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру).

Ең маңызды міндеттер:

1. Денсаулық пен салауатты өмір салтына тәрбиелеу;

2. Тұлғаның ізгілік мінез құндылықтарын жетілдіру;

3. Баланың бойына біткен қабілеттілігі мен мақсат-мүдделері.

Дей тұрғанмен, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі педагогика ғылымында ескерілмей келе жатқанын айтуымыз қажет. Сондай-ақ, тәрбие, білім, ғылымда нақты көңіл бөлудің нысаналы тұлғалары үлгілеу арқылы байқалып отыр. Сондықтан


бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің құрылымдық үлгі, моделін жасау барысында модель сөзіне түсінік береміз. «Модель» сөзі (франц. modele, итал. modello, лат. modulus) – «өлшеуіш, өлшем, үлгі, норма» деген мағынаны береді [143, б. 421].

Ал философиялық сөздікте: «Модель – зерттеу үшін арнайы жасалған бір объектіде, басқа бір объектінің сипаттамасын қайта жаңғырту. Объектінің өзін тікелей зерттеу мүмкін болмаса, қиын әрі кедергі көп болады, ал көп уақыт жұмсауды қажет ететін болса, онда модельдеудің қажеттігі туады. Модельдердің негізгі артықшылығы – олардың қолайлылығы, шапшаңдығы мен зерттеуге кететін уақыттың аздығы», - деп келтіреді [144, б. 249].

Сонымен қатар, психологиялық сөздікте: «модель – оқу әрекетін модельдеу ұғымды білдіреді. Оқу әрекетін модельдеу екі аспектіден тұрады: біріншісі, оқу үрдісіндегі білімді меңгерту болса, екіншісі – оқу іс-әрекеті элементінен тұрады. Сонда, бірінші аспектіде модель мен модельдеуді психологиялық бағытта білім жүйесіне енгізу болса, екіншіде – модельдеудің формасын, әдісін қолданатын әрекеттің ерекшелігін оқушылардың икемділігіне қарай бағыттауды көрсетеді», - дейді [145, б. 57]

Мысалы, зерттеуші В. Штофф өзінің «Моделирование и философия» атты еңбегінде «Модель арқылы зерттеу нысанын бейнелеу, оның жұмыс істеу жүйесі туралы жаңа ақпарат бере отырып, оны салынған суретпен ойша елестету» деп анықтама береді. Сонымен қатар, модельдеуді екі топқа бөліп қарауды ұсынады, яғни модельдің құрылуына қатысты барлық құралдар арқылы оны жүргізу тәсілдеріне қатысты және сол саладағы ауқымындағы модель арқылы жүргізілетін сол нысанның сипатына қатысты», - деп келтіреді [146, б. 11].

Сонымен, модель түрлері мен оның анықтамалары туралы ғылыми зерттеулерді талдай келе, олардың зерттеу мағынасын ашу үшін және зерттелетін жұмыстың оңтайлы бағытын құруға негізделеді. Демек, модельдеу әдісін Ресей ғалымдары Н.И. Болдырев, М.Н. Скаткин, В. Богословский, Э.И. Монозон, Л.И. Выготский, т.б. ғылыми зерттеулерде қолданса, ал қазақ этнопедагогикасын зерттеу барысында Ж. Наурызбай, К. Қожахметова секілді ғалымдар еңбектерінде көрініс табады. Отбасы мен мектептің әрекеттестігіне байланысты модельдеуде С. Қоңырбаева, С. Корнилко, Ж. Сакенов, Б. Өтешова, А. Каменова, т.б. пікірлерін негізге аламыз. Ойымызды нақтылай отырып, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің мазмұндық-құрылымдық моделін ұсынамыз. Ол мақсаты, қағидалары, нормативтік негіздеулері, мазмұны, әдісі, құралдары және нәтижелерінен тұрады (Сурет 2).



Сурет 2 – Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің мазмұндық-құрылымдық моделі

Мақсаты – Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде мақсаты биік және Отанымызға адал қызмет ететін тәрбиелі бала қалыптастыру.

Мазмұны: Ізгілік, адамгершілік, мейірімділік, бауырмалдық, қайырымдылық т.б. жалпыадамзаттық құндылықтарды қастерлеуі.

Қағидалары: Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттары: ҚР Конституциясы, ҚР «Білім заңы», ҚР «Бала құқығы туралы» Конвенциясы, ҚР «Неке және отбасы туралы» кодексі, ҚР «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы, ҚР «2020-2025 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы».

Мазмұны: «Өнегелі ұрпақ» клубы және «Ұлағат» атты арнайы курс.

Құралдары: Ойшылдардың мұраларынан ғибрат алу, отбасындағы үлкендердің өнегелік сөздері, тәрбие сағаттары, тағылымдық кездесулер, тәрбие сағаттары, тренингтер, рефлексия, т.б.

Әдіс-тәсілдері: Қайырымды болуға баулу, өз-өзіне сенімділікті жетілдіру, еңбекқорлыққа баулу, этикалық әңгіме, өз бетінше өмір сүруге үйрету, т.б.

Ұйымдастыру формасы: Арнайы курс, семинар, ғылыми-тәжірибелік конференция, ата-аналар жиналысы, кездесулер т.б.

Нәтижесі: заман талабына сай, болашағынан үміт күтетін, өз туған жерін, өскен елін, Отанын сүйетін, халқының ұлттық құндылықтары бойына дарыған, салт-дәстүрін сақтауға оның дамуына, елінің өркендеп көркеюіне қосып, білім мен ғылымды меңгеруге ынта-жігері жоғары, бойында отансүйгіштік қасиеті дарыған тұлға, яғни *тәрбиелі бала* болып табылады.

Демек, жоғарыда келтірілген құрылымдық-мазмұндық моделімізді негізге ала отырып, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің қалыптастыру өлшемдері:

1) Бастауыш сынып оқушыларының «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік», т.б. ұғымдарын игеруі;

2) Отбасы мен мектепте алған өнегесін өз бойында қалыптастыру қажеттілігін түсінуі;

3) Оқушылардың отбасындағы және қоғамдық ортадағы қайырымдылық істерге еліктеуі және өздерінің іс-әрекеттері арқылы дамытуы.

Оқушы – ұстаз – ата-ана – достары, т.б. қарым-қатынасы барысында ізгілік, бауырмалдық, қайырымдылық қасиеттердің алатын орны ерекше болып табылады. Себебі баланың отбасындағы бауырмалдығы оның мектептегі ұжым мен достарымен араласуына, достасуына негіз болады. Қазақ халқының бауырмалдық қасиеті, баланың ағайын-туыстың арасында беделді болуымен қатар отбасы шежіресінде оның генеалогиялық орнын білуге де септігін тигізеді. Демек, шежіре – бұл ұлттың шығу тегі мен аталық нәсілдің тармақтанып ұрпаққа, руға таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы көлемінде туып, дамыған «ата тек», нәсіл шежіресі ретінде болады да, шешен, шежірені билер ауызша таратады. Бұл шежірешілер бір атадан туған ұрпақтардың, туыс-қандастық ретінде айтылып, соңғы ұрпаққа өсиет, мұра, ақыл, нақыл, шешендік тіл арқылы жетіп отырды. Сондықтан қазақ халқы отбасында балаларына рудың шежіресін білуді өсиет, міндет деп үйреткен, халқымызда жақсы сөз бар: «Жеті атасын білмеген, жетесіздік белгісі» немесе «Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі» деп сипаттайды [147, б. 146]. Оның себебі:

1. Жеті атасының кім екенін айтатын атасы болмағаны;

2. Атасы үйретсе де, жетесіз, тәрбиесіз, зейін-зердесіз болғаны;
3. Ұлтымызда жеті атаға дейін қыз алыспайды;
4. Бір әкеден туған жеті туысты әкесі, баласы, немересі, шөбересі, шөпшегі, неменесі, жұрағат деп атаудан «шежіре» басталады;
5. Жеті саны қазақ халқында киелі, тотемдік ұғым.

Осыған сәйкес, жеті ата – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы әркімнің ата жағынан тегін таратудың нақтылы тәрбиелік жүйесі. Отбасында қазақ балаларына өзінен бастап, әкесі, атасы, бабасы, т.б. жеті атасының нақты есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Әр ұрпақты шартты түрде 25 жастан есептесек, ол 175 жылды қамтиды. Сөйтіп, адамның жеке басының тағдыры арқылы, ата тегін терең білуге, насихаттауға мүмкіндік береді. Сондықтан бастауыш мектеп оқушысының отбасында ата-әжесінің өнегесін алып, мектептің тәрбие жүйесіндегі негізі қаланады. Бұған мектептегі сынып жетекшісінің тәрбие сағаттарында өткізген қазақ этнопедагогикасына арналған тәрбиелік, танымдық сағаттарының ролі мен маңызы зор болып табылады.

Жалпы тұлғаның қалыптасуына бірнеше маңызды қасиеттер тұлға бойынан орын алуы керек болады. Атап айтар болсақ:

- Бір сөзді;
- Батыл;
- Сабырлы;
- Қайсар;
- Бауырмал;
- Рухы биік;
- Мейірімді;
- Достыққа адал;
- Шығармашылық бейімділігі жоғары;
- Намысшыл;
- Тез шешім қабылдай біледі.

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде қалыптастырудың құрылымдары, өлшемдері мен деңгейлері №2 кестеде берілген.

Көзқарасымызша, жоғарыда келтірілген кестедегі бастауыш сынып оқушыларының бойында табылуы қажет қасиеттерді ескере отырып, түсінік беретін болсақ, тұлға қоғамдық ортада өзінің ізгілігі мен, бауырмалдығымен ерекшеленеді. Ізгілік – негізінен тұлғаға тектілік арқылы беріліп, адамдарды өзіне жақсы игі істерімен тарта білуі деп білеміз.

Зеректік табиғат берген дарындылықтың білім үйрену барысындағы көрінісі деп айта аламыз. Ал, *алғырлық дегеніміз* – ерекше белсенділіктің, іс-әрекеттің жемісі. Нақты деректерге сүйенсек, «Аруақ, күш, қуат, т.б.» деген сөздердің ауыспалы мағынасы деп сипатталады [147, б. 260].

Қазақ халқының батыры Б. Момышұлы: «Жігерлену дегеніміз – рухани күш беру, күш-қуаттың тасуы, сергектік күй», - дейді [148, 57]. Яғни, жігерлі тұлғаға отансүйгіштік тұрғыдан сипаттама береді.

Кесте 2 – Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде қалыптастырудың құрылымдары, өлшемдері мен деңгейлері

№	Өлшемдері	Бастауыш сынып оқушыларының бойында бауырмалдық, қайырымдылық ізгілік қасиеттерді қалыптастыру көрсеткіштері		
		Жоғары деңгейі	Жеткілікті деңгейі	Төмен деңгейі
1	Бастауыш сынып оқушыларының «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік», т.б. біліп, өмірде қолдануы	Тұлғаның отбасында тәрбиесі арқылы ізгілік пен ұлттық құндылықтарды терең меңгеріп, қоғамдық ортада ізгілік, имандылық, мәдениетті терең меңгерумен көрінісі арқылы сеніммен жүзеге асырылуы	Әлеуметтік бейімі мен тәрбиесі отбасында мейірімділік, берекелік қасиеттер арқылы берілген тұлға, кез келген жақсылықтарды жасауға дайын, бірақ кейбір мәселелерді шешуде үлкендердің ықпалына мәжбүр.	Қоғамдық ортадағы жағдайлар мен әсерлерге үнемі немқұрайлы қарайтын, бойында мейірімділік қасиеттер жоқ. Бауырмалдық, қайырымдылық, ізгілік, т.б. ұғымдарды бағалай алмайды.
2	Отбасы мен мектепте алған өнегесін өз бойында қалыптастыру қажеттігін түсінуі	Отбасы мен мектепте алған өнегесі туралы түсінігі жоғары, бауырмал, ынтасы жоғары, алған тәрбиесін саналы қабылдайды, тез шешім таба біледі	Отбасы мен мектепте алған өнегесі жайында түсінігі әркелкі, білуге ынтасы болғанымен, оған немқұрайлы қарайды, өз ойын толық жеткізгенімен, тез шешім қабылдауда қиналады	Отбасы мен мектепте алған өнегесі туралы түсінігі төмен, тәрбие туралы естіген, оқығандарын саналы қабылдамайды, оған зейін аудармайды.
3	Оқушылардың отбасындағы және қоғамдық ортадағы қайырымдылық істерге еліктеуі және өздерінің іс-әрекеттері арқылы дамытуы	Қоғамдық ортада қайырымдылық істер жасауға әрдайым дайын және іс-әрекетінде отбасы мен мектепте алған тәрбиесі тұрақты байқалады, ізгілік пен қайырымдылық іс-әрекеттерге өте алғыр, үнемі қол ұшын беруге, көмек қолын созуға дайындығы жоғары.	Қоғамдық ортада, іс-әрекетінде қайырымдылық, ұқыптылық, т.б. қасиеттер әртүрлі жағдайға байланысты кездеседі (тұрақты емес), ізгілік, қайырымдылық іс-әрекетті міндет деп есептемейді.	Іс-әрекетінде, жүріс-тұрысында қайырымдылық қасиеттерге қайшы, ұқыпсыз қылықтар көрсетеді, бауырмалдық, жақсылық жасауды білмейді.

Ол сондай-ақ дүние жүзі халықтарында өз елін, жерін, отбасын сүюге бағытталған саяси-идеологиялық талап-міндеттерінен де мысал келтіруге тура келеді. Ағылшын ағартушысы Д. Локк өзінің педагогикалық ойларында өз заманындағы джентельмендер тәрбиесін насихаттай отырып: «Ол үшін бүкіл жақсы қасиеттер бойынан табылуы қажет. Әрине тәрбиелі, білімді, дене бітімі дұрыс және өз Отанын қорғай білетін азамат – джентельмен болуы тиіс», - деп көрсетеді [149, б. 43].

Бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі туралы айтар болсақ, ол мынадай принциптерге сүйенуі тиіс:

- Өз отбасын, шежіресін, ана тілін, туған жерін жанындай сүйетін, қорғай білетін;
- Өз ұлтын әлемге танытатын;
- Өз халқына деген сүйіспеншілігі, бауырмалдығы жоғары;
- Өз отбасының ырымдары мен тыйымдарын берік ұстанатын;
- Өз отбасының салт-дәстүрлерін қастерлейтін және үнемі насихаттайтын;
- Өз отбасына арналған бауырмалдық тақырыптағы әндерін тыңдайтын;
- Мемлекеттік рәміздерді қасиет тұтатын және қорғай білетін.

Сөзімізді түйіндей келе, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде бауырмалдық, қайырымдылық, ізгілікті қалыптастыру мәселесіне арналған бастауыш мектептің оқу-тәрбие үрдісіне негізделген педагогикалық тәжірибе жұмыстарының нәтижесі туралы келесі тарауда түсінік береміз.

2 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

2.1 Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің педагогикалық шарттары

Қазіргі кездегі бастауыш мектеп – өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі өте маңызды болып табылады. Әдетте, бастауыш сыныптың ұстаздары баланы барынша мейіріміне тартып, отбасымен бірегелікте жұмыс жасайды.

Бастауыш сынып іс-әрекетінің ең бастысы – тәрбие түрлерінің (дүниетаным, еңбек, мінез-құлық, эстетикалық дене тәрбиесі) мақсаттары мен міндеттері жүзеге асыратын кезде отбасы тәрбиесінің ролі маңызды болып табылады.

Бастауыш сынып оқушысының тұлға болып қалыптасуында ата-анамен қатар бастауыш сынып мұғалімінің де рөлі өте зор. Ата-анасын, жүрген ортасын қосқанда оның тәрбиесіне мұғалімнен басқа бірнеше адамның қатысы бар. Балаға жүрек жылуы қашан да қажет және ол ешқашан артық болмайды. Ата-анасынан көрмеген сүйіспеншілікті мұғалімнен көрген бала менің ата-анам да осындай болса деп армандауы мүмкін. Сынып жетекшісі тек жақсы қырынан таныған бала үшін оның айтқаны анық, дегені дәл болып көрінеді.

Бастауыш сынып мұғалімі бала өміріне азық болар ең қымбат асыл қасиеттерін адамзаттық құндылықтармен, біліммен қамтамасыз етіп, қаруландырады. Алтын бесік – отбасы болса, ал алтын ұясы бастауыш сыныбы болып табылады. Отбасы адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп жатса, мектеп ақыл мен білім адамзаттық құндылықтармен толысқан, жан-жақты жетілген, өз бетімен өмір сүруге бейім, қоршаған ортамен тікелей байланысқа шыға алатын, толыққанды адам етіп тәрбиелеп шығарады. Осы екі ортаның да мақсаты – ортақ, міндет – біреу болып табылады.

Демек, педагогтар қауымының қиындықтарға жиі кездесіп, үнемі толғаныста жүретіні де содан. Осыған орай, кез келген сынып жетекшісі баламен байланысқа шықпас бұрын, оқу-тәрбие жұмысындағы қызметін өзін-өзі танудан бастағаны жөн. Өзіңнің бала болғаныңды, өзіңнің ата-ана екеніңді, өзіңнің ұстаз екеніңді ой елегінен жиі-жиі өткізіп отырсаң, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Ең бастысы, баланың жан азығына зәру екені еш уақытта ұмытуға болмайды. Олай болса, сынып жетекшісі балалармен және отбасымен жұмыс жасау барысында олардың барлық әлеуметтік, діни, тектілік т.б. көзқарастарынан хабардар болуы керек. Себебі отбасындағы тәрбие үдерісі олардың дүниетанымы мен әлеуметтік жағдайларына да байланысты болып табылады. Сондықтан отбасында болатын кез келген жағдайлардың бәрі де баланың іс-әрекетінен көрініс тауып отырады. Балалар бірінші кезекте ата-аналардың, бауырларының кез келген қарым-қатынасын қоғамдық ортаға әсерін байқатады. Отбасы негізінен тұлғаны

тәрбиелеп қана қоймайды, мелекеттің шағын үлгісі болып табылады. Сондықтан отбасындағы үлгі-өнегелер балалардың елдің патриоты болып қалыптасуына әсер етеді.

Сонымен қатар, «2013 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Заңға өзгертулер енгізу жөніндегі жарлығына сәйкес, қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы күні» болып бекітілген болатын. Мереке қарсаңында жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіледі» [150].

Осыған сәйкес, бүгінде ата-ананың басты мәселелерінің бірі – баланың іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады, яғни баланың тәртібі мен оқу-әрекетін қадағалау, талап қою, еңбекке үйрету, бос уақытын ұйымдастыру.

Баланың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастырудың негізгі шарттарының бірі күн тәртібін құру болып табылады.

Күн тәртібі дегеніміз - өмір тәртібі, еңбек пен демалыстың ұтымды ауысып отыруы, қойылған талаптарды орындау, жақсы әдеттерге үйрену. Күн тәртібін сақтау балаларды жинақылыққа, ұқыптылыққа үйретеді, жұмысқа деген қабілетін арттырады, уақытылы демалып, денсаулығына дұрыс әсер етеді.

Осы ретте, зерттеуші С. Қоңырбаева «Күн тәртібі баланы жинақылыққа, тәртіпке, ұқыптылыққа үйретеді, денсаулығына дұрыс әсер етеді, еңбек қабілетін арттырады. Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі белгілі дағдыны қалыптастырады, дағды әдетке айналады. Әдет бала өміріндегі қажетін қанағаттандырады», - дейді [151, б. 49].

Демек, күн тәртібін жасауды ата-ана баланың жасын, үй жағдайын, денсаулығын, мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің кеңесін, отбасы мен мектеп байланысының бірлігін еске алуы тиіс. Ал енді отбасында күн тәртібінің негізгі құрамды бөліктері – еңбек, демалыс, ойын, сабаққа дайындалу, тамақтану, ұйқы, т.б. дұрыс алмасып отыруы қажет.

Мектеп пен отбасында баланың жан-жақты қалыптасуы үшін тәрбие үдерісіне табысты ықпал жасайтын басты жағдайлар:

- Отбасының мектеп пен ұстаздармен жұмыс жасау үдерісінде педагогикалық мәдениетті сақтауы;
- Мектеп пен ата-аналар комитетінің тығыз байланыста немесе ата-аналар комитетінің жоспарлы жүруін бақылау;
- Діни отбасылардағы бала тәрбиесіне үнемі көңіл бөлу, оқу үлгірімі, баланың тәртібі, қоғам мен қарым-қатынасы;
- Жас отбасылардың ата-аналарымен педагогикалық кеңес жұмыстары мен бағыттары;
- Отбасының тәрбиелік мүмкіндігі: отбасылық тәрбие, әдістер, ата-аналардың және басқа отбасы мүшелерінің педагогикалық мәдени дәрежесі. Отбасының осы ерекше белгілерінің тәрбиелік ықпалы өте күшті, оларды тәрбие барысында ескеру қажет.

Осыған сәйкес, отбасының өзіне тән ерекше қызметтері бар. Олар халықтың өсуі, адамзат ұрпағын әрі қарай жалғастыру, қажеттілік,

шаруашылық қызметі, отбасы мүшелерінің өзара және туған-туысқандарымен қатынас жасау қызметі болып табылады.

Жалпы айтқанда, отбасындағы тәрбие түгел іске асып отырмайды. Тәрбиенің сәтсіздікке ұшырауының басты себебі тәрбиені жүргізіп отырған адамның педагогикалық көзқарастарының жеткіліксіздігі, адамның көңіл-күйі мен материалдық, әлеуметтік жағдайының нашарлығы да әсерін тигізеді. Оның басты себебі, әлеуметтік жағдайындағы отбасылық тәрбиенің тиімсіздігі мыналар:

- Отбасындағы өктемдіктің баланы өзін-өзі басқарудан, билеуден айырып, өз күшіне, мүмкіншілігіне сенуден қалып, оған қарсы қоярлық ішкі күш-жігерінің төмендеуі, сезімінің мұқалуы;
- Баланы өз еркімен жіберушілік, еркелік, бәрін кешірушілік. Баланың дегеніне көніп, жетегіне еру оны өзімшілдікке тәрбиелейді;
- Отбасында бірыңғай талаптың болмауы, ересектер арасындағы алауыздықты пайдаланып, баланың екі жүзді және жағымсыз нәрсеге бейім болып өсуі;
- Ата-ананың баласының іс-әрекетіне немқұрайлы қарап, жауапсыздық танытып, баланың кездейсоқ, күмәнді адамдармен танысуға мүмкіншілік алуы.

Ғалымдардың пікірінше, балаларды барынша қоғамдық өмірге, өмір сүруге бағыттап, оны бостандыққа тәрбиелеудің маңызы зор деп сипаттайды. Яғни, ата-ананың берген жақсы тәрбиесі арқылы бала өз бетінше қоғамдық ортаға бейімделуіне мүмкіндік береді. Демек, ата-ананың тәрбиесі, педагогикалық мәдениеттің негізгі үлгісі деп білеміз. Яғни, «Тәрбие үдерісінде жеке адамның қалыптасуына ата-аналардың ықпалы олардың жалпы және педагогикалық мәдениетке байланысты», - болып табылады [152, б. 509].

Бүгінгі күні барлық бастауыш сыныптарға тән ата-аналар комитеті педагогикалық ұжыммен бірлесіп, балалардың демалысын, қиын отбасыларын қамқорлық жасап, олармен тығыз байланыста. Балалардың тұрған жеріндегі жұмыстарды ұйымдастыруға қатысып, ата-аналар жиналыстарын, конференцияларын, семинарларын, балалар мерекелерін, отбасы күнін өткізуге арналған дайындық жұмыстарына қатысады. Осыған сәйкес, біз ата-аналардың педагогикалық мәдениетіне арналған жұмыстарға, халық педагогикасы арқылы ата-анаға психологиялық-педагогикалық білім беріп, тәрбие мен оқыту теориясы және тәжірибе саласында білім жинақтайды. Бұл сабақтардың тиімділігін арттыру үшін конференциялар, семинарлар, тәжірибелік сабақтар, кеңестер, танымжорықтарды пайдаланғанымыз жөн. Демек, уақыт талабына сәйкес, нарықтық экономикаға өтумен байланысты бұл салада ойланып істейтін шаралар көп. Егер қоғамға пайдалы адамдар тәрбиелеп шығару қажет деп тауып, педагогикалық білімнің маңызын көтеру қажет болса, мемлекет оны шешудің экономикалық кілтін табады.

Отбасында ата-аналарға негізінен бала тәрбиесіне байланысты ұсынылатын әдебиеттер тізімі ата-аналарға әрбір сынып арқылы жүйеленіп берілуі қажет. Ол туралы В.А. Сухомлинский оқушылардың ата-аналарымен

жұмыс істеудің мазмұнына ерекше назар аударып, «Тек ата-аналармен бірге жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақытты беруі мүмкін», - дейді [153, б. 216].

Балалардың жеке дамуы барысында қоғамдағы кері факторлармен бірге олардың қатар өмір сүруіне негіз болатын мықты тәрбиесі болып табылады. Ондағы баланың жеке қасиеттері мен белсенділігі, алғырлығы, тез шешім қабылдай білу, ұжыммен тез тіл табыса білуі де маңызды роль атқарады. Керісінше қазіргі кезде ұялы телефонмен тәрбиеленіп келе жатқан балалардың тез тіл табысу, қоғамдық ортаға бейімделуі өте қиын болып табылады. Психолог ғалымдардың пікірінше балалардың арасында кез келген психологиялық факторларға тез бейімделгіш тұлғалар өте аз деп сипаттайды. Балалардың арасында бүкіл темперамент өкілдерінің үйлесімді болуы да әлеуметтік ортамен сипатталады. Балалардың үй тапсырмаларын орындаудағы проблемалары және үлгірмеушілігі байқалуда. Яғни қиындықтарға төтеп бере алмайды.

Мұндай сангвиник балаға көмек бере отырып, оның намысына тимей, тапсырманы орындауын табандылықпен талап ете білуі керек. Сонда ғана баланың ісінде жаңа қарқын тауып, ол алдына қойған мақсатын орындаудың қажет екенін сезеді. Олай болса, отбасы мектеппен бірге тәрбиелік ортаның тұтастай негізгі ықпал ету факторларын жасайды. Сондықтанда педагогикалық әрекетте бастауыш мектептің жалпы міндеттерінің көлемінің кеңдігіне қарамастан ата-аналармен жұмыстың маңызы ерекше. Яғни, педагогикалық әрекеттегі үштік одақ «Мұғалім – Оқушы – Ата-ана» қатысты жағдайда жаңа демократиялық қарым-қатынасқа ие болды. Олай болса, осы қарым-қатынасты реттеп отыратын әкімшілік басқару жүйесі ендігі жерде келмеске кетті, оның орнына жаңадан басқару жүйесі, яғни ата-аналарды тыңдайтын, солармен біргелікте ақылдасып жұмыс жасайтын корпоративтік басқару жүйесі енгізілді. Бұдан былай, мектеп директорлары бір орнында қалмай, ротациялауда жүзеге асырылуда. *Ұсыныс ретінде, болашақта шетелдегідей мектеп директорларын ата-аналар комитеті тағайындайтын жағдайға жетсе, үлкен жетістік болар еді деп есептейміз.*

Бүгінде мектептегі ата-аналармен жұмысының кейбір дәстүрлі түрлері өзінің маңызын жоюда, атап айтар болсақ, ата-аналар жиналысы, ата-аналар лекториясы, ата-аналардың ашық күні, ата-аналардың жұмыс орындарымен байланыс, баланың отбасын қадағалау т.с.с., бұлардың бәрі жаңа мазмұнға ие болып, өзгеруі мүмкін. Түйіні шешілмеген мәселелерді ұстаздар мен ата-аналармен оқушылар өзара байланыссыз қалып отыр. Әсіресе, мұндай жағдай педагогтардың ата-аналармен ынтымақтастық қарым-қатынасына кері әсерін тигізуде. Сондықтан мектептерде педагогикалық консилиумдар өткізіліп, ата-аналар мен ұстаздар бала тәрбиесін талқылағанда, нақты проблемаларды шешуде маңызы зор. Анықтамалық сөздікте «Педагогикалық консилиум – эксперттік бағалаудың түрі, ол белгілі бір бағдарлама және бірыңғай белгілермен оқушылардың тәрбиесі мен жетістігі дәрежесін ұжымдық талқылау негізінде қабылданады. Баланың қалыптасуындағы кемшіліктерді анықтап, оны

жоюдың құралдары туралы ұжымдық пікір білдіруге болады», - деп келтіреді [154, б. 138].

Ата-аналар балаларды тәрбиелеу ісінде мектеп пен қарым-қатынас, тікелей байланыс жасауды басты міндетіміз деп есептеуі тиіс, өйткені, олардың өз балаларын тәрбиелеудегі жетістіктері педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие жұмысының нәтижесіне байланысты. Бұл жағдай оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнын, сапасын және тиімділігін жақсарту үшін отбасы мен мектеп ынтымақтасып жұмыс істеулерін қажет етеді. Олардың әрқайсысы оқушылардың қоршаған ортаға деген, құндылық қатынасын қалыптастыруда басқа адамның жеке тұлғаға құрметінен бастап, болмысты эмоциялық-эстетикалық қабылдауға дейінгі, құндылық сапаларын тәрбиелейді. Білімді терең меңгеруге, оларды өнегелік түрде түсініп, сезінуге, оқушыларды адамгершілік-құндылыққа үйрету іс-әрекетті ұйымдастыруымен сипатталады.

Бастауыш мектепте пән мұғалімдерінің оқушыларды тәрбиелеуі сынып жетекшілерінің басшылығына тәуелді. Осылайша, олар сыныптағы тәрбие жүйесін жүзеге асырады. Сонымен, *сынып жетекшісі дегеніміз – оқушылар тәрбиесін реттеуші мұғалім*. Мектептің тәрбие міндеттеріне сүйене отырып, өз сыныбындағы оқушылардың ерекшеліктері мен тәрбиелілік деңгейлерін ескере отырып, осы мәселені шешуге мұғалімдер оқушыларды, ата-ананы, т.б. біргелікте тәрбие жұмысын ұйымдастырады. Сынып жетекшісінің жұмысында сыныптан тыс тәрбие көрініс табады. Нақты айтар болсақ, «Сынып жетекшісі қызметі 1934 жылы енгізілді» делінген [155, б. 259].

Қазіргі уақытта оқушы жеке тұлғасын қалыптастыру, оның қабілеттілігін дамытудағы рөлі жоғары болып табылады. Бұл ретте, сынып жетекшісі – пән мұғалімдері мен ата-ананың әрбір оқушыға ықпалын үйлестіретін тәрбиені ұйымдастырушысы. Сонымен бірге сынып жетекшісінің жұмысы мектеп Жарғысымен белгіленеді. Алайда бұл тізім оның іс-әрекетінің барлық қызметін қамти алмайды. Оның іс-әрекетінің әртүрлі бағыттары көптеген зерттеулерде қарастырылған.

Сынып жетекшісінің мектептегі қызмет әрекетін профессор Н.Е. Щуркова өзінің «Система достойного воспитания» еңбегінде жаңа мазмұнда қарастырған.

«Жалпы оқушы мен ата-ана үшін:

- әрбір оқушыны қажетті оқулықтармен және әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;
- баланың көзінің көруі, құлағаның естуі, оның бойын ескеріп, әрқайсысының қабілеті мен белсенділігіне қарай оқу бөлмесіне санитарлық-гигиеналық талаптарға сай қамтамасыз ету;
- сыртқы киім мен аяқ киім қоятын орынның болуы;
- мектептің ертеңгілік тамағының тәртібі мен асхананың тазалық ережесін қамтамасыз ету;
- оқушы үсті-басын ретке келтіре алатын дәретхана бөлмелерінің орналасуы мен оларды пайдалану мәдениетін ескерту;

- сынып бөлмесінің ішкі көрінісін, бөлменің жарықтығы, бөлменің көркемдігін сақтайтын кезекшілер қою;
- әрбір баланың киімі мен аяқ киіміне гигиена, эстетика тұрғысынан талап қою;
- ата-аналарға әрбір оқушыны сабақ кестесі мен сынып бөлмелерінің орналасуынан хабардар ету;
- оқушыға барлық сынып бөлмелерінің неге арналғанын, оларды пайдалану ережелерінен (директор кабинетінен бастап, ойын бөлмесі мен медициналық бөлмеге дейін) түсінік беру», - дейді [156, б. 176].

Демек, балалардың өмірді түсініп, сезінудің рухани іс-әрекетін ұйымдастыру, ол дегеніміз – оқушылардың рефлексиясы, өмір құндылықтарын түсініп, сезінудегі өзіндік талдауға және өзінің ішкі дүниесін дамытуға жәрдем беру. Осыған орай тәрбие нәтижелерінің диагностикасы негізінде жеке тұлғалық дамудың сипаттамасы. Сынып жетекшісінің диагностикалық іс-әрекеті тәрбиелік жүйені құрудың негізі болып табылады. Жеке тұлғаның қалыптасуы ерекше қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген жеке тұлғаның қасиеттері оқу барысында сабақта да, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында да қалыптасады.

Еліміздің бастауыш мектептеріндегі тәрбие мазмұны ұлттық салт-дәстүрлерге сәйкес жетіліп келеді. Оны өнегелілік түрде түсініп, ұғыну – мұғалім алдында тұрған маңызды мәселе. Мұғалім оқу пәндеріндегі тәрбие мүмкіндіктерін білуі тиіс. Бұл орайда гуманитарлық саладағы пәндердің орны ерекше. Көптеген мұғалімдердің сабақтың тәрбиелік міндеттерін орындау мүмкіндігі деңгейіне дейін жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде сынып жетекшісі негізінен мынадай тұжырым ережелерді ұғынып, түсінген жағдайда ғана тәрбие міндеттерінің шешімі нәтижелі болмақ:

- тәрбиенің ұлттық құндылықтарға бағытталуы;
- тәрбиенің өзгермелі қоғамға сәйкестігі;
- тәрбие іс-әрекетінің мақсаттарының бірлігі, оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдердің өзара әрекеттестігі тәрбие жүйесінің кепілі.

Біздің ойымызша, бастауыш сынып оқушыларының ізгілік қатынастарды меңгеруі ол үлкендердің өнегесімен байланысты болып табылады. Себебі оқушылар, ізгілік, адамгершілікті үлкендерден қарап, қабылдап өседі. Демек, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуы барысында мотив, танымдық, мінез-құлық, эмоциялық сезім құрылымынан тұрады. Осылайша, мотивті қалыптастырып, білім беріп, іс-әрекетті ұйымдастырып, жағымды эмоциялар баланың қоршаған болмысқа деген сенімін арттырады.

Сынып жетекшісінің іс-әрекетінде басқару теориясының маңызы бар. Ұстаздың негізгі жұмысы – оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру, ал ұйымдастыру басқару теориясының құрамды бөлігі болып табылады. Оның заңдылықтарын білу мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қатынасты, сыныптағы тәрбие жүйесін басқаруға мүмкіндік береді. Тәрбие жүйесінің қызметіндегі маңыздысы оқушылардың іс-әрекетінің түрлерін тиімді таңдау (тәрбиелік шаралар) және оларды өткізу. Адамды қалыптастыратын негізгі іс-

әрекеттер: танымдық іс-әрекет, материалдық еңбек, қоғамдық пайдалы жұмыс, бағалау-бағыттау әрекеті, ойын іс-әрекеті, қарым-қатынас, спорттық-сауықтыру, көркемдік-шығармашылық іс-әрекет. Басқару теориясы тәрбиелік шараларды дайындаудың нәтижелі әдісін анықтауға мүмкіндік береді, олар:

- Тәрбиелік шаралардың нақты бір формасын таңдау (сынып сағаттары, демалыс кеші);
- Шаралардың мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- Белсенді топпен бірігіп тәрбие жұмыстарын жоспарлау;
- Жұмысты ұйымдастыру міндеттерін белсенді топ мүшелеріне бөліп беру;
- Мерекеге дайындық;
- Сынып жетекшісінің тәрбие шараларын дайындауда оқушыларға ақыл-кеңес беруі;
- Белсенді топпен бірігіп шараларға дайындықты тексеру;
- Оқушылармен бірігіп өткізілген шараларға талдау жасау.

Тәжірибе көрсеткендей, осы ұсынысты қолдана отырып, сыныпта осындай тәрбие жұмыстарын өткізуге болады. Сынып жетекшісінің жұмысында сыныппен немесе жеке бір оқушымен этикалық әңгіме өткізу ерекше орын алады. Жетіліп келе жатқан тұлғаның қиындықтарын адамгершілікпен түсіндіру, ересек адам тарапынан көрсетілген өз мезгіліндегі моральдық қолдау, оқушының жеке тұлғасының қалыптасуына көп әсер етуі мүмкін. Өкінішке қарай, көбінесе этикалық әңгімелер үгіт-насихатпен алмастырылады. Оның орнына сынып жетекшісінің өнегелі, тәрбиелік мағызы зор әңгіме әдісінің орны ерекше болып табылады. Өзінің ғылыми еңбектерінде В.А. Сухомлинский «Мұғалімнің сөзіне, оның оқушымен әңгімесіне зор мән беру керек» деген пікірді қуаттайды [157, б. 264].

Мұндай жағдайда отбасы баланы тәрбиелеуде бастауыш мектеппен одақтас ретінде қарастырған жөн. Дегенмен, бастауыш сынып оқушыларымен тәрбиелік жұмыста көп еңбек етуді, көп ізденуді қажет етеді. Әсіресе, сынып жетекшісінің жауапкершілігі мол. Ол өз кезегінде оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста болған жағдайда ғана нәтижелі жұмыс жүргізуге болады. Ал ата-аналармен мақсатты түрде бірлесе жұмыс жасау ұзақ уақытты қажет ететін үрдіс. Ол отбасын, оның жағдайын және отбасы тәрбиесіндегі ерекшеліктерін жүйелі және жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Қазіргі кезде сынып жетекшісінің ата-аналармен жұмысы қиындап кетті. Себебі, ата-аналардың дені жұмыс басты, балаларға қажетті тәрбиені бере алмайды, немесе қолдары тимейді. Сонымен қатар, сабақ үрдісінің күрделі болуы да бастауыш сынып оқушыларымен бірге жұмыс жасауына кедергі келтіреді. Сондықтан, біз мектептің ата-аналар жиналысын барынша солардың ыңғайына негіздеп ұйымдастыру керек деп білеміз. Оларға онлайн форматында өткізу тиімді болып табылады. Атап айтар болсақ:

1. Бірінші ата-аналар жиналысында сынып жетекшісі ата-аналарды тәрбие жұмысының мақсат-міндеттері және, жоспарымен таныстырады. Ата-аналармен бірлесіп оны жүзеге асыру жолдарын қарастырады. Жүргізілетін пәндердің ерекшеліктерін, мазмұны мен әдістемесін таныстырады.

2. Ата-аналарға ақпараттық мәдениетті меңгертудің маңызы зор. Педагогикалық және психологиялық зерттеулердің нәтижелері ата-аналардың медиа мәдениетінің төмен деңгейін үнемі атап көрсетеді. Сондықтан бүгінде қоғамның ата-аналардың ақпараттық мәдениетіне деген сұранысы күннен-күнге артып келеді.

3. Балалармен бірге ата-аналарды іс-шараларға тарту. Мұнда тәрбие аясын кеңейту, оқушының жеке басының дамуына әсер ету өрісін арттыру, сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру, осы іс-шаралар барысында сынып жетекшінің, ата-аналар мен оқушылардың өзара қарым-қатынасын жақсарту көзделеді.

Қазіргі мектеп тәжірибесінде ата-аналарды балалармен бірге іс-әрекетке тартудың әртүрлі формалары қолданылады. Атап айтсақ:

- Сыныптан тыс тәрбиелік іс-шараларға қатыстыру (топсеруен, саяхат, спорттық жарыстар);
- Жалпы мектепшілік өткізілетін әртүрлі мерекелер мен дәстүрлі іс-шараларға қатыстыру (жаңа жыл, 8-Наурыз Халықаралық әйелдер мейрамы, Наурыз мерекесі, күзгі бал т.б.);
- Оқушылардың сабағына (тақырыптық кештерге, пән апталықтарына, ашық есік күндеріне, әртүрлі байқауларға т.б.) қатыстыру;
- Көрмелер ұйымдастыруға, мектеп ауласын көгалдандыруға қатыстыру.

Кейбір ата-аналар сынып жетекшісіне барынша қолдау көрсетеді. Мысалы: «баласы бір іске жауапты болса, оның ата-анасы баласына көмек көрсетіп, оған бағыт-бағдар беріп отырады. Ата-аналарды мектеп өміріне қатыстырып отыру мұғалімнен шеберлікті талап етеді. Сынып жетекшісінің бұл бағытта ата-аналармен өзара ынтымақтастықта жұмыс жасауы, бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін нығайтады», - дейді [158, б. 71].

Ғалымдардың пікірінше, әр елде, сонымен қатар, отандық педагогикада жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сай, ата-аналар балаларын тәрбиелеу барысында айтулы қиыншылықтарға кездеседі. Сондықтан да олар педагогтардың ақыл-кеңестерін тек отбасы жағдайында барлығына қажет болып табылады. Себебі қоғамның даму бағытына сәйкес бала тәрбиесіне де талаптар жаңа мазмұнда қажет. Сондықтан ата-аналарға бала тәрбиесінде, біріншіден, педагогикалық білімдерді жинақтауға, екіншіден, олардың өздерінің де педагогикалық сауатты болуын көздейді. Мұның бәрі де мектеп пен ата-аналардың өзара әрекеттестігінің нәтижесінде жүзеге асады. Ол мектеп тәжірибесінде ата-аналармен кездесу, ата-аналар белсенділерімен жұмыс жасау, ата-аналармен тренингтер, диспуттар, педагогикалық дәрістер ұйымдастыру жұмыстары барысында атқарылады.

Қазіргі кезде сынып жетекшісінің ата-аналармен семинар және тренингтер өткізуі дәстүрге айналған шаралар болып табылады. Балалардың отбасында тәрбиелік өнегелер алуы, мұғаліммен өзара бірлескен жұмыстар нәтижесін құрайды. Ата-аналармен әңгімелесу барысында баланың мінез-құлқы, оқуға ынтасы мен қабілеті, мектептегі достары туралы ашық пікір алмасып, баланың өмірге көзқарасын дұрыс қалыптасуына ықпал етеді.

Балалардың күн режимі, оларды еңбекке баулу, үйге берілген тапсырмаларды орындауы жайлы ата-аналарға педагогикалық кеңес беріледі.

Ата-аналар жиналысы. Мектеп пен отбасын байланыстыратын жұмыстың негізгі формасы, онда сынып пен ата-аналар топтарының өмірінің мәселелері талқыланады. Сынып жетекшісі дайындық үдерісінде ата-аналарға басшылық жасайды және жиналыстың қарапайым қатысушысы болып табылады. Алғашқы кездесулер, мәселелерді демократиялық талқылауға мысал келтіре отырып, ол өзін-өзі басқара алады, ал болашақта бұл рөлді ата-аналардың заңды түрде орындайды.

Алғашқы ата-аналар жиналысында бастауыш сынып мұғалімі әр отбасына барғысы келетінін айтады. Бұл үйде ата-аналарға баласының дамуы мен тәрбиесінің ерекшеліктері туралы айту оңай болатындығымен түсіндіріледі. Мұғалім үшін оқушылар қандай жағдайда өсіп жатқанын, оның мектепке дайындығын, отбасының барлық мүшелері арасында қандай қарым-қатынас қалыптасып жатқанын, бос уақыттарын қалай өткізетінін білуі маңызды. Оқушыларының жағдайын білу үшін отбасына мұғалімнің келгеніне балалар өте қуанышты болады, олар оған дайындалады, сондықтан сізге көрсеткісі келетін барлық нәрсені көру үшін уақытты арнайы жоспарлау қажет. Келген кезде қолайсыздықты болдырмау үшін ата-аналар күні мен уақытын өздері белгілейді. Қыркүйектің бірінші күндерінен бастап ақпараттық бұрышта кесте орналастырылады, онда бағандарда оқушылар тізімі, ал қатарларда ата-аналар белгілеген кездесудің мүмкін болатын күндері жазылады.

Кейде бастауыш сынып мұғалімдері отбасына барғанда ыңғайсыздық сезінеді. Мұндай сапарларды қарапайым достық сапар деп санауға және соған сәйкес әрекет етуге болады. Отбасының әрбір мүшесімен таныса отырып, сонымен сөйлесудің неғұрлым қалай ыңғайлы екенін – атымен немесе аты және әкесінің атымен белгілеу қажет. Сапар барысында мұғалім фотосуреттерді, бейнежазуларды көре алады, отбасы мүшелерінің қызығушылықтары мен қабілеттері туралы біле алады.

Мұғалім пен отбасы арасындағы қарым-қатынастың табысты дамуы үшін оқушы арқылы берілетін дәптерлер немесе күнделіктер (жазбалар) қолданылады. Олар оқушының жаңа жетістіктері туралы қысқа хабарламаларды немесе көрсеткен көмегі үшін ата-аналарға ризашылығын қамтуы мүмкін.

Әдетте ата-аналар мұндай хабарламаларды оқуға қуанышты және жиі жауап жібереді. Мұның бәрі, егер мұғалім осы баламен қандай да бір арнайы жұмыс жүргізсе, ал оған ата-анасы көмектессе, өте маңызды болмақ.

Ата-аналар жиналысы мектеп бойынша жылына екі рет, ал сынып бойынша жылына төрт рет өткізіледі. Жиналысты дұрыс ұйымдастырып өткізуге ата-аналар комитеті мен ата-аналар белсенділері және мектептің педагогикалық ұжымы тікелей жауапты болады. Сыныптың ата-аналар жиналысында оқу-тәрбие мәселелері талқыланып, оның сапасын жақсартудың талаптары белгіленеді. Сонымен қатар, ата-аналар сынып жетекшісімен бірге оқушылар туралы, олардың тәртібі мен тәрбиесінен мағлұмат алады.

Мазмұнында: «сынып жетекшілері ата-аналарды сыныптың алдағы оқу-тәрбие жоспарымен, ал мектеп басшылығы ата-аналарға алдағы оқу-тәрбие жоспарымен таныстырады», - делінген [159, б. 81].

Мектеп тәжірибесінде тақырыптық ата-аналар жиналысын өткізудің тәрбиелік мәні зор. Мұндай жиналыстардың мақсаты – ата-аналарды психологиялық-педагогикалық білім мен тәжірибе жаңалықтарымен таныстыру, ой қорыту болып табылады.

Ата-аналар комитеті немесе ата-аналардың келесі тобы (іс кеңесі) жиналыстың барысын талқылайды, жетекшіні таңдайды және жиналысқа шығарылған мәселелерді шешудің нұсқаларын анықтайды. Кездесулер мұғалімнің монологына айналмай, әңгіме, өзара пікір алмасу, бірлескен ізденіс сипатына ие болады. Кездесуге қатысушылардың шығармашылық қабілетін арттырудың тиімді әдістерінің бірі – оларды бірлескен зерттеу қызметіне қосу. Мысалы, ата-аналарға балалардың мінез-құлқын мақсатты түрде бақылап отыру және жиналыста нәтижелерімен бөлісу ұсынылады. Осының негізінде мұғалім мен ата-аналар анықталған кемшіліктерді жою, оң нәтижелерді бекіту үшін бірлескен жұмысты қалай құру керектігін анықтайды. Ата-аналардың дәрісханасы ата-аналарды тәрбиелеу мәселелерімен таныстыруға, олардың педагогикалық мәдениетін арттыруға, бала тәрбиесінде ортақ тәсілдерді дамытуға көмектеседі. «Дәрісхана» атауы шартты болып табылады. Ата-аналарға тек дәрістер оқытылады деген сөз емес.

Жұмыс формалары әртүрлі, олар көбінесе ата-аналардың позициясын тыңдаушы ретінде емес, олардың белсенділігін, шығармашылығын, мәселелерді талқылауға, сабақты ұйымдастыру мен өткізуге қатысуын ынталандырады. Дәрісхананың тақырыптарын анықтауға ата-аналар қатысады. Егер оларға сабақтардың тақырыптарын тұжырымдау, сабақтардың тақырыптарын құрастыру қиын болса, мұғалім қолда бар әдістемелік ұсыныстарды, сондай-ақ осы ұжымдағы балаларды тәрбиелеу мәселелерін ескере отырып, мүмкін болатын тақырыптар жиынтығын ұсына алады. Сабақтарды дайындауды кезек-кезек ата-аналар тобы жүргізген жөн (іс кеңесі). Тақырыптың күрделілігіне, оған ата-ананың дайындығына, мұғалімге, іс кеңесіне мамандарды тартады немесе материалды таңдап, сабақты өз бетінше жүргізеді. Мұғалім ата-аналарға баланың сол немесе осы аптадағы жетістіктері туралы хабарлайды, нені назарға алғысы келетінін көрсетеді. Егер бұл күні отбасында мереке тойланса, сіз құттықтау жаза аласыз. Ата-аналар сол күнделікке жазбалар, өтініштер немесе тілектер жазады. Бұл әдіс әсіресе өз ойын жазбаша түрде оңай жеткізетін немесе мұғаліммен кездесуге мүмкіндігі жоқ ата-аналарға қолайлы. Уақыт өте келе, ата-аналармен қарым-қатынас жақындай түседі, сенім артады және бұл отбасылар мен олардың балаларының қажеттіліктерін, қызығушылықтарын дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Байланыстың тағы бір әдісі – хабарландыру тақтасы. Онда кездесу туралы ақпаратты, сабақтар мен қоңыраулардың кестесін, танымжорықтан кейінгі оқушылар суреттерін, сыныптың суреттерін қоюға болады. Тақта жарқын және түрлі-түсті болуы керек, ал ақпарат уақтылы – кем дегенде

аптасына бір рет жаңаруы керек. Барлық оқушылардың телефон нөмірлерінің тізімі, есте қаларлық күндердің (оқушылардың туған күндерінің) күнтізбесі үнемі ілініп тұрады.

Келесі әдістің бірі әлеуметтік желі арқылы, ата-аналармен – «Таңертеңгі пошта» әдісін қолданған жөн, күн сайын өзгертін мұндай жазбаның маңызы зор. Онда мұғалім оқушылардың бүгін не оқығанын, нені назарға алу қажет және неге дайындалу керектігін, сонымен қатар сыныптағы іс-шаралардың постерін жазады. Ата-ананың бұрышында оқушылардың соңғы дербес немесе тест жұмысы жазылған папка бар. «Күннің батыры» стенді сол күні өзін ерекше көрсеткен балаларды белгілейді. Ата-аналар бұрышында психологтар мен мұғалімдердің кеңестері, ұсыныстары, ата-аналарға арналған жадынамалары бар папкалар бар. Дәптер де бар, оған ата-аналар жауап алғысы келген сұрақтарды жазады. Мұнда отбасындағы балалар тәрбиесіне ерекше мән беріледі. Отбасындағы тәрбие тағылымдық, өнегелік қағидаларға негізделіп, ата-ананың балаға деген қатынасын анықтайды. Отбасының бірлігі оның мүшелерінің бір-біріне адамгершілік, ізгілік, құқықтық, т.с.с. өзара жауапкершіліктеріне, түсініктеріне, сонымен қатар эмоционалдық (сезімдік) жақындықтарына негізделеді. Бір жағынан отбасы – адамдардың өзінің ішкі өмірін, құпияларын, сырларын қарсы тұрған сыртқы әсерлерден қорғайтын бірлестік.

Сонымен қатар отбасы қоғамдық қарым-қатынасқа, оның барлық өмірінің үрдісіне ықпалын тигізе алады. Отбасы адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандырып қоймай, бірқатар әлеуметтік функцияларды орындайтын қоғамның әлеуметтік құрылымы, бір элементі болып табылады. Балалар отбасында тәрбиенің негізгі бөлігін ата-аналардан алады. Дегенмен мектепте мұғалімдердің басым бөлігі әйел адамдар болып табылады. Сондықтан гендерлік мәселелер де байқалып отрады. Қалай болса да әкенің рөлі ананың рөлінен кем болмауы керек. Ол тек адамның жауапкершілік сезіміне байланысты болады.

Отбасымен нақты байланысты қамтамасыз ету бойынша негізгі ауыртпалық сынып жетекшісінің мойнына түседі. Ол өз іс-әрекетін ата-аналар комитеті, ата-аналар жиналысы, осы сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдер арқылы ұйымдастырады. Сынып жетекшісінің отбасымен байланысты сақтаудағы тәжірибелік-әрекетінің маңызды бөлігі – оқушылардың үйіне жеке бару, оның өмірінің жағдайын сол жерде зерттеу, тәрбиелік әсерді күшейту, қажетсіз нәтижелердің алдын алу бойынша бірлескен шараларды ата-аналармен келісу және үйлестіру. Сынып жетекшісінің ағарту қызметі дәстүрлі қызметі болып қала береді, көптеген отбасылар педагогикалық кеңестер мен кәсіби қолдауды қажет етеді.

Ата-аналар жүргізілетін тренингтер мен семинарларда отбасылық тәрбиенің міндеттері, формалары мен әдістері, осы жастағы оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктері; әр түрлі жастағы тәрбиелеу тәсілдері; білім берудің адамгершілік, дене, еңбек, интеллектуалды секілді жекелеген бағыттары; шындықты интеллектуалды меңгерудің жаңа аясы – экономикалық,

экологиялық, құқықтық білім; балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мәселелері; азаматтық және патриотизм; парасаттылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу туралы дәрістер мен әңгімелер жүргізу пайдалы.

Отбасылық тәрбиесінің ең өзекті бағыты – ата-аналар мен балалар арасындағы алшақтықты, жанжалдар мен дағдарыстық жағдайларды жеңу, отбасылық тәрбиеде қиындықтар мен кедергілердің пайда болуы, қоғам алдындағы жауапкершілік мәселелерін бөлек қарастырған жөн.

Қазіргі кезде ата-аналар жиналыстарында ата-аналарға оқу үлгерімі мен сабаққа қатысу нәтижелері, тәртіпті бұзу, оқуда артта қалып қою фактілері туралы хабарлап қана қоймай, сонымен бірге олардың себептерін білу, жағымсыз құбылыстарды жеңудің жолдарын қызығушылықпен талқылау, нақты шараларды белгілеу маңызды. Ата-аналар жиналысын ақыл айту мен ақпарат жеткізуге айналдыруға болмайды. Оқушы мен оның отбасына көпшілік алдында жала жабуға болмайды; мұғалімнің судья рөлін атқаруына, шешімдер мен үкім шығаруға қатаң тыйым салынады.

Гуманист-мұғалімнің біреудің сөзін жеткізуге, қатал үкім шығаруға құқығы жоқ, өйткені ол бастауыш сынып оқушыларын белгілі бір әрекетке жетелейтін себептердің қаншалықты күрделі және қайшылықты екенін түсінеді. Қатал қоғамда сынып жетекшісі шыдамдылық, мейірімділік пен жанашырлықтың үлгісін көрсетеді және оларды қорғайды. Оның ата-аналарға берген кеңесі – жұмсақ, ойластырылған, мейірімді болғаны жөн.

Ата-аналар жиналысында талқыланатын тұрақты тақырып – отбасы мен мектеп талаптарының бірлігін сақтау. Бұл үшін үйлестіру жоспарының нақты аспектілері алынады, олардың орындалуы талданады және сәйкессіздіктерді жою жолдары көрсетіледі. Өскелең ұрпаққа адамгершілік тәрбие беру өткір мәселе болып қала береді, олардың әр түрлі аспектілерін ата-аналар жиналыстарында үнемі талқылауға тура келеді. Соңғы жылдары көптеген мұғалімдер жергілікті дін қызметкерлерін имандылық туралы әңгімеге шақырады.

Сынып жетекшісінің отбасымен жұмысының дәстүрлі түрі – ата-аналарды мектепке әңгімеге шақыру. Адамгершілік бағыттағы мектептерде мұның себебі – оқушылардың жетістіктерін айту, оқушының дарындылығын одан әрі дамыту бағдарламасын келісу үшін ата-аналарға хабарланады. Бастауыш сынып оқушылары күнделікті шараларға қатысып, қоғамның материалдық саласында адамгершілік және еңбек бағдарларын дұрыс таңдап дамытады. Қарым-қатынас тәсілі – балалар мен ересектердің мінез-құлық нормаларын игеруіне көмектеседі.

Қазіргі кезде мектептерде әрқашан бір себеп болады – мінез-құлыққа немесе оқуға қанағаттанбау, себебі – нақты факт. Зерттеулер көрсеткендей, ата-аналарды осындай мектепке шақырулар, теріс эмоциялар тудырып, көбінесе ата-аналарды мектептен, мектепті балалардан алшақтатады.

Көптеген мектептер әр ата-ана аптасына бір рет келуі керек деген ереже енгізеді. Содан кейін оқушының теріс қылықтары, егер олар келесі келгенде

болатын болса, қалыпты түрде қабылданады және жалпы позитивті жағдайда қарсы күрт реакция тудырмайды. Бұл үлгіде мектеп ата-аналарға өз балаларын жүйелі түрде тәрбиелеуге көмектеседі (және оларға үйретеді!). Әрине сынып жетекшісінің жүктемесі едәуір артады, өйткені ол күн сайын 4-5 ата-анамен сөйлесуі керек, ал пайдасы орасан зор. Уақыт өте келе, үздік және үлгермеуші, тәртіпті және тәртібі онша емес оқушыларға ынталандырушы әсер ететін тұрақты «кесте» құрылады.

Сынып жетекшісі өз оқушыларының отбасыларына барады, олардың өмір сүру жағдайын ғана емес, сонымен қатар отбасылық тәрбиені ұйымдастыру сипатын да зерттейді. Тәжірибелі мұғалім үйдегі атмосфера мен отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы көп нәрсені айта алады.

Оқушыға үйге барғанда мына нұсқауларды орындау қажет:

- Шақырусыз бармау, отбасы мүшесінен шақырту алуға тырысу;
- Ата-анамен сыпайы болу, әрқашан мақтаудан бастау;
- Оқушыларға қатысты шағымдар айтпау, проблемалар мен оларды жедел шешу жолдары туралы айту;
- Оқушының қатысуымен сөйлесу, ерекше жағдайларда ғана құпия кездесуді сұрау;
- Ата-анаға шағым айтпау;
- Оқушылардың тағдырына өз қызығушылығын көрсету;
- Кеңес пен ұсыныстарды бергенде артық кетпеу, өз талаптарыңыздың деңгейін және отбасының мүмкіндіктерін өлшеу;
- Бірлескен жобаларды ұсыну, бірлескен істер туралы келісу;
- Негізсіз уәделер бермеу, қиын жағдайда өте ұстамды болу, оптимизмді абайлап білдіру.

Өкінішке қарай, ата-аналармен жүргізілген кәсіби емес жұмыс мұғалім мен оның сыныбының беделін түсіреді. Ата-аналар өз балаларының тағдырына сынып жетекшісінің қызығушылығын көргенде ғана ынтымақтастыққа және кейінгі байланыстарға ұмтылады. Демек отбасының жағдайын сынып жетекшісі үнемі бақылауға ұстау қажет.

Бүгінгі күні мектеп пен отбасы арасындағы бала тәрбиесіндегі тәжірибемен бөлісуге арналған конференциялар мен семинарлар тақырыптық болуы мүмкін. Егер сізде осы мәселе бойынша отбасылық тәрбиенің оң тәжірибесі болса, оны өткізген жөн. Бұл форма қызығушылықты оятады, ата-аналардың назарын аударады, ал олар үшін ақпарат сенімді түрде естіледі және оларды ата-аналар үлкен сеніммен қабылдайды. Тәжірибе алмасу үшін сіз ата-аналардың практикалық қызығушылығын тудыратын бірнеше нақты сұрақтар ала аласыз. Бұл жағдайда көптеген ата-аналар қандай проблемаларды шешуде оң нәтижелерге қол жеткізгендігін ескере отырып айта алады. Сұрақтар мен жауаптар кеші ата-аналармен сұхбаттасудан және балаларды тәрбиелеуде және олармен қарым-қатынаста туындайтын проблемалар тізімін нақтылағаннан кейін өткізіледі. Мұғалім кейбір сұрақтарға өзі жауап бере алады, басқа сұрақтарға (мысалы, психология, жыныстық тәрбие) маман шақырылады. Проблемалық сипаттағы бірқатар мәселелерді ата-аналар талқылауға ұсына

алады және арнайы дайындалған диспутқа негіз болады. Диспут – тәрбие проблемалары туралы рефлексия – ата-аналар үшін педагогикалық мәдениетті көтерудің ең қызықты формаларының бірі. Ол тыныш атмосферада өтеді, барлығына мәселелерді талқылауға қатысуға мүмкіндік береді, жинақталған тәжірибеге сүйене отырып, фактілер мен құбылыстарды жан-жақты талдай білу қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді, белсенді педагогикалық ойлауды оятады. Диспутқа қатысушылардың өздері топтарға бөлініп, ең қызықты сұрақтарды құрастыра алады, содан кейін ұжымдық талқылауға шығаруға болатын сұрақтарды таңдап, алдын ала талқылай алады. Бұл әдіс барлығына мәселенің ең дұрыс шешімін іздеуге қатысуға мүмкіндік береді, ата-аналарға белгілі бір позицияда болуға көмектеседі, барлығына өз ойын ашық айтуға мүмкіндік береді. Іс кеңестің қорытындысын шығару үшін, мұғалім немесе ата-аналардың бірі соңғы хабарламаны дайындауы керек. Мұндай пікірталастардың, кеңестердің тақырыбы кластың, отбасының өміріндегі нақты жағдайлар болуы мүмкін. Жыл сайын әкімшілікпен және сынып жетекшілерімен кездесулер өткізген жөн. Мұғалімдер ата-аналарды өз талаптарымен таныстырады, ата-аналардың тілектерін тыңдайды. Бірлескен ұжымдық іздену процесінде анықталған мәселелер бойынша әрекет бағдарламасын құруы, бір-біріне сұрақтар болуы мүмкін. Кездесуді балалардың жеке топтарын тәрбиелеу мен оқытуда туындаған мәселелер мен қиындықтарды ескере отырып, жеке кеңестер, әңгімелермен немесе топтық жұмыспен аяқтауға болады.

Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі келесі жағдайларға байланысты:

- Тәрбие берудің біртұтас объекісіне (субъектісіне);
- Бала тәрбиесінің жалпы мақсаттары мен міндеттеріне;
- Балаларды жан-жақты зерттеу мен олардың дамуына әсер етуді үйлестіру мүмкіндігіне;
- Мұғалімдер мен ата-аналардың әрекетін үйлесіру қажеттілігіне;
- Баланың проблемаларын шешуде мектеп пен отбасының күш-жігерін біріктіру мүмкіндігіне;
- Өзара әрекеттесуге қатысушылардың әрқайсысының отбасы, сынып және мектеп ұжымдарын өзара байыту мүмкіндігіне.

Мектеп пен отбасы арасындағы өзара әрекеттестігі негізі ортақ мақсатқа құрылады, яғни балалардың дамуы, тәрбиесі мен тәрбиесі үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, педагогикалық үдерістің барлық қатысушылары арасында ынтымақтастық қарым-қатынастың қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталады.

Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі бала тәрбиесінің келесі жалпы міндеттерін шешуге бағытталған:

- Сапалы білім мен өнегелі тәрбие беру;
- Оқушылар арасында адамгершілік пен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;
- Салауатты өмір салтының қажеттілігін қалыптастыру.

Бұл мақсатқа және тәрбиенің жалпы міндеттеріне жету үшін жеке педагогикалық міндеттер кешенін шешу қажет. Атап айтқанда:

Оқушылармен жұмыс кезінде:

- Ата-аналарға құрметпен, қамқорлықпен қарауды тәрбиелеу;
- Отбасы алдындағы өз әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыру;
- Отбасымен мақтаныш сезімін тәрбиелеу, отбасылық дәстүрлерді сақтауға және дамытуға ұмтылу.

Ата-аналармен жұмыста:

- Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі туралы, мектеп пен сыныптың оқу-тәрбие процесіне қатысу қажеттілігі туралы дұрыс түсініктерін қалыптастыру;
- Отбасымен және балалармен жұмыстың әр түрлі формаларын жүргізу кезінде мектеп пен сынып жұмысындағы ата-аналардың субъективті позициясын қалыптастыру;
- Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру;
- Ата-аналар мен балалар арасындағы сыйластық пен сенім қатынастарын дамыту.

Мұғалімдермен жұмыста:

- Отбасымен ынтымақтастықтың маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыру, ата-аналар мен балалар арасындағы ізгілікті, өзара сыйластық қарым-қатынасты қалыптастыруда мұғалімдердің рөлі;
- Ата-аналармен бірлескен мүдделі диалог негізінде мұғалімдердің әр баланың мәселелерін шешу қажеттілігі мен қабілетін қалыптастыру;
- Мұғалімдердің отбасын зерттеу әдістерін, ата-аналармен диалог және өзара әрекеттестік формаларын, ата-аналар мен балалардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру формаларын меңгеруі;
- Мектеп пен отбасы арасындағы өзара әрекеттестіктің дамуы, сонымен қатар бірқатар ұйымдастырушылық және басқарушылық міндеттерді шешуге байланысты;
- Ата-аналардың қатысуымен мектепте және сыныпта барлық тәрбиелік шараларды өткізу;
- Ата-аналарға психологиялық, медициналық және педагогикалық білім беру жүйесін қамтамасыз ету;
- Отбасымен қарым-қатынас мәселесі бойынша мұғалімдермен әдістемелік жұмысты ұйымдастыру;
- Білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара іс-әрекетін ынталандыру жүйесін әзірлеу және қамтамасыз ету;
- Ата-аналар комитетінің жұмысын ұйымдастыру, оның беделі мен мектеп ұжымы өмірінің мәселелерін шешудегі рөлін көтеру.

Өзара әрекеттестікті дамытудың негізгі идеясы – педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларының субъективті позициясын тану және қамтамасыз ету.

Бұл идеяны жүзеге асыру әрбір ата-анаға, мұғалімге, балаға өз мүдделерін қанағаттандыруға, іске асыруға, өз пікірін білдіруге және белсенді болуға құқық пен мүмкіндік берілетінін білдіреді.

Оқу-тәрбие үрдісіндегі ата-аналар мен оқушылардың субъективті позициясы – мұғалім мен отбасы арасындағы өзара әрекеттестікті дамытудың нәтижесі мен шарты.

Кез келген қызметте субъективті позицияны қалыптастырудың маңызды шарттары:

- өзі мен басқалар үшін алдағы қызметтің қажеттілігі мен маңыздылығы туралы хабардар болу, жалпы нәтижеге жеке үлес қосу, алдағы жұмысқа бейімділік;
- оқушылар мен ата-аналарды оқу әрекетін мақсат қою мен жоспарлау үдерісіне қосу;
- өзіндік іс-әрекетті жобалау әдістерін меңгеру;
- тәуелсіз шешімдер қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- отбасының, ата-аналардың және оқушылардың мүдделері мен қажеттіліктеріне назар аудару, оларға оң нәтижелерге, жұмыста табысқа жетуге мүмкіндік беру;
- ата-аналар мен оқушыларды өзіндік және ұжымдық әрекеттерді талдауға тарту, рефлексияны ұйымдастыру.

Мұғалімдер мен отбасы арасындағы өзара әрекеттестікті дамытудың келесі идеясы мұғалімдердің, оқушылардың және олардың ата-аналарының бірлескен шығармашылығын ұйымдастыру болып табылады:

- өзара әрекеттесуші тараптардың бірлесіп жұмыс жасауға деген оң көзқарасын қалыптастыру;
- бірлескен мақсат қоюды, жоспарлауды, іс-шараларды ұйымдастыруды және қорытындылауды жүзеге асыру;
- шығармашылық міндеттерді анықтау және оларды шешу жолдарын бірлесіп іздеу;
- ұжымдық шығармашылық қызметті ұйымдастыру әдістемесін қолдану.

Бұл идеялар келесі принциптерді жүзеге асыруды қарастырады.

Гуманистік бағдар принципі отбасымен өзара әрекеттесуде мынаны білдіреді:

- Бірлескен қызмет пен қарым-қатынасты ұйымдастыруда өзара әрекеттестікте қатысушылардың мүдделерін, қажеттіліктерін анықтау және ескеру;
- Ата-аналар мен оқушылардың жағымды жақтарына сүйену;
- Әрқайсысының даралығын ашу, олардың даралығын көрсетуге және бірлескен қызметте табысқа жетуге және басқалардың мақұлдауына мүмкіндік беру;
- Оқушыға және ата-анаға сенім;
- Оқушы тәрбиесінде ата-аналарды өздерінің одақтастары, пікірлестері ретінде қабылдау;
- Отбасына, ата-анасына, балаға, туындаған мәселелерді шешуге оптимистік гипотезасы бар көзқарас;
- Отбасылық дәстүрлерді қабылдау, ескеру, төзімділік, өзара әрекеттесудің әрбір қатысушысына, оның пікіріне құрмет;

- Оқушының іс-әрекетін отбасы өкілі, отбасы мүддесінің тасымалдаушысы ретінде қабылдау, бағалау;
- Оқушыға педагогикалық әсердің бірлігін қамтамасыз ету, мұғалімдер мен ата-аналар, балалар ұжымының әсері;
- Оқушы тағдырына қызығушылықпен қарау, отбасылық мәселелер, бала мен отбасының мүдделерін қорғау, мәселелерді шешуге көмектесу;
- Оқушы мен ата-ананың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ету;
- Ата-аналар мен оқушылар арасында ізгілікті, қайырымды, сыйластық қарым-қатынасты қалыптастыруға көмектесу;
- Оқушының денсаулығына, отбасының салауатты өмір салтына қамқорлық жасау;
- Өзара көңіл бөлетін жағдайлар туғызу, отбасына, балаларға, ата-аналарға қамқорлық.

Оқушыларды тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған педагогикалық үдеріске қатысушылардың мақсаттары, міндеттері мен іс-әрекеттерінің интеграциясы мен дифференциациясы принципі. Бұл принцип мыналарды талап етеді:

- Оқушының ерекшеліктері, оның жетістіктері мен қиындықтары туралы мұғалімдер мен ата-аналардың өзара хабардар болуын қамтамасыз ету, шешудің жалпы мәселелерін анықтау;

- Бір жағынан, мұғалімдер мен ата-аналардың күш-жігерін біріктіретін оқушы тәрбиесінің жалпы міндеттерін анықтау; екінші жағынан, өзара әрекеттесуші тараптардың әрқайсысының міндеттерін нақтылау;

- Бір жағынан, ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін оқушының негізгі мәселелерін шешуде күш-жігерді біріктіру, ал екінші жағынан, мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар арасындағы рөлдерді, функцияларды, жауапкершіліктерді, міндеттерді бөлу;

- Бірлескен шешімдер қабылдау, өзара әрекеттесуші тараптардың мүдделерін қозғайтын шешімдерді орындау кезіндегі әрекеттерді үйлестіру; және педагогикалық үдерістің әрбір қатысушысының міндеттемелерді, келісімдерді орындауы;

- Мектеп пен отбасының оқушыға қойылатын талаптардың бірлігі; ата-аналарды тарта отырып, барлық тәрбие жұмыстарын жүргізу;

- Оқушылармен тәрбие жұмысына ғана емес, сонымен бірге отбасымен қарым-қатынас жасауға, ата-аналар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты дамытуға назар аудару;

- Сынып жетекшілерінің, мұғалімдердің, психологтардың, әлеуметтік педагогтардың педагогикалық әрекеттерін үйлестіру, отбасымен жұмыс.

Мектеп пен отбасы арасындағы өзара әрекеттестікті басқару принципі. Бұл принцип мынаны білдіреді:

- Жағдайды зерттеу, мұғалімдер мен отбасылардың мектеп деңгейінде және сынып ұжымдарында өзара әрекеттесу нәтижелерін қадағалау;

- Мұғалімдер мен отбасылардың өзара қарым-қатынасының қиындықтарын, мәселелерін анықтау және оны реттеудің педагогикалық құралдарын таңдау;
- Мұғалімдер мен отбасылар арасындағы өзара әрекеттесудің ең жақсы тәжірибесін зерттеу мен жалпылауды ұйымдастыру;
- Мұғалімдер мен отбасылардың, ата-аналар мен оқушылардың өзара әрекеттесуінің үздік жетістіктерін насихаттау;
- Мұғалімдерді, оқушылар мен ата-аналарды бірлескен іс-әрекетке үйрету;
- Бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруда қолайлы ахуал, байланыс орнату үшін жағдайлар жасау;
- Мұғалімдер мен ата-аналарға барлық деңгейде – сыныпта және мектепте, мұғалімдер мен ата-аналар, ата-аналар мен оқушылар арасында өзара әрекеттестікті ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету;
- Мектеп пен отбасы арасындағы өзара әрекеттестікті ынталандыру.

Отбасының бос уақыттағы бірлескен іс-әрекетінің оқушы үшін маңызы өте зор. Отбасы мүшелерінің өзара әрекеттестігі ретінде, түсінісу, сезім әсерлері негізінде бір-біріне ықпал етеді. Қарым-қатынас кезінде іс-әрекетпен, тәжірибе мен сезім әсерлері қатар жүреді. Ата-ана мен оқушының ара-қатынасы отбасы өмірінің айқын көрінісі, оның психологиялық микроклиматын қалыптастырып, отбасының даму мүмкіндіктерімен сипатталады. Педагогикалық үрдістің қызметіндегі іс-әрекеттің маңыздылығын, жеке тұлғалық өмірдің болашағын анықтаудағы мақсаттылық сипатын көрсете отырып, оның нәтижелілігі оқушының белсенділік дәрежесімен айқындалады. Отбасындағы бала тәрбиесінің жетілуі әлеуметтік-педагогикалық және материалдық сипаттағы көптеген жағдайларға байланысты. Олардың бірі – бала тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің ынтымақтастық қарым-қатынасы. Бұл арақатынас отбасының педагогикалық мәдениетінің жағдайымен сипатталады.

Ата-ана мен бала арасындағы, оқушылардың арасындағы өзара қатынас педагогикалық үдерістің тәрбиелік бағыты болып табылады. Олар жеке тұлғалыққа мән беріп, көзқарастарының дамуына, оқушылардың мінез-құлықтарына, олардың қалыптасуына әсер етеді. Отбасындағы өзара қатынас әдет-ғұрыптармен, ата-ананың өзінің бұрынғы отбасынан алған тәрбие-өнегесімен және педагогикалық мәдениетімен сипатталады. Осының бәрі ата-ананың балаға деген қатынасында орын алады. Балаларды тәрбиелеуде отбасына көмектесудің тиімді құралы ата-аналарға педагогикалық білім беруді ұйымдастыру болып табылады, өйткені отбасылық тәрбиенің көптеген қиындықтары балалармен жұмыс істеудің қарапайым педагогикалық ақиқатын білмеуінен туындайды. Педагогиканы білу ата-аналарға бұл жағдайда қорқытуға жүгінбеу керектігін, керісінше баланы басқа, тыныш әрекет түріне ауыстыру керектігін болжайды. Өкінішке орай, отбасында педагогикалық дәрменсіздік сезілетін мұндай мысалдар көп. Сондықтан бұл тұрғыда ата-аналарға көмектесу – мектеп пен мұғалімнің маңызды міндеті.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті жоғары және ақылға қонымды талаптары бар балаларға саналы ата-ана махаббатының үйлесімсіз мүмкін

емес. Міне, сондықтан да ата-аналарды бала тәрбиесіне дайындаудың мазмұнын, осы уақытқа дейін болып келген, білім жүйесімен ғана шектеуге болмайды. Сондықтан бұл дайындық ең алдымен олардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін көтеруден тұруы керек.

Соңғы жылдары ата-аналар арасында психологиялық-педагогикалық білімді насихаттаудың әр түрлі формаларын қамтитын, ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жүргізу болып табылатын ата-аналардың жалпыға бірдей білім беру жүйесі дамыды. Мысалы, «Жас аналарға арналған мектептер» кеңінен таралды, онда педагогикалық білім негіздерін ана болуға дайындалып жатқан немесе кішкентай нәрестелі болғандар меңгереді. Олар балалардың дене дамуы мен санитарлық-гигиеналық күтім мәселелерін, олардың сөйлеуін, дағдылары мен мінез-құлық әдеттерін дамыту әдістерін меңгереді және т.б.

Ата-аналар бала тәрбиесі бойынша психологиялық-педагогикалық білімдерді мектепте өтетін арнайы семинарлар барысында алады, содан кейін мектеп осы бағытта жұмыс жүргізеді. Мектептерде ата-аналарды педагогикалық ағарту үшін отбасылық тәрбие бойынша дәрістер, педагогикалық білімнің халық университеттері құрылады. Олар психологиялық-педагогикалық тақырыптарда дәрістер мен баяндамалар оқиды, отбасылық тәрбиеде тәжірибе алмасу үшін әдістемелік конференциялар мен семинарлар өткізеді, педагогика мен психология бойынша әдебиеттер көрмесін ұйымдастырады, білім беру мәселелері бойынша деректі фильмдерді қарайды және талқылайды.

Педагогикалық білім берудің әр түрлі типтері мен формаларының тақырыптары белгілі бір жастағы оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысын ескерте отырып әзірленеді және оқушылар келесі сыныптарға көшкен сайын күрделене түседі.

Соңғы жылдары педагогикалық әдебиеттерде «Ата-аналарға педагогикалық білім беру» деген ұғым пайда болды. Ондағы көптеген мақсаттар ата-аналарға бала тәрбиесіне қатысты педагогикалық кеңес, оқуды дұрыс ұйымдастыру, соған сәйкес олардың педагогикалық білімдерін жетілдіріп отыруды көздейді [160, б. 96].

Жалпы мектеп тәжірибесінде білім беру мен тәрбиенің ресми құжаттарында бірнеше бағдарламалар отбасы мен мектептің әрекеттестігіне арналған болатын. Бірнеше кезеңдерге бөлінген бұл дәуірдің кемелденген социализм тұсында КОКП XXII съезінде некелік-отбасылық қарым-қатынастарды одан әрі нығайту, әйел-аналардың жағдайын жақсарту жөнінде жаңа комплексті шаралар белгіледі. Жастарды отбасы өміріне даярлау ісіне ерекше көңіл бөлінуді қарастырды. КОКП Орталық Комитетінің баяндамасында М.С. Горбачев: «Жастарды отбасылық өмірге даярлау керек» деген еді. Осының негізінде жалпы білім беретін мектептерге арналған «Семья өміріндегі әдеп пен психология» атты жаңа курс оқу жоспарына енді. Алғашқы бағдарламаны 1986 жылы КСРО Педагогика Ғылым академиясының Жалпы педагогикалық психология ғылыми-зерттеу институты дайындаған. Бұл стандартты түрде бүкіл одақтас елдердің бәрінде сабақ үдерісінде қолданылған

болатын. Бірақ, ол ұлттардың, елдердің, халықтардың ерекшеліктері ескерілмеді. Ең өкініштісі, бұл кеңестік идеологияның негізгі өзегі болғандықтан маңызы болмады. Демек, бұл бағдарлама он жылдай оқытылғанымен, отбасылық өмірге кеңестік жүйенің социалистік мұраттары арқылы дайындады. Коммунистік мораль, кеңестік өмір салтының принциптері, буржуазиялық идеология мен моральға қарсы тәрбиелеуде отбасының рөлі – кеңестік отбасының адмагершілік негіздері деп көрсетті [161].

Еліміз дербес мемлекет, егемендік алған соң орта мектептің бағдарламасына ұлттық тәрбиеге мән берілді. Сол кезде халық педагогикасына арқау болатын «Атамекен», «Елім-ай», «Кәусар бұлақ» т.б. бағдарламалары енгізілді.

Бұл бағдарламалар мазмұнында этноәлеуметтік құндылықтарды дәріптеуге арналған авторлық алғашқы қадам деп атауға болады. Өкінішке орай, бұл авторлық бағдарлама ғалымдардың және әдіскерлердің пікірінен тыс, яғни талқылаусыз шыққан [162].

Сонымен қатар, 1991 жылы еліміздің егемендік алуымен қатар шыққан М. Құрсабаевтың «Атамекен» бағдарламасы педагогикалық бастамамен қазақ мектептерінің тәрбие жұмыстарына жолдама алды. Ең алғашқыда 26 бағытпен мазмұндалған бұл бағдарлама автордың ізденістеріне орай, әлі күнге дейін толықтырылуда. Бағдарлама ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, оқу-тәрбие жүйесіне бір бағыт болып енді. Бағдарламада қазақ балаларын отбасылық өмірге даярлау ісіндегі «Қыз бен жігіт», «Шежіре», «Салт», «Бабалар өсиеті», «Ата-ана», «Сәби» атты бағыттар қарастырылған [163]. Бұл бағдарлама қазақ мектептеріне соны серпіліс, ұлттық дүниетанымға құлшыныс алып келді.

Сонымен қатар, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеп, жастарға өзіміздің халықтық педагогиканы насихаттаудың маңызы зор болып табылатын. Бағдарламаны тәжірибеге ендірудің бір келкі талабы болмады. Оған «...Өткен жылы колледжіміз «Атамекен» бағдарламасының «Сөнбес жұлдыздар» бағыты бойынша жұмыс жасады», - деген мысал жауап бола алады [164]. Бұл тәрбие ісімен айналысушылардың бағдарлама бағыттарын қалай ендіруді білмегенінің дәлелі. Яғни, бағдарлама мектептің тәрбие ісінде жүйесіздікке тап болды. Сондықтан болар, бұл күнде тәрбиенің басқа бағыттарының көлеңкесінде қалды. Ә. Сәдуақасұлы «Халықтың педагогика дәстүрлері арқылы қазақ мектептерінің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық шарттары» атты еңбегінде «Атамекен» бағдарламасын талдай отырып, «...көріп отырғанымыздай тарихи, мәдени, тұрмыстық, кәсіптік және өлкетану бағыттары бағдарламаның 98 пайызын қамтыса, тәлім-тәрбие бағыты екі-ақ пайызын құрап отыр. Атамекеннің тәлім-тәрбие бағытына келер болсақ, қазақ мектебіне ауадай қажетті этика, эстетика, мораль, ұлттық психология, құқық негіздері салаларынан қосымша бағыттар ендірілсе, зор табысқа жетері сөзсіз» [165, б. 94], - деп өз пікірін білдіреді.

Жоғарыдағы Ә. Сәдуақасұлының пікірін нақтылай түскендей, 3. Ахметова өз бағдарламасында негізінен қыз бала тәрбиесіне басымдық

береді. 1-кластан 11-класқа дейін пән ретінде енген бағдарлама 8 тараудан тұрады:

1. Сөз анасы – сәлем (сәлемдесу, қарым-қатынас, т.б.);

2. Ұлттық болмыс ұғымдары (дүниетаным, сенім-наным, әлемнің төрт негізі, Жер-ана, Көк тәңірі, жұлдызнама, шипалы өсімдіктер, жетілік ұғым, жыл қайыру, діни мерекелер, Наурыз, бата, т.б.);

3. Денең икемді болса, келбетің сүйкімді болады (ұлттық ойындар).

Осындай тарауларда бір кластан екінші класқа күрделене көшіп отырады. Бұл бағдарлама оқу бағдарламасына ене отырып, оқушыларға этикалық, эстетикалық, моральдық тәрбие беру бағыттарын қамтыды [166].

Сонымен қатар, қазақ мектептеріне ұлттық тәрбие беруге бағытталған С. Қалиев, М. Оразаев, М. Смайыловалар авторлық бірлестікте жазған «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» орта мектептің VIII-IX кластарына арналған оқу құралы мектеп мұғалімдері мен оқушылары үшін ұлттық құндылықтарды насихаттайтын алғашқы дайын дүние болды. Яғни: «Бұл оқулықтың құндылығы – халықтық тағылым мен мәдени мұралардың мазмұндылығында. Бірақ, бұл оқулыққа арнайы бағдарламаның қажеттілігі айқын еді» [167].

Ұлт мектебінің талаптарына сәйкес, Алматы облысы Райымбек ауданы Қарасөз ауылынан шыққан Ж. Өтеевтің «Алтын көмбе» бағдарламасын аудан көлеміне жетілдіріп ұсыну мақсатында Н. Орынбаев, Ж. Өтеев, Ә. Құтпанбаевтардың халықтық педагогиканы іске асыру жөнінде мектептің оқу-тәрбие ісіне үшін ауданның барлық мектептерінен атаулы мектептер ашып, 1990-1994 жылдар арасында халықтық педагогиканы насихаттауға жоспарлы жұмыстар жүргізді. Сонымен қатар, «Ата-ана мектебі» оқулары «Ата-аналар университетінің» қызметін атқарған. Мектептің сынып жетекшілері үшін «Тал бесік» тәрбие жоспары жасалған [168].

Аталған бағдарламада этномәдени құндылықтардың дәріптелуіне басымдылық беріліп, облыс көлеміне педагогикалық тәжірибе ретінде таратылғанымен, бағдарламалардың оқу-тәрбие ісіне ендірілуі туралы бағыты көрсетілмеген болатын. Жастарды отбасылық өмірге даярлау мәселесіне ықпалды бағдарламалардың бірі болды.

Ұлттық тәрбие беруді пәрменді енгізу мақсатында К.Ж. Қожахметова, Л.С. Сырымбетованың «Қыздар әліппесі» деген бағдарламасы дайындалған болатын. Қазақ халқы қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген болатын. Осыған сәйкес, қыз балаларды ер азаматтарға құрмет көрсетуі, отбасылық өмірге тәрбиелеу, отбасы мәдениеті, ұлттық тағамдарды пісіру, ата-енені құрметтеуге арналған 6 тараудан тұрады. Яғни:

- «Бағыну заңы» бөлімінде еріне құрметпен қарап, оның отбасындағы беделін құрметтеуі;
- «Тек тәрбиесі» балаларын тектілікке тәрбиелеудің мәнін жоғары қою. Шежірені білуге үйрету;
- «Қара шаңырақ» отбасындағы кенже ұлдың шақырақ иесі атнауының этномәдени мәніне тоқталу.

«Келін тәрбиесі» бөлімі келін тәрбиесі жалпы ұлт тәрбиесінің пәрменділігін арттыруда басты шарт болғандықтан, оның ерекшеліктерін қыз бала бойына сіңіруді қамтиды.

«Неке тәрбиесі» бөлімінде қазақ халқының отбасы мен неке қатынастары жөнінде қалыптасқан озық дәстүрлерін бүгінгі күн биігінен көрсете отырып, күнделікті өмірде пайдалануға үйрету көзделеді.

«Құрсақ тәрбиесі» бөлімінде табиғаттың көбею және даму заңдылықтарын оқыту арқылы ана болуға психологиялық дайындық қарастырылады [169].

Ақырғы нәтиже ретінде гимназия түлектерінің моделі, гимназия қыздарының ережесі, гимназия мұғалімдерінің тоқтамы, гимназия ұстазының моделі берілген.

Біздің оймызша, бағдарламаның бөлім бойынша сағат саны белгілі болғанымен, нақты тақырып жоқ. Бағдарламаны құру барысында пайдаланылған әдебиеттер бар, бірақ мұғалімнің ізденісі үшін тақырыпқа ұсынылатын әдебиеттер көрсетілмеген. Кейбір бөлімдерде, мысалы тек тәрбиесінде діни мейрамдар, диаспора, асыл сөздер, киелі сандар сияқты сәйкес келмейтін ұғымдар жүр. Сондай-ақ, тұжырымдамада қарастырылған «Ата-аналар университетінің» бағдарламасы және сыныптың айымдарын даярлау бағдарламасы қоса жарияланғанда кез келген қазақ мектебі қуана қабылдап, қазақ отбасы тәрбиесін дамытуға зор үлес қосқан болар еді.

Қорыта айтқанда, осыған дейінгі бағдарламалардың бәрі халықтық педагогика деңгейінде құрылған бағдарламалар болса, «Қыздар әліппесі» – этнопедагогикалық талаптарды қыздарды отбасылық өмірге даярлайтын бірден-бір бағдарлама. Дегенмен, бүгінгі қоғамға сәйкес Жаңа Қазақстанды құру бағытындағы мектептердің оқу-тәрбие жүйесіне арнайы тәрбие бағдарламасы мен тәрбие тұжырымдамасының қажеттілігі артып отыр. Оны біз талдаған ғылыми еңбектер негізінде барынша нақты көрсеткен болатынбыз.


2.2 Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесі

Қазіргі кезде бастауыш сынып оқушыларын отбасы мен мектептің тәжірибесінде зерттеудің тәжірибелік мүмкіндіктері тәрбие әрекетімен байланысты болады. Сондай-ақ мектеп оқушыларын зерттеу мәселесіне арналған педагогикалық эксперимент жұмысы үш кезеңде (анықтау, қалыптастыру, бақылау) Талдықорған қаласындағы №12 орта мектеп-гимназиясы, №17, №4, №21 орта мектептерінде жүргізілді. Зерттеу аясында оқушыларды тәжірибелік топ және бақылау тобы деп екіге бөлдік.

Педагогикалық эксперимент жұмысы 3 жыл (2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдары) уақытты қамтиды. Сынақтағы топқа 105 оқушы, ал бақылаудағы топқа 100 оқушы қатысты. Жалпы педагогикалық тәжірибе жұмысына 205 мектеп оқушысы, 125 ата-ана қамтылды.

Зерттеу барысының бастапқы кезеңінде сауалнама, тест, әңгімелесу, бақылау, эссе жаздыру әдістері қолданылып, оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларға отбасында тәрбие беру деңгейінің алғашқы көрінісі (қазақ халқының отбасына арналған салт-дәстүрлерге деген көзқарасы, отбасы мен мектептің байланыс түрлері, отбасы туралы ұғым-түсініктері, сынып жетекшілері мен ата-аналардың қарым-қатынасы) анықталды.

Педагогикалық эксперимент жұмысына қатысқан 205 оқушының 34%-ы халқымыздың отбасына арналған салт-дәстүрлері туралы түсінігінің аздығын, сынып жетекшілер мен ата-аналардың қарым-қатынасының, отбасы мен мектептің байланысының аздығын байқатты, ал 56%-ы қазақ халқының отбасы туралы дәстүрлерге қызығушылығы бар, бірақ толық түсіндіруде деңгейінің төмендігін көрсетті. Ал 9%-ы қазақ халқының отбасы туралы салт-дәстүрінің маңызын терең түсініп, бағалайтынын аңғартты. Дегенмен, анықтау кезеңінде бірде-бір оқушы жоғары деңгей көрсете алмады (Сурет 3).



Сурет 3 – Педагогикалық эксперимент жұмысының анықтау кезеңіндегі оқушылардың «отбасы», «салт-дәстүр», «шежіре», «бауырмалдық» ұғымдарын меңгеру деңгейі

Педагогикалық эксперимент жұмысының анықтау кезеңінің нәтижесіне түсінік беретін болсақ, «Отбасы», «салт-дәстүр», «шежіре», «бауырмалдық» ұғымдары бойынша бақылау тобы мен эксперименттік топ көрсеткіштерінің әркелкілігін байқаймыз. Педагогикалық эксперимент жұмысы барысында «Оқушыларға отбасындағы тәрбие мен мектептегі тәрбиенің байланысы неде деп білесіз?» деген сауалға сынып жетекшілер, ұстаздар мен ата-аналардың жауабы «негізгі себеп – арнайы оқу бағдарламасы мен әдістемелік әдебиеттердің жоқтығынан және оқу-тәрбие үрдісіндегі кешенді отбасы мен мектептің әрекеттестігіне арналған арнайы курстар мен тәрбие клубтарының қажеттігі» деп айтылды.

Осы орайда біз бастауыш сыныптың ата-аналарына арналған «Өнегелі ұрпақ» клубы мен «Ұлағат» атты арнайы курсы бастауыш сыныптың тәрбие жүйесінде қолданған болатынбыз.

Біз ұсынып отырған арнайы курсының мақсаты – оқушыларды өз отбасында ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуге, бауырларын сыйлауға баулу, ата-бабаларының шежіресін үйрету, олардың асыл мұраларын қасиет тұтуға негізделген отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігінде ұлттық тәрбие беру.

Арнайы курстың міндеттері:

- Оқушыларды отбасы тәрбиесінің құндылықтарын түсінуге баулу;
- Оқушылардың бауырмалдық, отбасы шежіресі, салт-дәстүрлер туралы ой-өрісін кеңейту;
- Оқушылардың ерлік рухын және туған жерге деген сүйіспеншілігін нығайту;
- Оқушылардың бойында ізгілік, қайырымдылық құндылықтарды қастерлеуге үйрету.

Бұл арнайы курс оқушылардың гуманитарлық бағыттағы қазақ тілі, дүниетану, қазақ әдебиеті пәндері негізіндегі біліміне сүйенеді.

Сонымен қатар бағдарламаның мазмұнында Жетісу өңірінің этнографиялық, тарихи, мәдени, ғылыми бағыттағы зерттеулері бастауыш сынып оқушыларының оқып-тануы мен дүниетанымына сәйкес жасалып, балалардың ой-өрісі мен психологиясына арналған материалдардан тұрады.

«Ұлағат» арнайы курсы

4 – сынып оқушыларына арналған

Кіріспе. Негізінен бастауыш мектеп балаларына отбасында ұлттық тәрбие беруге, этнопедагогикалық білім беру мен тәжірибелерді үйретуге бағытталады.

1-тақырып. Қазақ отбасы мен мектептерінің тарихи және әдеби шығармалардағы көрінісі.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы. Отбасы, бауырмалдық, туыстық қатынастар туралы ақын-жазушылардың шығармаларына талдау жасау, елге танымал тұлғалардың өмірі, ерліктері жайында мағлұмат беру.

2-тақырып. «Дәстүр», «Шежіре», «Бауырмалдық» ұғымдары және олардың мәні. Адамдар арасында олардың алатын орны. Балаларға аталған ұғымдарға жан-жақты түсінік беру.

3-тақырып. Өнегелі сөздер – тәрбие бастауы. Тарихи тұлғалардың өнегелі сөздеріне талдау. Олардың тағылымдық роліне сипаттама беру.

4 – тақырып. Қасиетті жерлер. Өлкеміздің тарихи орындары, оның тұлға тәрбиесіндегі мәні. Аймақтағы қасиетті орындарға географиялық сипаттама.

5 – тақырып. Бабалар ұлағаты – тәрбие арқауы. Тарихи тұлғалардың тағылымдық өнегелері. Бала тәрбиесіндегі ұлағатты сөздерге талдау жасап, оның тәрбиелік мәніне түсінік беру.

6-тақырып. Жетісу – батырлар өңірі.

Жетісу өңірі туралы тарихи, географиялық мәлімет беру. Жетісу өңіріндегі батырлар туралы малұмат беру. Олардың ерлігі туралы эссе жазу. Жер жаннаты, батырлар өлкесі болған Жетісу өңірі туралы ақындардың толғауы.

7-тақырып. Ерлікке негізделген мұражайларға саяхат.

Жетісу облыстық өлкетану музейі туралы мағлұматтар беру. Музейдегі қазақ салт-дәстүріне, отбасы тәрбиесіне арналған экспонаттарды тамашалап, тарихи мұрағаттар туралы эссе жазу.

Қорытынды

Курс бойынша алған мәліметтерді, білімдерді жүйелеу, тиянақтау. Өздігінен жинаған мәліметтерді қолдана отырып, Кіші Ғылым Академиясына және «Дарын» орталығына ғылыми жобалар дайындау.

Курс бойынша оқушылардың өз бетімен орындайтын практикалық жұмыстарының (мәнжазба) тақырыптары:

- Егеменді елімнің ертеңі – Мен,
- Жаңа Қазақстан: кеше, бүгін, болашақта;
- Еліміздің рәміздерінің шығу тарихы;
- Жетісу – туған жерім, алтын бесігім;
- Жетісу облысындағы жер-су аттарының топонимикалық зерттелуі;
- Наурызбай – халық батыры;
- Абылай ханның өмірі;
- Жетісу топырағындағы халық батырларының ерлігі;
- Жетісу жеріндегі дәрілік өсімдіктер;
- Жетісу облысынан шыққан Ұлы Отан соғысының батырлары;
- Өзендер өрнектеген жерім – Жетісу;
- Талдықорған қаласындағы өнеркәсіп орындары;
- Ер бабам – Бөгенбай;
- Әбілхан Қастеевтің шығармашылық өнері;
- Қабанбай батыр – елімнің қалқаны.

Аталған тақырыптар балалардың өз бетінше ізденіп, ғылыми жоба жазуына негіз болып, олардың курс мазмұнында меңгерген білімдері арқау болды.


Педагогикалық эксперимент жұмысының анықтау кезеңінде қазақ халқының отбасында тәрбие беру мен мектептің ынтымақтастығына арналған жұмыстарына талдау жасай отырып, мектеп практикасына кешенді, жүйелі

енгізу бойынша жүргізілген іс-шаралар біздің ұсынып отырған арнайы курс бағдарламасының бүгінгі таңдағы қажеттігін, дұрыстығын дәлелдейді (Кесте 4).

Кесте 3 – Оқушылардың «Отбасы тәрбиесі», «отансүйгіштік» ұғымдары туралы түсінігі

Ақпарат көздері	Тәжірибелік топ		Бақылау тобы	
	Тәжірибеге дейін %	Тәжірибеден кейін %	Тәжірибеге дейін %	Тәжірибеден кейін %
Халық ауыз әдебиеті	21	17	18	19
БАҚ және әлеуметтік желілер	9	13	12	20
Ата-анасы	15	10	17	17
Достары	10	10	13	13
Мектеп мұғалімдері мен сынып жетекшісі	25	50	20	24
Жауап беруге қиналамын	20	-	20	6

Мұндай білім дәрежелерінің эксперименттік топтағы өсуі оқушылардың арнайы курс сабағында жүргізілген жұмыстар арқылы белсенділігінің артуы нәтижесі деп айта аламыз. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының анықтау эксперименті кезінде отбасы мен мектептің өзара әрекеттесітігін жүйелі енгізудің нәтижесі (Сурет 4).



Сурет 4 – Бастауыш мектептің пәндерімен қатар арнайы курс барысындағы қалыптастыру экспериментінің нәтижесі

Жалпы жүргізілген зерттеу жұмысын талдау барысында біздің байқағанымыз, эксперименттік топтағы оқушылардың бақылау тобымен салыстырғанда сапасының жоғарылағанын байқаймыз. Себебі мұнда жүйелі жүргізілген «Ұлағат» арнайы курсы оқыту барысында оқушылар қайырымдылық, бауырмалдық, ізгілік қасиеттердің мәнін жақсы меңгерген болатын. Біз осыған байланысты оқушылар арасында эссе жаздырған болатынбыз. Оған біз «Адалдық, ізгіліктің мәні», «Тағылымдық өнегелер», «Адамдар арасындағы мейірімділіктің ролі» тақырыптарында өз ойларын еркін жеткізіп, балалардың ой-өрісі мен дүниетанымын жоғары екенін байқадық. Балаларда «Неге?» деген сұрақ тууы мүмкін. Себебі қазір халықтың көпшілігінде отансүйгіштік, қаһармандық, батырлардың ерлік қасиеттерін нығайту, бірін-бірі құрметтеу, т.б. жоқтың қасы. Қазір ұлдардың арасында төбелес, бірін-бірі құрметтемеу, тілді шұбарлап сөйлеу, т.б. белең алып барады. Сондықтан бұл мәселе жайлы көп айтуға болады. Себебі қазір батыр бабаларымыздың ерліктерін көп насихаттау керек. Сонда ғана елімізде қаһармандар өсіп шығады».

Бастауыш сынып оқушыларының жазған шығармаларын талдай отырып, біз олардың өз отбасын, бауырларын құрметтейтінін және батырлардың ерлігіне қызығушылығы мол екенін байқадық. Сондай-ақ, оқушылардың отбасы мен салт-дәстүрлерге арналған арнайы тағылымдық кездесулерге қатысып, өнегелі сөздерді тыңдағысы келетіні айтылады.

Отбасы туралы алғашқы мәліметтерді «Менің отбасым», «Біздің отбасымыздың бір күні», «Менің үйдегі міндеттерім», «Баланың отбасындағы бір күні» атты сурет салу, әңгіме құрастыру арқылы көптеген мәлімет алуға болады. Балаларға сұрақтар беру, олардың ойымен шынайы ақпарат алу, салған суреті арқылы ата-аналардың балаларға деген және отбасы мүшелерінің өзара қатынасы туралы білуге болады. Суреттегі отбасы туралы мәліметтерді ата-аналардан (ата-аналар жиналысында алынған) сауалнама арқылы алынған жауаптармен салыстырып, қайта тексеруге болады. Жетістіктер мен кемшіліктердің себептері анықталып, мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіндегі болжамы анықталады. Демек, «Отбасы – іштей тұрақты, тұйық ұжым. Сондықтан оны зерттеуде белгілі бір қиыншылықтар ұшырасады. Отбасының сипаттамасы туралы мәліметтер алу мақсатында бақылаулар мен әңгіме жүргізу әдістері қолданылады. Әңгіме кезінде мақсатты түрде белгілі бір жоспарды ұстану керек. Ата-анамен әңгімелер тәрбиешіден өте жақсы дайындықты талап етеді» [170, б. 162].

Әңгімелесіп отырған адамның жүзінен, жауабынан оның психологиялық жай-күйін білуге болады. Осы ұсынылып отырған отбасы диагностикасы әдістері сынып жетекшісіне шынайы ақпарат алуға және отбасының тәрбиелік жағдайын қарастыруға, отбасымен жұмыста кездесетін мәселелерді анықтауға, ата-аналарға бала тәрбиесін жетілдіруге, кемшіліктерді түзетуге, көмек беруге мүмкіндік береді.

Анықтау эксперименті барысындағы ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің қалыптасу деңгейін байқау мақсатындағы зерттеу жұмысының

мазмұнын нақтылау үшін бағытталған зерттеулер ғылыми тұрғыдан сипаттама беру үшін қолданылады.

Өткізілген тәжірибелік экспериментке 125 ата-ана қатысты, оның 63-і эксперименттік топта, 62-сі бақылау тобында болды. Зерттеу барысында ата-аналардың жас ерекшелігі мен ұлттық ерекшелігі негізге алынған жоқ. Дегенмен зерттеуге қатысқандардың дені жас отбасылар болды. Олардың басым көпшілігінде бірінші немесе екінші баласы бастауыш сынып оқушылары болып табылады.

Анықтау эксперименті барысында ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін анықтауда анкета сұрақтары дайындалды. Сауалнама нәтижесі ата-аналардың баланы тәрбиелеу білімінің төмен екендігін, ата-аналардың балаларға бөлген уақыттарының шектеулілігі, отбасылық тәрбие бағыттарының қамтылмай қалғанын көрсетті. Сыныпта ата-ана мен балалардың қатысуымен өткізілген «Қабілетті балалар және олардың ата-аналары» тақырыбындағы педагогикалық кеңес мұғалімнің де, ата-ананың да осы бағыттағы жұмысқа зәру екенін көрсетіп, алдағы жұмыстарды нақтылауға көмектесті. Ата-аналардың бәрі педагог емес, сондықтан баланы күшпен оқытпай, ойлау қабілеттерін арттыру деңгейіне баға береді және отбасында ұлттық тәрбиенің әдістерін жиі қолданатыны белгілі болды.

Біз ата-аналарға «Мен – баламның көзімін» психотренингі, яғни ата-ананың өзін-өзі баласының көмегімен ашу арқылы бірден балаға үлкен талап қоймай, психологиялық ерекшеліктеріне үлкен мән беру керек екені дәлелденді. Мысалы, ата-аналарға төмендегідей сұрақ қою арқылы балаға деген көзқарасының қандай дәрежеде екені талданды.

- Үйіңізге қонақ келді, сіз қандай әрекеттер жасайсыз? - деген сұрақпен кесте толтырылды (Кесте 5).

Кесте 4 – Ата-аналардың отбасындағы қонақ күту жағдайындағы әрекеті

<i>Қонақ</i>	<i>Бала</i>
қарсы алу	уақтылы тамақ
көңіл бөлу	әңгімелесу
уақыт бөлу	гигиеналық талап
жұмыстан сұрау	көңіл-күй
психологиялық көңіл-күйін көтеру	
бар жағдайды жасау	

- Егер осы қонағыңыз балаңыз болса ше? - деген сұрақ арқылы талданып, мынадай қорытындыларға келдік:

1. Балаға уақтылы дұрыс көңіл бөлмейтіндігін мойындайды.
2. Проблемалардың шығу жолдары анықталды.

Бұл кесте бойынша бала тәрбиесіндегі ата-ана басты рөлде екені және ата-ананың бала тәрбиесіне көңілі аз бөлетіндігі айқындалды, жауапкершілік сезіну керектігі нақтыланды. Сонымен қатар, жаңа үлгіде өткізілген ата-аналар

жиналысының да маңызы айтарлықтай. «Баланың отбасындағы ұстазы – ата-анасы», «Отбасы тәрбиесі – білім сапасының негізі» тақырыбында ата-аналар жиналыстарын өткізу жоспары төмендегідей үлгіде ұйымдастырылды. Яғни ата-аналардың бала тәрбиесіне деген көзқарасы мен сенімі, оның отбасындағы ролі, болашақта бала тәрбиесінің қоғамдық орында көрініс беруі қатты алаңдататыны байқалды. Дегенмен, ата-анадан көрген-білгенін бала үнемі достарының арасында жиі қолданатыны байқалды. Атап айтсақ, жаргон сөздерді, отбасының құпия сөздерін, қонақ келгендегі ата-аналарының іс-әрекетін балаларға жеткізіп отыратыны айтылды. Балалармен жүргізілген психологиялық тестілеудің қорытындысы таныстырылып, талданды. Анықтау экспериментін ұйымдастырудан мынадай нәтиже алдық:

- Ата-ананың өзін мазалап жүрген сұрақтарының көптігіне көз жеткіздік және мұғаліммен бірге жауабын табу қажеттілігі анықталды;

- Тәрбиесіз берілген жаттанды білім алу мен бірлесе оқудың айырмашылығы анықталды;

- Баланың психологиялық ерекшеліктері әртүрлі болатыны туралы, ата-ананың өзін тануы туралы мағлұмат берілді;

- Тәрбие шараларын бірегелікте өткізуі, тікелей жұмысына араласуы арқылы ата-ананың педагогикалық тақырыпқа қызулығы оянды;

- Ата-ананың педагогикалық жиналысқа қатысуы, педагогикалық мәдениетінің деңгейін өсіру қажеттілігі анықталды.

Анықтау эксперименті барысында ата-аналардың өздерімен жұмыс жасау қажеттілігін және педагогикалық мәдениеті саласынан білім, іскерлік деңгейін көтеру керектігін анықтады, ата-аналардың бұл саладан білімінің төмен екендігін, отбасы тәрбиесінің көптеген бағыттары қамтылмай қалғанын көрсетті. Төменде көрсетілген жұмыс жасау бағдарламасы ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің заңдылықтарын, қағидаларын түсінуге, оларды отбасылық іс-әрекетте пайдалануға қажетті білім, іскерлік, дағдыны кешенді түрде дамытуға мүмкіндік берді. Ата-аналар комитеті жұмысының жемісті болу шарттары – оның мүшелерінің ата-аналар ұжымының алдында есеп беруі, оның іс-әрекетіне алғыс білдіру, мадақтау, жұмыс тәжірибесін талдау, қорыту, сынып жетекшісінің үздіксіз ынтымақтастық әрекеті болып табылады.

Отбасының тәрбиелік әлеуеті – бұл материалдық және тұрмыстық жағдайлар, отбасының көлемі мен құрылымы, қарым-қатынас сипаты, психоэмоционалды фон, қарым-қатынас ерекшеліктері, ата-ананың жеке басы, педагогикалық мәдениет деңгейі және т.б.

Бүгінде отбасы, бала мен ата-ана қарым-қатынасының дағдарысы байқалады. Бұл елімізде болып жатқан саяси және экономикалық өзгерістерге байланысты. Ата-аналар материалдық жағдайға назар аударуға мәжбүр болады, демек олар отбасындағы тәрбиеге аз уақыт жұмсайды. Нәтижесінде, баланы түсінуге байланысты эмоционалды компонент өзара әрекеттен шығарылады. Ролдік ойын айтарлықтай жоқтың қасы, өйткені әдетте отбасында бала саны аз. Ажырасу саны артты. Демек, қорытынды мынадай: Мектеп отбасы тәрбиесіне үлес қосуға міндетті. Оқушының жеке басын дамыту мақсатында

ұйымдастырылған тәрбие жұмысы ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне тартқанда ғана нәтижелі болады.

Қазіргі жағдайда отбасында баланың дамуы мен тәрбиесі процесінде із қалдыратын түрлі проблемалар кездеседі. Ата-аналар балалармен қарым-қатынастың белгілі бір жағдайларында қалай әрекет ету керектігін біле бермейді, оларға тек мамандар (мұғалімдер, психологтар және т.б.) көрсете алатын көмек қажет. Тәжірибе көрсеткендей, мұғалімдер мен ата-аналар бірігу арқылы ғана балаларды жалпы тәрбиелеу ісінде, «мұғалім – оқушы – ата-аналар» өзара әрекеттестігінде оң нәтижелерге қол жеткізе алады. «Өзара әрекеттесу» категориясы психологиялық-педагогикалық әдебиеттер де көбірек қолданыла бастады. Педагогикалық өзара әрекеттесу – баланың жеке басын дамытуға бағытталған субъектілер арасындағы тәрбие үрдісі.

Егер бірқатар шарттар орындалмаса, отбасымен тәрбиелік өзара әрекеттестік оң нәтиже бермеуі мүмкін. Сондықтан өзара әрекеттесуді құру кезінде мыналарға ұмтылу қажет:

- мектеп пен отбасының арасындағы байланыстың ашық болуы;
- өзара әрекеттесу «мұғалім – ата-ана – бала» интегралды педагогикалық үрдістің барлық қатысушыларының үш жақты субъективті ұстанымымен сипатталуы;
- педагогикалық өзара әрекеттестік туындайтын мәселелерді уақытында шешуге бағытталған іс-тәжірибелік бағытта болуы.

Бірақ бұл шарттар орындалса да, педагогикалық өзара әрекет бір күндік болса, тиімді болмайды. Оған кешенді және жүйелі көзқарас қажет.

Қазіргі жағдайда мектептің міндеті – отбасындағы адамға деген қызығушылықты сақтау және дамыту. Мұғалімдер ата-аналарға баланы өзінің табиғи қалпында көруге көмектесуі керек. Оның дамуын байқауға үйрету. Тұрақты өзгерістердің заңдылықтарын түсіну. Оқу мен тәрбие үрдісінде отбасы мен мектептің тиімді өзара әрекеттесуі осы негізде ғана мүмкін болады.

Мектеп пен отбасы қызметі мыналарға негізделеді:

- қарым-қатынас пен өзара әрекеттесудің гуманистік стилі;
- мұғалім мен ата-ананың балаға және бір-біріне құрметпен қарауы;
- ата-аналардың педагогикалық білім деңгейінің жоғарылауы;
- дау-дамайларды шешуге конструктивті көзқарас.

Мақсаты: баланың жеке басын, оны оқыту мотивін, құндылық бағдарларын, оның даралығын, шығармашылық әлеуетін ашу және т.б. дамытудағы мектеп пен отбасының ұмтылыстарының өзара түсіністігі мен біртұтастығын қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Міндеттері:

1. Тәрбиелік – ата-аналарға балаларымен болып жатқан өзгерістерді көруге және түсінуге үйрету.

2. Консультациялық – әлеуметтік және білім беру дағдыларын меңгеру процесінде балаға тиімді әсер ету әдістерін бірлескен психологиялық-педагогикалық іздестіру.

3. Коммуникативті – отбасылық өмірді эмоционалды әсермен, бала мен ата-ананың өзара қарым-қатынас мәдениетінің тәжірибесімен байыту.

Отбасы мен мектептің өзара байланысының негізгі бағыттары мен формалары:

1. Отбасы тәрбиесінің жағдайларын зерттеу.
2. Оқу үрдісінің мазмұны туралы ата-аналарды ақпараттандыру.
3. Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық кеңес беру.
4. Ата-аналар комитетімен өзара әрекеттесуді дамыту.
5. Ата-аналар мен оқушылардың бірлескен іс-әрекеті:

- ақыл-ойын дамыту;
- адамгершілік мәдениетін тәрбиелеу;
- эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу;
- дене мәдениеті мен салауатты өмір салтына тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштікке және кәсіптік бағдар беруге тәрбиелеу.

6. Балаларды тәрбиелеу мен оқытудың барысы мен нәтижелері туралы ата-аналарды хабардар ету.

7. Қоғамдық ұйымдардың мүшелері болып табылатын ата-аналармен өзара әрекеттесу.

Отбасын зерттеу әдістері.

Отбасы үшін ақпарат мектепте жедел педагогикалық мәселелерді шешу үшін қажет:

- Отбасының тәрбиелік қажеттіліктеріне сәйкес келетін нақты мақсат қою үшін;
- Оқушылардың жеке басының, оның ішінде девиантты мінез-құлықтың даму сценарийінің шығу себептерін түсіндіру;
- Ата-аналармен өзара әрекеттесудің жеке тактикасын әзірлеу.

1. Бақылау.

2. Қосылған бақылау (ата-аналарды, класс белсенділерін, мектеп инспекторын, әлеуметтік педагогты қосу).

3. Жеке әңгімелер.

4. Тестілеу.

5. Сауалнама.

6. Диагностика.

7. Іскерлік ойындар.

8. Балалардың әңгімелері мен суреттерін талдау.

Тиімділік критерийлері.

Бастауыш мектепте – мектепке деген оң көзқарасты, оны қабылдау беделін, педагогикалық ұжымға құрметпен қарауды қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетін арттыру.
- Мектептің тәрбие жүйесіндегі оқушылардың жеке әлеуетін ашу.

Педагогтар мен ата-аналар одағын құруда, олардың өзара ынтымақтастығын орнатуда шешуші рөлді мұғалімдер атқарады. Егер мұғалім ата-аналармен жұмыста ақыл айтудың орнына оларға кеңес берсе, бірлесе

отырып іс-әрекеттер туралы талқыласа, ақылдасса, оларды педагогикалық білім алу қажеттілігін сыпайы түсіндірсе, ата-аналармен сөйлескенде «Сіз қалай ойлайсыз?», «Бұл мәселені бірге шешейік», «Мен сіздің ойыңызды білгім келеді» деген сөздер жиі естілсе, онда мұғалім мен ата-аналардың одағы, өзара түсінігі, олардың өзара сенімі болуы мүмкін. Бүкіл өзара әрекеттесу ахуалы, мұғалімнің ата-анамен қарым-қатынасы мұғалімге күш-жігерді біріктіруде ата-ананың қажет екенін, ата-аналар оның одақтастары бар екенін және олардың кеңесі мен көмегінсіз әрекет ете алмайтынын көрсетуі керек.

Мектеп пен отбасы арасындағы өзара қарым-қатынас практикалық педагогиканың өткір мәселелерінің бірі болып табылады. Бірақ бұл «мәңгілік» мәселе, сондықтан әр уақытта әртүрлі себептермен және әртүрлі формада шиеленіседі.

Кеңес өкіметінің ондаған жылдары қоғамға мектеп мемлекеттің институты ретінде отбасылық тәрбиені басқарады және бақылайды деп үйретті. Бұл көптеген мұғалімдерде белгілі бір педагогикалық күш-жігер мақсатты түрде ұйымдастырылса, барлық ата-аналарды мейірімді адамдар етуге болатынына сенімділік тудырды. Ал мектеп отбасының жағымсыз әсерін жеңе алмайтын жағдайда, балаларды әке-шешесінен толық шеттету керек деген болатын.

Қазіргі кезде педагогикалық ғылыммен ғана емес, сонымен қатар оқу практикасымен де меңгеріліп жатқан тұлғаға бағытталған білім беру парадигмасы мектеп пен отбасының, сынып жетекшісі мен мектеп оқушыларының ата-аналарының арасындағы басқа қатынасты болжайды. Бұл педагогикалық өзара әрекеттесу қарым-қатынастарынан тұрады.

Педагогикалық өзара әрекеттесу – сынып жетекшісінің мектеп оқушыларының ата-аналарымен педагогикалық қарым-қатынасының технологиялық алгоритмі. Бұл үшін отбасының әлеуметтік-мәдени және білім беру мүмкіндіктерін зерттеу жүзеге асырылуы керек.

Әрине отбасының материалдық тұрмыс жағдайына, балалар мен ересектер санына, ата-аналардың білімі мен мәдени деңгейіне назар аудару керек. Бірақ сынып жетекшісі түсінуі керек ең маңызды нәрсе – бұл ата-ананың мінез-құлқының түрлері.

Қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ата-аналардың мінез-құлқының бірнеше түрі сипатталған. Міне, ең толық жіктелуінің бірі (авторлары Э.О. Смирнова, М.В. Быкова), ата-ана тәрбиесінің мінез-құлық түрінің бірнеше нұсқасын бөліп көрсетеді:

1. «Қатал» ата-ана негізінен күш қолдану әдістерімен әрекет етеді, өз талаптарын қоя отырып, баланы қатаң түрде бағыттайды. Бұл авторитарлық түрі, себебі баланың жеке белсенділігі толығымен бұғатталған.

2. «Түсіндіретін» ата-ана үнемі сөзбен түсіндіруге жүгінеді, баланы ақылға шақырады, егер оған жақсы түсіндірсе, бала бәрін дұрыс жасайды деп сенеді.

3. «Автономды» ата-ана өз шешімдерін жүктемейді, керісінше балаға тәуелсіз шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

4. «Ымыраға келетін» ата-ана баланың назарын, қызығушылығын жөнсіз немесе жай қауіпті әрекеттен қолайлыға ауыстыруға тырысады, жиі бір нәр сені бірге жасауды, ортақ іс-әрекеттегі қиындықтарды бірге бөлісуді ұсынады.

5. «Көмекке келетін» ата-ана баласын жақсы біледі, оның жеке басының күшті және әлсіз жақтарын және қажет уақытта, кейде тіпті байқалмайтын кезде көмекке келеді.

6. «Жанашыр» ата-ана баласының эмоционалды жағдайына нәзік және жұмсақ жауап береді, әсіресе оның достарымен, мұғаліммен дау-дамайлы сәттерде терең жанашырлық танытады, бірақ нақты шаралар қабылдамайды, жағдайға тікелей араласпайды.

Мектепке жүктелген міндеттерді орындаудың табысты болуы көп жағдайда мұғалім мен ата-ана арасындағы қарым-қатынастың сипатына байланысты. Мұндай қарым-қатынастың негізі өзара сенім болуы керек. Мұндай байланыстарды құруда жетекші рөл мұғалімге тиесілі. Бала үшін ата-ана – оның өміріндегі алғашқы ұстазы. Қадамдық бағдарлама әрбір баланың алғашқы мұғалімі ретінде ата-ананың рөлінің маңыздылығын мойындайды және қолдайды. Бұл технологиямен жұмыс жасай отырып, мұғалім ата-аналарды оқыту мен тәрбиелеуде серіктес ретінде қарастырады.

Зерттеулер көрсеткендей, бала ата-ананың мектеп өміріне араласуын, олардың мұғалімдермен белсенді ынтымақтастығын көргенде өзін-өзі бағалау сезімі артады. Барлық балалар отбасы мен мектеп арасындағы жағымды достықты ұнатады. Бұл технологияның мақсаты – жеке тұлғаның толық әрі еркін дамуы үшін әрбір баланың мүмкіндіктерін пайдалану. Бұған ата-ананың көмегінсіз қол жеткізу мүмкін емес.

Отбасы мүшелері сыныптың іс-әрекетіне белсенді қатысады. Ата-аналар мұғаліммен таңертеңгілік кездесулер өткізе алады, кез келген уақытта сабаққа қатыса алады, олардың балаларының қалай жұмыс істейтінін, оқуын, ойнағанын көре алады, баласының ұжыммен, мұғаліммен қарым-қатынасы қандай болатынын байқай алады, балалармен жұмыс жасай алады, ойын жеткізе алады. Ата-аналар жиналысы (ата-аналармен кездесулер) әдетте олар үшін қолайлы уақытта, кейде «дөңгелек үстелде» немесе өзара пікір алысу үстінде өтеді.

Мұғалімдер мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекетінің түрлі мүмкіндіктері әр отбасының жеке мүдделері мен қалауына сәйкес келетін формаларды жасауға мүмкіндік береді. Сыныптың күнделікті өміріне қатыса алмайтын ата-аналарға тоқсан сайын сенбілік отбасылық жиналыстар немесе топтық кездесулер сияқты басқа байланыс түрлері ұсынылады.

Кейде мұғалімдер ата-аналардың ешқандай көмек көрсетпейтініне және сыныпқа мүлде кірмейтініне шағымданады. Себебі, олар көбінесе мұғалімге қандай көмек қажет екенін білмейді немесе көрсете алмайды. Бұл мәселені шешу үшін оқу жылының алғашқы күндерінде әр отбасы сауалнама толтырады. Сауалнаманың нұсқаларын әр мұғалім сыныптың қажеттілігіне қарай өзгерте алады.

Осы сауалнамалар негізінде «Ата-аналар көмегінің» жалпы тізімі құрастырылады, онда оқу жылы бойы ата-аналардың қайсысына хабарласуға болатыны көрсетіледі. Кейіннен ата-аналар сынып өміріне белсенді қатысуға ғана емес, сонымен қатар өз ұсыныстарын енгізуге де қуанады.

Ата-аналардың отырысын ынталандыруда «Алғыс айту алаңы» стенді маңызды рөл атқарады, онда оқушылардың отбасы алаңда гүл түрінде көрсетілген, ал әр гүлдің жапырақтарында бұл отбасының ата-аналарының сыныпқа көрсеткен көмегі болады.

Кейбір отбасылар сабақтарға немесе таңертеңгі жиналыстарға қатыса алмайды немесе ұялады, бірақ олар сабаққа көрнекі құралдар немесе материалдар жасай алады, сыныпты жабдықтауға немесе безендіруге көмектеседі, энциклопедия әкеле алады, бұның бәрі көмектің құнды түрі болып табылады. Ата-аналар орындаған тапсырмалардың ешқайсысы мұғалімнің де, сынып оқушыларының да назарынан тыс қалмауы керек.

Кейбір жағдайда ата-аналар мұғалімнің онымен ынтымақтасуға деген ұмтылысына жауап бермейді, баласын тәрбиелеуге күш біріктіруге қызығушылық танытпайды. Мұғалімге шыдамдылық пен бұл мәселені шешу жолдарын мақсатты түрде іздеу қажет. Сыныптың өміріне қатысқысы келетіндермен жұмыс жасауды және өзара әрекеттесуді бастау керек, тіпті мұндай ата-аналар аз болса да, мұғалімдерді қолдайды. Біртіндеп сыпайы түрде мұғалім әр баланың және оның отбасының мүдделерін ескере отырып, пікірлес ата-аналарға сүйене отырып, басқа ата-аналарды қарастырады. Ата-аналар жиналысының бірін бала тәрбиесінде мұғалімдер мен ата-аналардың ынтымақтастығы мәселесіне арнаған жөн. Талқылауға келесі сұрақтар ұсынылуы мүмкін:

- Адамдардың ынтымақтастығы нені білдіреді? Оның негізгі көріністері қандай?

- Неліктен мұғалімдер мен ата-аналардың ынтымақтастығы қажет?

- Мектеп ата-аналарға, ата-аналар мектепке, мұғалімдерге қалай көмектесе алады?

- Мұғалімдер мен ата-аналардың табысты ынтымақтасуына не кедергі?

- Мұғалімдер мен ата-аналардың өзара әрекеттестігі жемісті болуы үшін не қажет?

- Ынтымақтастықтың, мұғалімдер мен ата-аналардың бірлескен жұмысының қандай формалары болуы мүмкін?

Бірлескен қызметтің қандай формалары біздің ұжымдағы ересектер мен балаларды достастыра, біріктіре алады?

Мұғалімдер мен ата-аналардың өзара әрекеттесу формалары олардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері болып табылады. Өзара әрекеттестіктің ұжымдық, топтық және жеке формаларының үйлесімі орынды. Демек, тәрбиенің кез келген мәселесін ата-аналар жиналысында, ата-аналармен жеке жиналыстарда, топтық кеңестерде талқылауды жалғастыру пайдалы.

Осылайша, мектеп мен отбасының әрекеттестігі арқылы реттелетін педагогикалық қызметінің диагностикасы негізінде қойылған міндеттерімен нақтыланады.

Осы орайда біз бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде ұлттық қасиеттерді қалыптастыру үшін кешенді жүргізуді тереңдету мақсатында қалыптастыру педагогикалық тәжірибе жұмысын тәрбие үрдісінде жалғастырамыз.


Оқушыларға отбасы тәрбиесінің негізінде бауырмалдық, қайырымдылық қасиеттерді қалыптастыру мақсатында зерттеудің келесі кезеңінде тәрбие үрдісінің мүмкіндіктері қарастырылды. Қалыптастыру педагогикалық тәжірибе жұмысының екінші кезеңдегі басты мақсаты:

- Оқушылардың отбасы мен мектептің әрекеттестігі негіздегі бауырмалдық, қайырымдылық, ізгілік қасиеттерін терең меңгеруіне жағдай жасау;
- Өз отбасының, ата-бабаларының салт-дәстүрлері негізінде ұлттық тәрбиені қалыптастыру.

Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу өлшемдері:

- Бастауыш сынып оқушыларының «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік» ұғымдарын игеру деңгейі;
- Отбасы мен мектепте алған тәрбиесін дұрыс қабылдап, бағалай білуі;
- Оқушылардың отбасындағы және қоғамдық ортадағы қайырымдылық істерге ұмтылуы және өздерінің іс-әрекеттері арқылы көрсетуі.

Біз, отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігін нығайту барысында 4 сынып оқушылары және мектеп мұғалімдеріне отбасы үлгісіндегі тәрбиелеуді енгізудің қажет екендігі туралы мағлұмат алдық. Отбасының тәрбиелік ықпалын зерттеуге арналған эксперимент жұмысы (Сурет 4).



Сурет 5 – Отбасының тәрбиелік ықпалын анықтауға арналған эксперимент жұмысы

Жалпы орта білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарына талдау жасағанымызда бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеудің отбасымен әрекеттестігін жетілдірудің қажетті тұстарының бар екендігін анықтадық. Орта мектепте педагогикалық тәжірибе бағытындағы «Өнегелі ұрпақ» тәрбие клубының жұмыстары оқушылардың бауырмалдық, қайырымдылық, ізгілік қасиетін қалыптастыруға мол мүмкіндігін байқадық (Кесте 5).


Кесте 5 – «Өнегелі ұрпақ» тәрбие клубының жыл бойына орындалатын жұмыс жоспары

Р/с	Өткізілетін тәрбие шаралары	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Өнегелі ұрпақ» тәрбие клубын құру	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшісі, ұстаздар, ата-аналар
2	«Ұлағат» (4-класс) арнайы курсы жүргізу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері, сынып жетекшісі
3	«Батыр бабалар ерлік жолымен» атты әдеби-танымдық оқулар	Жыл бойы	Кітапханашы, пән мұғалімдері
4	«Мұражай – ерлік бастаулары» тақырыбында музейге саяхат	Қараша-желтоқсан	Сынып жетекшісі
5	«Қаһарман» әскери-спорттық ойынын өткізу	Қаңтар-ақпан	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі
6	«Наурыз – жыл басы» жас отбасылар арасында көңілді старт, ұлттық спорт сайысын ұйымдастыру	Наурыз	Сынып жетекшілері, дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі, ата-аналар
7	«Көктем – ел берекесі» атты отбасылармен бірге сенбілік ұйымдастыру	Сәуір	Сынып жетекшілері, ата-аналар
8	«Ерлікке тағзым» тақырыбында ардагерлермен кездесу	Мамыр	Сынып жетекшілері, ата-аналар

«Өнегелі ұрпақ» тәрбие клубының мақсаты: оқушылардың бойында отбасы мен мектептің әрекеттестігі негізіндегі ұлттық тәрбие мен бауырмалдық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

Отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі арқылы ұлттық қасиеттерді қалыптастыру негізінде жасалған «Өнегелі ұрпақ» тәрбие клубы мен «Ұлағат» арнайы курсы менгеруде оқушылар халықтық тәрбие талаптарын саналы түрде ұғынып, патриотизм, елдік, ерлік, қаһармандық туралы халықтық педагогика түсініктерін ой елегінен өткізе отырып, ұлттық рухани мәдени мұраларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейтін туған жер туралы танымдарын кеңейтеді.


Оқушыларға «Ұлағат» арнайы курсы жүргізілгеннен кейін оқу жылының әрбір тоқсанның қорытындысы бойынша оқушылардың білімділік деңгейлері қорытындыланып, тексерілді. Тәжірибелік эксперимент кезінде біз оқушыларға әртүрлі тренингтер, пікір сайыс, саяхат, топсеруен т.б. жүргізу арқылы олардың таным-түсінігі, іскерлігі, дағдысы артқанын байқаймыз. Демек, біз эксперимент негізінде арнайы курста атқарылған жұмыстардың нәтижесін 6 суреттен бере аламыз.



Сурет – 6 «Ұлағат» арнайы курсы барысындағы қалыптастыру эксперименті нәтижесі

Жүргізілген тәжірибе барысында бастауыш сынып оқушыларының деңгейлерінің жоғарылағанын байқаймыз. Демек, тәрбие үрдісінде жүргізілген іс-шаралардың әсерін байқаймыз. Әйткенмен, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде бауырмалдық, қайырымдылық, ізгілік қасиеттерді қалыптастыруда өз бетінше берілген тапсырмалар бойынша орындалған жұмыстар нәтижелері, түрлі тақырыптарда өткізілген пікірталастар, әңгімелер мазмұны олардың ізгілік қасиеті деңгейінің өзгерісін байқатты. Біз оқушылардың бауырмалдық,

қайырымдылық, ізгілік қасиеттерінің қалыптастыру эксперименті нәтижесін нақты диаграмма арқылы береміз (Сурет 7).



Сурет 7 – Тәрбие үрдісінде оқушылардың бауырмалдық, қайырымдылық, ізгілік қасиетін қалыптастыру, %

Сонымен педагогикалық эксперимент жұмысының екінші кезеңінде атқарылған жұмыстар бойынша эксперименттік топтың мектеп пен отбасының әрекеттестігі арқылы тәрбие деңгейінің төмен 4%, жеткілікті 63%, жоғары 33% дәрежеде болуы олардың теориялық білімдерін жоғарылағанын байқатты.

Атқарылған тәрбие жұмысының барысы мен нәтижесі бізге бүгінгі ұлт мектептеріндегі сыныптардың ерекшелігіне қарай тәрбие жұмысының әдістері мен тәсілдерін белгілеуге мүмкіндік берді.

Мұғалім мен ата-аналардың өзара әрекеттестігінің ұжымдық формалары ата-аналардың балаларды отбасында тәрбиелеуге әртүрлі дайындық деңгейлеріне, олардың кәсіби іс-әрекеттерінің ерекшеліктеріне, ата-аналардың сыныптың тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қатысу сипатына, олардың отбасында атқаратын тең емес рөліне, оқушылардың жеке ерекшеліктері мен отбасылық қарым-қатынастың қиындықтарына байланысты. Педагогтардың ата-аналар комитетімен өзара әрекеттестігі ерекше маңызды формасы болып табылады, оны ата-аналар жиналысы бүкіл оқу жылына тандай алады. Ата-аналар белсенді және қызығушылық танытатын кейбір сыныптарда ата-аналар комитеті мүшелерінің қызметін кезек-кезек әрқайсысы орындайды, өз қалауы бойынша топтарға бөлінеді. Ата-аналар белсенділері – бұл мұғалімдердің тірегі және шебер өзара әрекеттескенде, ол олардың идеяларын өткізуші болады.

Осыған сәйкес, ата-аналардың педагогикалық мәдениеті – әлеуметтік сұранысқа сай заңды құбылыс, өйткені балалардың жоғары деңгейде сапалы тәрбие алуға мүмкіндіктері болу керек, ата-аналар мен мұғалімдердің

ынтымақтастығы – баланың жоғары қабілеттілігінің көрсеткіші, тәрбиесі, олардың бойынан және іс-әрекетінен көрініс табады.

Эксперимент кезінде эпидемиологиялық жағдайға байланысты оқушылармен және ата-аналармен жұмыс істеудің негізгі дәстүрлі формалары қашықтық режиміне ауыстырылды. Сол кезде ата-аналармен байланыс орнату, балаға қойылатын талаптардың бірлігін қамтамасыз ету, ата-аналардың педагогикалық білімі мен мәдениетін көтеру мақсатында «Мектеп» сайтындағы «Ата-аналар мектебі» қосымшасы құрылған болатын. Оның негізгі міндеттері: оқу-тәрбие жұмысының өзекті мәселелеріне ата-аналар назарын аудару, мектеп-отбасы әрекеттестігін дамыту, баланың жас және даму ерекшеліктерін ескере отырып, жүргізілетін тәрбие жұмыстарын жүйелеу. Мазмұны: білім ұйымдарындағы тәрбие жұмыстарына белсене араласу, әкімшілікпен бірлесе отырып оқушылар ережесін, ата-аналар ережелерін жасау, т.с.с. [171].

Сыныптағы ата-аналармен жұмыс осы «Мектеп» сайтындағы «Ата-аналар мектебі» қосымшасы арқылы жүргізілді (Сурет 8).



Сурет 8 – «Ата-аналар мектебі» сайт қосымшасының QR-коды

2.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері

Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі кезінде бірнеше жұмыстар атқарылды:

Алғашқы кезеңде – оқушылардың «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік», т.б. ұғымдарын игеруі және отбасында, өз өмірінде қолдануы.


Екінші кезеңде – білім мен тәрбие үрдісінде оқушының жан дүниесіне ұлттық қасиеттері негізінде дағдысын қалыптастыру. Мақсаты – оқушылардың бойына отбасы тәрбиесін қалыптастыру.

Үшінші кезеңде – оқушылардың мектеп пен отбасы тәрбиесіне деген белсенділігін арттыру.

Біздің зерттеу нысанамызға сәйкес жүргізілген «Өнегелі ұрпақ» тәрбие клубын меңгертуде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін анықтауға және этникалық сана-сезімін қалыптастыруға аса мән берілді. Ата-аналар өздігімен дербес жұмыс барысында өзінің руы, шыққан тегі, жеті атасы бойынша шежіре құрып, отбасы тәрбиесіне бақылау жүргізу арқылы бала тұлғасының қалыптасуына тәрбиенің қандай этномәдениет дәстүрлерінің ықпал ететінін


танып білді, мерзімді басылымдардағы материалдарды сұрыптау арқылы «Балаларды тәрбиелеудегі отбасының ролі», «Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті» тақырыптарында іс-шарасы өткізілді, әртүрлі педагогикалық тапсырмалардың шешімі іздестірілді. Нәтижесінде осының бәрі ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамытудың тиімділігін көтерді, талдау бере білудегі іскерлік дағдысын жетілдірді. Ата-аналарға «Қаланың әлеуметтік жағдайындағы бала тәрбиесі» атты арнайы семинар өткізу арқылы зерттеу жұмысымыз жалғасын тапты. Семинарды меңгеру барысында ата-аналар өтілетін іс-шараларға қажетті материалдарды даярлауға үлесін қосты: шараны өткізу бағдарламасын жазу, педагогикалық ситуацияларды талдау, педагогикалық тапсырмаларды дайындау, педагогикалық ойындарды жоспарлау және т.б. Қалыптастыру экспериментінің барлық кезеңдерінде әртүрлі жұмыс формаларын өткізуде (ата-аналар жиналыстары, ата-аналар өкілдерінің мектеп әкімшілігімен кездесу, балалар мен ата-аналардың еңбек, демалыс қызметтерін ұйымдастыру, ұлттық ойын алаңы, пікірталас, дөңгелек үстел және т.б.) ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің қалыптасу нәтижелерін көрсетіп отырды. Бұл жұмыс формалары ата-аналардың әр қырынан ашылуына септігін тигізді. Пікірталастар, ойшылдар мінбесін өткізу нәтижесінде ата-аналардың аналитикалық қырын ашып көрсетуге және өзінің көзқарасын айтуға мүмкіндік алды.

Сондай-ақ, педагогикалық эксперимент жұмысының қалыптастыру кезеңінде бастауыш сынып оқушыларының мектеп пен отбасының әрекеттестігінің деңгейі бақылау, әңгімелесу, пікірталас, баспасөз конференциялары, кездесулер, т.б. әдістер арқылы зерттелді. Сонымен қатар зерттеу нысанамызға сәйкес бастауыш сыныптың гуманитарлық пәндерді оқыту мен тәрбие шараларында «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік» қасиеттерін қалыптастыру көрсеткіші нақтыланды (Сурет 9).




Сурет 9 – Гуманитарлық пәндерді оқыту мен тәрбие шаралары арқылы «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік» қасиеттерін қалыптастыру көрсеткіші

Сонымен қатар оқушылардың 2019-2021 жылдар аралығында бастауыш сынып оқушыларының тәрбие үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік» қасиеттерін қалыптастыру деңгейі қарастырылады (Сурет 10).



Сурет 10 – Оқушылардың «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік» қасиеттерінің сапалық көрсеткіші


Біздің жүргізілген зерттеу жұмысымыздың нәтижесі көрсеткендей, эксперимент жұмысы олардың жоғары деңгейін көрсеткенін байқаймыз. Ал бақылау топтарының деңгейі өзгеріссіз қалды. Мұны біз келесі диаграммада 4-сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік» қасиеттерін қалыптастыру көрсеткішінен көреміз (Сурет 11).



Сурет 11 – 4-сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік» қасиеттерін қалыптастыру көрсеткіші (2019-2021 жж.)

Жоғарыдағы динамикалық көрсеткіштерге түсінік беретін болсақ, педагогикалық эксперимент жұмысы кезіндегі сыныптан тыс жұмыстар мен оқу-тәрбие үрдісіне қосымшалар енгізудің тиімділігін айта кеткен жөн. Мысалы, эксперименттік топтың 2019-2021 жылдардағы бастауыш сынып оқушыларының тәрбие үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік» қасиеттерін қалыптастырудың тәжірибеге дейінгі деңгейлері – жоғары 16%, жеткілікті – 24%, төмен – 60% болса, ал тәжірибеден кейін – 36% жоғары, жеткілікті – 54%, төмен – 10% көрсетіп отыр.

Біздің зерттеу экспериментіміздің барысында «Өнегелі ұрпақ» тәрбие клубының бастауыш сынып оқушыларын отбасы мен мектептің әрекеттестігінде «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік» қасиеттерін қалыптастыру көрсеткіші берілген (Сурет 12).




Сурет 12 – «Өнегелі ұрпақ» тәрбие клубының бастауыш сынып оқушыларын отбасы мен мектептің әрекеттестігінде «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік» қасиеттерін қалыптастыру көрсеткіштері (2019-2021 жж.)

Бұл динамикадағы көрсеткіштердің нақты сипаттамасына келсек, 2019-2021 оқу жылдарында біздің педагогикалық эксперимент жұмысының соңғы жылындағы өзгерістер көрсеткіші 43% бен 64% деңгейінде болды. Олай болса, біздің жүргізген зерттеу жұмыстарымыз пәндерді оқыту арқылы тәрбие деңгейін көтеруге септігін тигізеді. Мұнда бастауыш сынып оқушыларын тәрбие үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі өз нәтижесін берді.

Жалпы білім беретін орта мектептердің тәрбие үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің динамикасынан байқағанымыз педагогикалық эксперимент жұмысына алынған бастауыш мектеп оқушыларының тәрбиелік ой-өрісі мен тұлғалық қасиеттерінен өнеге алып, өмір тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік алады. Мұны біз келесі диаграммада, оқушылардың отбасындағы

және қоғамдық ортадағы қайырымдылық істерге еліктеуі және өздерінің іс-әрекеттері арқылы дамыту динамикасы арқылы береміз (Сурет 13).



Сурет 13– Оқушылардың отбасындағы және қоғамдық ортадағы қайырымдылық істерге еліктеуі және өздерінің іс-әрекеттері арқылы дамыту динамикасы

Динамикалық көрсеткіште бастауыш сынып оқушыларының отбасында, мектепте және қоғамдық ортада қайырымдылық істерге еліктеуі және тәрбиелік шараларға қатысуы, тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс жұмыстардың маңызының зор екенін көруге болады.

Зерттеудің соңғы кезеңінде, яғни бақылау педагогикалық эксперимент жұмысының барысында бақылау тобы мен эксперименттік топтың бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі туралы ой-пікірлері мен білім деңгейлерінде айырмашылық байқалады. Оны біз №6 кестеден көреміз.

Кесте 6 – Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің сапалық көрсеткіші

Деңгейі	Эксперименттік топ (105 оқушы)		Бақылау тобы (100 оқушы)	
	Тәжірибеге дейін %	Тәжірибеден кейін %	Тәжірибеге дейін %	Тәжірибеден кейін %
Төмен	18	4	19	62
Орта	62	16	63	26
Жеткілікті	20	47	18	12
Жоғары	-	33	-	-

Кестеде келтірілген мәліметтер бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің маңызына үлкен мән беру қажеттігі болжамымызды дәлелдейді.

Демек, педагогикалық эксперимент кезінде әдістемелік көмектің нәтижесінде эксперименттік топта «жеткілікті» деңгей 33% көрсетсе, ал бақылау тобында ешқандай өзгеріс болмағаны байқалып тұр.

Педагогикалық эксперимент жұмысы барысында жүргізілген жұмыстарды сараптай келе, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін айқындауға негіз болды. Яғни мектеп оқушыларына жан-жақты тәрбие беру мен олардың отбасы құндылықтары, туған жер туралы таным-түсінігін тереңдетіп, жетілдіру мақсатында құрылған «Ұлағат» атты 4-сыныпқа арналған арнайы курсы және «Өнегелі ұрпақ» тәрбие клубының оқу-тәрбие үрдісіне ендірілуі оқушылардың бауырларын, отбасын, елін, туған жерінің табиғатын, Отанын қорғау, сүю, ерлік, қаһармандық, батырлық туралы мақтаныш сезіміне еліктеуге және тәрбие құралы ретінде қолданудың мүмкіндігін байқатты.

Қорыта келе, оқу-тәрбие үрдісінде жүргізілген оқушылардың білімдерін, дағдысын орынды қолданудың мүмкіндігі зор.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының саяси-әлеуметтік тұрғыдан жаңару барысында бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруді рухани ұлттық дәстүрлерге сай мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде жетілдіру көкейкесті мәселенің негізін құрайды.

Күні бүгінге дейін жарық көрген ғылыми-зерттеу еңбектеріне жасалған талдаулар бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі проблемасының арнайы зерттеу нысаны болмағандығын дәлелдейді.

Ғылыми педагогикалық еңбектер мен педагогикалық тәжірибеде мектеп пен отбасының әрекеттестігі тұтас педагогикалық үрдістегі атқаратын негізгі қызметтерін саралауға көмектеседі. Сондай-ақ, бастауыш мектептің оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларды тәрбиелеудің мектеп пен отбасының теориялық негіздерін айқындау ұлттық дәстүрлер негізіндегі тәрбие берудің алғышарттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің тиімді педагогикалық шарттары:

- «Бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік» ұғымдарының мағынасын, құрылымын анықтап, нақтылауға мүмкіндік туғызады;
- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің теориялық моделін ұсынуға мүмкіндік береді;
- 4-сынып оқушыларын отбасы мен мектептің байланысында тәрбиелеудің педагогикалық шарттары анықталып, педагогикалық эксперимент жұмысының нәтижелері оқу-тәрбие үрдісінде дәлелденді.

Бастауыш мектептің гуманитарлық пәндерінің оқу бағдарламасына енгізілген мектеп пен отбасының тәрбие құндылықтары білім мазмұнын тереңдетіп, теориялық білімдерін кеңейтіп, қазақстандық патриотизм туралы түсінігін қалыптастырып, танымдық және өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігін жетілдіреді.

Сондай-ақ «Ұлағат» арнайы курсы және «Өнегелі ұрпақ» тәрбие клубын оқу-тәрбие үрдісінде жүргізу балалардың өз отбасы, туған жері туралы этномәдени түсінігін тереңдетіп, Отан қорғау, ерлік туралы қызығушылық сезімінің оянуына ықпалын тигізеді.

Онлайн кезінде мектеп пен отбасының арасындағы бірлестікті нығайту мақсатында «Мектеп» сайтына «Ата-аналар мектебі» қосымшасы құрылып, ата-аналармен әртүрлі формада жұмыстар жүргізілді.

Мектептегі тәрбие жұмысына тиімді ендірілген отбасы тәрбиесінің түрлері мен формалары (сынып сағаттары, топсеруендер, тренингтер, пікірсайыстар, т.б.) оқушылардың оқу үрдісіндегі теориялық білімдерін практика жүзінде іске асыруға, шығармашылық ізденіс іскерлігін жетілдіруге көмектеседі.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 2022 жылы ғылыми кеңесшілер мен бірлестікте «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» атты оқу құралы әзірленіп, баспадан шығарылды. Оқу құралында бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруға қажетті ақпаратпен қатар, ата-аналарға арналған кеңестер мен сауалнамалар берілген. Құралдағы жинақталған материалдар мұғалімнің ата-аналармен қарым-қатынасты, тәрбие әдістері туралы диагностика мен дамытушылық, ағартушылық жұмыстарын жасауға мүмкіндік береді. Оқу құралы «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білімгерлерге педагогикалық іс-тәжірибеден өту кезінде және болашақ кәсіби қызметінде ата-анамен іс-әрекетті жүзеге асыру құзыреттілігін меңгеруге көмектеседі. Оқу құралы педагогтар даярлайтын жоғары оқу орындарының оқытушыларына, білімгерлеріне және бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған. 2022-2023 оқу жылында оқу құралы білім беру үрдісіне енгізілді (Ендіру актісі қосымшада берілген).

Сол сияқты «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» атты электронды оқулық жарық көрді, 3 авторлық куәлік иелендік.

Сонымен қатар, 2023-2024 оқу жылында «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің оқу бағдарламасына «Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» пәні енгізілді және «Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» пәні бойынша жаппай ашық онлайн курс әзірленіп, авторлық куәлік алынды.

Осы әзірленген еңбектердің бастауыш сынып мұғалімдері мен студенттерге пайдасы зор және диссертациямыздың практикалық құндылығын жоғарылатады деген ойдамыз.

Болашақта осы ғылыми еңбектің жалғасын табу мақсатында монография дайындау жоспарымызда бар.

Бүгінгі күні бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі мәселесінің шешімін табуда мынадай проблемаларға тоқталғанды жөн деп білеміз:

- Жалпы білім беретін орта мектептің оқу-тәрбие үрдісінде «Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» принциптерін ескеру қажет;
- Қазіргі кезде сапалы білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының оқу бағдарламалары мен оқулықтарына отбасы тәрбиесі, ұлттық құндылықтарға арналған тақырыптар енгізу туралы нұсқаулар енгізген жөн;
- Оқу-тәрбие үрдісінде отбасы тәрбиесі мәселесін үздіксіз жүргізу;
- 4-сыныптарға арналған «Ұлағат» арнайы курсына бастауыш мектептің оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен қолданған тиімді;
- Зерттеу нәтижелерін жоғары педагогикалық оқу орындарында, жалпы білім беретін орта мектептердің оқу-тәрбие жұмыстарында пайдалану қажет;

- Жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып оқушыларына отбасы тәрбиесіне арналған тәрбие материалдарын жүйелі, кешенді енгізген жөн.

Біздің зерттеу жұмысымыздың теориялық, әдіснамалық, тәжірибелік мақсаттағы жұмыстарды талдай келіп біз төмендегідей ұсыныстарды негізге аламыз:

- Мемлекеттік деңгейдегі «Адал Азамат» тәрбиелеудегі бастауыш сыныптың тәрбие үдерісінде «Тәрбиелі бала» тұжырымдамасын енгізудің алғышарттары жасалды;

- Бабалар тағылымын тәрбие сағаттарында үнемі қолдану;

